Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 373.3.091.12 Қолжазба құқығында

**РЫСБАЕВА АРДАК КУАНЫШОВНА**

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІЗГІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
п.ғ.к., қауымд.проф.
Г.Т.Сәдуақас

Шет елдік кеңесші
доктор, проф.
Айшегюль Байрактар
(Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

## МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР** 3
**АНЫҚТАМАЛАР** 4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** 6
**КІРІСПЕ** 7
**1.БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІЗГІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**
1.1 «Ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігінің мәні және олардың зерттелу жайы 16
1.2 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері 28
1.3 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары 50
**2. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІЗГІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ**
2.1 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері 65
2.2 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру мүмкіндіктері 74
2.3 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі 82
**3 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІЗГІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ**
3.1 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру диагностикасы 96
3.2 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру әдістемесі 119
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері 140
**ҚОРЫТЫНДЫ** 156
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** 159
**ҚОСЫМША** 170

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары (Стратегиялық даму жоспары жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен).

Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2020 ж.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., № 319-III ҚРЗ.- Астана. Ақорда.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы).

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2018 http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). –Астана, 2018http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарға арналған «Дүниетану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)-Астана, 2018 жыл. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669 03.08.2022

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)-Астана, 2018 жыл. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015982 13.11.2017

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарға арналған «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)-Астана, 2018 жыл. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669 03.08.2022

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарға арналған «Жаратылыстану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)-Астана, 2018 жыл. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669 03.08.2022

# АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

*Ізгілік* – адам баласының өз өмірінің мәні мен түрін анықтауға құқы және міндеттемесі бар екенін танытатын демократиялық, этикалық өмірлік ұстаным, адамдарды сүю, жақсылық жасау, жанашыр болу, барлық адамзат баласын бауырым деп қарау.

*Қарым-қатынас* – біртұтас материалдық әлеммен детерминденген барлық құбылыстардың өзара байланыстарының қажетті элементі.

*Ізгілікті қарым-қатынас* – жеке тұлғаның бойындағы ізгілікті әрекеті, мінез-құлқы, ізгілікті білімдер жиынтығы.

*Ізгілікті қарым-қатынас мәдениеті* – мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, адамгершілік сезімді дарыту және дамыту.

*Интеграция* – оқушылардың дүниеге біртұтас көзқарасын қалыптастыруда тұтастықты құраушы бөлшектердің жаңа сапаға біріктірілуі және тәртіптелген қызмет етуі.

*Статикалық күйдегі интеграция* – жекелеген элементтердің белгілі бір тұтастыққа байланысып орналасқан күйі.

*Динамикалық қозғалыстағы интеграция* – жекелеген элементтердің біртұтастықты құрауға кірігу үдерісі.

*Пәнішілік интеграция* – бір пәннің мазмұнындағы тақырыптардың, тақырыптардағы білім мазмұнының, ұғымдардың, дағдылардың т.б. өзара кірігуі.

*Пәнаралық интеграция* – екі немесе одан да көп пәндердің білім мазмұнындағы деректердің, ұғымдардың, қағидалар мен ұстанымдардың, дағдылардың т.б. өзара кірігуі.

*Транспәндік интеграция* – негізгі білім беру мазмұны мен қосымша білім беру мазмұнындағы компоненттердің жинақталып, синтезделуі.

*Тізбектелген сабақ* – бұл түрлі пәндерден алынған ортақ мәліметтердің бірінен соң бірінің тізбектеле берілген және интегративтік үдерістің горизонталды түріне бейімделген интегративті сабақ түрі.

*Қаттастырылған сабақ* – білімдік ақпараттың жай кеңеюі емес, күрделі логикалық міндетті шешіп, келесі сатыға көтерілгенін оқушы сезінетін, түсінетін қадамдар жасатуға дағдыландыратын және интегративтік үдерістің вертикалды түріне бейімдейтін интегративті сабақ түрі.

*Шиыршықталған сабақ* – жоғары және кеңейтіле дамып, толықтырылып отырылатын, эвристикалық ізденіс жолымен жүре отырып, нәтижесінде теориялық белгілі бір ереже жасау, ол ережеден ары қарай жүре отырып, жаңа ақпарат алу интегративті сабақ түрі.

*Кіріккен сабақ* – оқу-танымдық әрекеттің негізгі деп таңдап алынған біреуіне басқа әрекеттер түрі біртіндеп қосыла отырып, нәтижесінде өзара кіріге келе, мүлде жаңа нәтижеге қол жеткізетін интегративті сабақ түрі.

*Панорамалық сабақ* – бастауыш сынып мұғалімінің екі не үш пән бойынша балалардың тыңдауына әсерлі, көруіне танымдық қызықты, қабылдауына өте қолайлы етіп ұйымдастыратын интегративті сабақ түрі.

*Интегративтік курс* – міндетті оқылатын пәндердің білім мазмұны негізінде мұғалімнің бір тақырып бойынша бірнеше пәннен біріктіріп әзірлеген факультативтік курсы.

# БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ҚазҰПУ– Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

БМ – бастауыш мектеп

БС– бақылау сыныбы

ТС – тәжірибелік сынып

БСОІҚҚИНҚ – бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру

т.б. – тағы басқа

Экс.дейінгі Бақ.т. – экспериментке дейінгі бақылау тобы

Экс.дейінгі Тәж.т. – экспериментке дейінгі тәжірибе тобы

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Қазіргі жаңа Қазақстанды құру жағдайында адамзаттық, ұлттық ізгіліктер мен құндылықтар жүйесін жаңадан ойлап табуды емес және қайта бағалауды емес, есесіне, қазақстандық құндылықтар жүйесін басқаша етіп құру жолдарын қарастыру қажеттілігі артып отыр. Ал бұл білім беру жүйесіндегі бастауыш мектептің әрбір оқушысының ғылыми тұрғыдан негізделген ізгілік мазмұнындағы білім алуын қамтамасыз етуді, қоғамымыздың ізгі бағытта дамуын талап етеді.

Осыған байланысты білім беру мазмұнын реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында, әр уақытта сөйлеген сөздерінде заманауи педагогиканың даму бағдарлары ұлттық құндылықтар тұрғысында қарастырылу керектігі көрсетілген. Президент осы саладағы міндеттерді: «Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс», – деп атап көрсетті. Сонымен қатар «Отандық білім саласы туған жеріне, қоршаған ортаға, өз тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі» тиіс екені міндеттелген [1]. Осы белгіленген міндет өз кезегінде жас ұрпақты ізгілікті қарым-қатынасқа тәрбиелеудің маңызын және бастауыш білім мазмұнын ізгілендіру қажеттілігін арттырады.

Осы айтылғандар бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндері интеграциясы негізінде қалыптастырудың өзекті екенін танытады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде бүгінгі күні барлық деңгейі мен қырында өзгерістер мен қарқынды даму бағыты байқалуда. Сондай қарқындылықтың бір арнасы білім беру жүйесіндегі интеграция үдерісімен байланысты. Білім беру үдерісіндегі интеграция қарапайымнан күрделіге қарай жүре отырып, өмір құбылыстарын біріктіре, өзара байланыстыра тануды білдіреді. Оқушының білім алуы арқылы өмірдің сан қырының сырын біліп қана қоймай, ол құбылыстардың болмысын адам өміріне пайдалы етудің жолдарын да біліп өсуі тиіс екені белгілі. Осынау құдіретті, бірақ соншалықты нәзік өмірді сақтау мен бағалау үшін әрбір танылған білім нысанына деген құрмет пен білімінің нәтижесінде, жалпы тіршілік иелеріне, адамға, қоғамға, табиғат дүниесіне ізгілікті қарым-қатынас орнату білім, үйрену арқылы келетін қасиеттер екені анық.

Бастауыш сыныптан бастап оқушы дүниені біртұтас қабылдауы арқылы өзі үшін де, қоғам үшін де, табиғат үшін де ең маңыздысы ізгілікті қарым-қатынас екенін ұғынып өсуі керек. Пәндерді интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушысының дүниені біртұтас етіп тану тәжірибесі қалыптастырылады. Ал біртұтас танылған дүниенің адам өмірі үшін соншалықты маңызды екенін оқушылар ізгілікті қарым-қатынас жасау тәжірибесін үйрену арқылы түсіне алады. Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық

жобасын жүзеге асырудың бір сапалы бағыты пәндерді интеграциялай оқыту деп санаймыз [2]. Осы бағытта әдіснамалық және теориялық негіздері анықталған арнайы әдістемелік жүйе жасалынуы уақыт талабымен үндес келіп отыр. Өйткені қазіргі кезең адам баласының мына Жерді, Өмірді, Адамның қадірін біртұтастықпен түсіне алмай, бөлшектеп танудың салдарынан Әлемнің бір компоненті жойылса, қалғанына да сол жол тұрғанын түсінуден қалып барады. Бейбітшілік деген сөз жай пафосқа айналып кетпеуі керек, шындығында ол сөздің мағынасы Жерді, Адамды, Әлемді тұтас түрде аман сақтап, оған ізгілікті қарым-қатынас жасау дегенді білдіретіні ұмытылып бара жатқандай. Бір жағынан, пәндердің бөлек-бөлек оқытылуы Абайдың «суық ақыл» мен «нұрлы ақыл» деп бөлуінің себебін түсіндіреді деп ойлаймыз. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» керектігін айтқан Абай осы сөзімен интеграцияның түп тамырын мегзеп тұр деп санаймыз.

Бастауыш сынып оқушысының өзіне, өзгелерге, тұтас қоғамға, табиғатқа, жалпы өзін қоршаған ортаға деген ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде оқыту тұрғысынан қарай отырып, «ізгілікті қарым-қатынас» және «интеграция негізінде оқыту» ұғымдарының өзара тығыз байланысты екендігіне тереңнен назар аудару керек. XXI ғасырдағы өркениеттің дамуындағы бағыттар, көп жағдайда, қоғамдық өмір мен адамның құндылығын түрлі елде әр түрлі көзқараспен карауға алып келіп отыр. Бұл, бір жағынан, алдыңғы өткен ғасырлардағы ізгілікті қарым-қатынастың жалпыадамзаттық құндылық ретінде түрлі елде түрліше бағытта қалыптастырылуынан деп ойлаймыз. Екінші жағынан, білім беру жүйелерінің барлығында бөлек-бөлек пәндердің ұстанымдары канондандырылып, өмірдің тұтастығын, құбылыстар мен материалдық дүниелердің барлығы, түптеп келгенде, бір ғана Адам баласының жақсы өмірі, бейбіт өмірі үшін қызмет етуіне жол ашу керектігін ұмыттырып бара жатыр.

Әрбір пән белгілі бір ғылым саласының нәтижелерінен сусындайтыны белгілі. Ал жекелеген ғылым салаларының өзі тереңдеген сайын басқалардан алшақтап, дерексізденіп, мектепте білім беру үдерісіне де кері әсерін тигізуде. Пәндік білім мен пәндік бағалау оқушылардың ішінде де математиканы жақсы білсе, ол ең дұрыс оқушы, нашар білсе, орташа оқушы деген көпе-көрінеу алалауға әкеліп отыр. Ізгілік философиясы тұрғысынан, ол оқушылардың жақсы екендігі, математиканы орташа білгені үшін ешкім олардың өміріне байланысты байламдар жасай салуға құқы жоқ екені, өкінішке орай, мектептерде ескерілмей келеді. Біздің елімізге, адамзат қоғамына керекті тұлға – өзіне де, өзгеге де, қоғам мен табиғатқа да жанашыр ізгілікті қарым-қатынас жасайтын адам. Сондықтан интеграция негізінде оқытуда бастауыш сынып оқушысының ізгілікті қарым-қатынасын сырттай үйретуге емес, өзін басқалар қадірлейтінін көре отырып, ізгілікті іштен шығаруын мүмкін ететін ізгілікті әдістеме қолдану қажет. Жаңа заманның білім беру философиясы біртұтас дүниені сол біртұтас күйінде тану мүмкіндіктерін айқындап беруі тиіс. Сонда ғана түрлі пән ретінде оқыса да, әр пәннің бойында тұтастықтың дәні айқын тұруы керек.

Алайда, қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерін интеграциялау арқылы қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері жасала қойған жоқ. Екіншіден, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерін интеграциялау арқылы қалыптастырудың теориялық негіздерінің анықталмауы және оны ендіру механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді.

*Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.* Бастауыш сыныпта интеграция негізінде оқытуда оқушыны ізгілікті қарым-қатынасқа тәрбиелеудің, ізгіліктілік, адамгершілік, моралдық құндылықтарды меңгертудің *жалпы-әдіснамалық және әлеуметтік-философиялық, педагогикалық аспектілері* Әбу Насыр Әл-Фараби [3], Жүсіп Баласағұни [4], Қожа Ахмет Яссауи [5], Абай Құнанбайұлы [6], Ыбырай Алтынсарин [7], Ахмет Байтұрсынұлы [8] еңбектерінен бастау алады.

Сонымен бірге Я.А.Коменский, Ж.Руссо, И.Гербарт, К.Гельвеций, Д.Дидро, К. Ушинский, И.Яковлев, Л.Толстойдың ізгілік туралы идеялары олардың педагогикалық еңбектерінде қарастырылады.

Балалардың дүниетаным тұтастығын қалыптастыруға байланысты Әбу Әли Ибн Синаның пікірлері, білім беру мен этикалық және тәрбиеге қатысты Имам әл-Ғазалидің көзқарастары түркі тілдес елдерде кең зерттеліп келеді [9], [10], [11], [12].

Пәнаралық байланысты зерттеудегі негізгі тұғырларды жан-жақты талдау, білім беру үдерісінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру және тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесі А.Бейсенбаева [13], Ә.М. Мұханбетжанова [14], К.Ж. Жүнісова [15], Ж.А. Қараев [16], Т.С. Сабыров [17], Р.М. Қоянбаев [18], Р.К. Бекмағамбетова [19], Қ.Т. Ыбраимжанов [20], Г.Шолпанқұлова [21], Н.А.Оразахынова [22], Т.Б. Байназарова [23], Н.С.Алгожаева [24], Б.М.Жапарова [25] , А.Д.Болтаев [26], Ж.А. Жұмабаева [27], Р.А.Дарменова [28], Ә.М.Шарзадин [29], А.А.Куралбаева [30], С.А.Фейзулдаева [31], Ж.М.Саурыкова [32], Д.Ж.Кішібаева [33], Ш.А.Убниязова [34], Г.К.Меңдіғалиева [35] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерделенген.

Пәнаралық байланысты оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыратын педагогтерді даярлау мәселесін зерттеу В.В. Сериков [36], Е.В. Соколова [37], И.И. Гончарова [38], Б. Сайлыбаев [39], М.А. Кененбаева [40], Г.Б. Нурадин [41], М.З. Джанбубекова [42], Түркменбаев Ә.Б. [43], Т.П. Досанова [44], Г.З. Сауытбаева [45] және т.б. ғалымдар еңбектерінің арқауы болған.

Қоғамның, ғылымның, білім беру жүйесінің дамуында интеграцияның алатын орны зор. Білім мазмұнын интеграциялау арқылы жаңа сапалы деңгейге шығу жолдарын қарастырған ғалымдардың еңбектерін талдау барысында, бастауыш мектептегі білім беру мазмұнының интеграциялануға ыңғайлы екенін және бастауыштан бастап интеграциялық негізде оқытудың қажетті екеніне көз жеткіздік.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерге жасалған талдау бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы

негізінде қалыптастыру мәселесінің зерттелмегенін көрсетті. Проблеманың өзектілігін талдау барысында бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыруды жүзеге асыруда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында оның теориялық және практикалық негізделуі арасында *қарама-қайшылықтар* бар екендігі айқындалды:

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыруды жалпы білім беретін мектептің бастауыш білім беру үдерісіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы арасында.

Айқындалған қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысымыздың негізгі мәселесін анықтады, ол бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау және оның тиімді әдістемесін ұсынып, практикада жүзеге асыру қажеттілігімен анықталады. Аталған қарама-қайшылықтардан туындаған зерттеу мәселесі бізге тақырыпты **«Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру»** деп таңдауға негіз болды.

**Зерттеу мақсаты:** бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыруды теориялық негіздеу, моделін жасау және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеу нысаны:** жалпы білім беретін мектептің бастауыш білім беру үдерісі

**Зерттеу пәні:** бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру

**Зерттеу болжамы** – *егер* бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың теориялық негіздері мен компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері айқындалса, аталған қалыптастыру үдерісінің педагогикалық мүмкіндіктері анықталып, оларды жүзеге асырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалса және тәжірибеге ендірілсе, *онда* бастауыш сынып оқушыларының мотивациялық-қажеттілік, танымдық-интеграциялық, тұлғалық-мінез-құлықтық сапаларының дамуына және біртұтас дүниетаным көзқарасы негізінде ізгілікті қарым-қатынасын қалыптасуына қол жеткізу мүмкін болады, *өйткені* бастауыш білім мазмұнын интеграциялаудың нәтижесінде бастауыш сыныпта интеграцияланған жүйелі білім беру барысында оқушының ой-санасында қалыптасқан дүниенің тұтас ғылыми бейнесін оқушыда өзіне және қоршаған ортасына деген ізгілікті қарым-қатынасын оятады.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау.

2. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау;

3. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктерін көрсету.

4. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы.** Қазіргі бастауыш сыныптағы жас ұрпақты ізгі адам деп, ең жоғары құндылық деп бағалап, бастауыш білім беру үдерісінде дүниені бөлшектеп емес, интеграция негізінде біртұтас тануына мүмкіндік жасау оқушы бойында ізгілікті қарым-қатынас қалыптастыруға септігін тигізеді.

**Зерттеу көздері:** Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары, Білім және ғылым министрлігінің бастауыш білім беру мәселелері туралы нормативті құжаттары мен оқу кешендері (тұжырымдамалар, стандарттар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); зерттеу тақырыбы бойынша философ, психолог, педагог, ғалымдардың еңбектері; интеграция, пәндер интеграциясы, интегративтік оқыту, ізгілікті педагогика, ізгілік философиясы, білім беру философиясы, пәнаралық байланыс, бастауыш мектеп педагогикасы мен психологиясы, бастауыш сыныпта пәндерді оқыту әдістемелерінің теориялық және практикалық мәселелерін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен еңбектері; бастауыш мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелері, ғылыми мерзімді басылымдар, интернет-ресурстар, автордың педагогикалық және ғылыми-зерттеу тәжірибесі.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері.**

Зерттеу жұмысының *бірінші кезеңінде* (2018-2019 жылдар) диссертацияның тақырыбы бойынша отандық және шетелдік философиялық, педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, әдістемелік-дидактикалық тұрғыдан ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен зерттеу жұмыстары жинақталып, оларға ғылыми талдаулар жүргізілді. «Ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен мәселелері бойынша талдаулар жасалынды. Зерттеу жұмысының әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздері жүйеленді.

Зерттеу жұмысының *екінші кезеңінде* (2019-2020 жылдар) бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың мүмкіндіктері мәселесі бойынша, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау бойынша ізденістер жасалынды, талдаулар жүргізілді, нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі анықталды.

Зерттеу жұмысының *үшінші* кезеңінде (2020-2021 жылдар) бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде

қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары ұйымдастырылып өткізілді. Арнайы әзірленген авторлық «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені» тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау, оқыту-қалыптастыру, бақылау кезеңдерінен өткізіліп, сыналды. Нәтижелері бойынша математикалық статистика тұрғысынан талдаулар жасалынып, әдістемелік ұсыныстар әзірленді. Диссертация мәтіні түзіліп, ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша қорытынды жасалынды.

**Зерттеу әдістері:**

– зерттеу жұмысында келесі теориялық әдістер қолданылды: талдау, жинақтау (анализ бен синтез), контент-талдау, индукция, дедукция, салыстыру, нақтылау, жүйелеу, жіктеу (классификациялау), модельдеу;

– зерттеу жұмысында келесі эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды: бақылау, тексеру, бағалау, сауалнама, тестілеу, диагностикалау әдістері эксперимент әдісі, математикалық статистика әдістері.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері:** таным теориясы, тұлға теориясы, іс-әрекет теориясы, жүйе теориясы, ізгілік философиясы, білім беру философиясы, даму философиясы, коммуникация теориясы, әлеуметтану, синергия теориясы, гуманистік педагогика, тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы, дидактика, жобалау теориясы, интеграция теориясы, жаңа педагогикалық технологиялар теориясы.

**Зерттеудің базасы:** Ақтөбе қаласындағы Б.Момышұлы атындағы №62, №65 жалпы білім беретін орта мектептерінің бастауыш сынып оқушылары.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:**

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалды;

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:** зерттеу жұмысының нәтижесінде әзірленген «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешенін бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарында және зерттеу жұмысының нәтижелерін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын жоғары оқу орындарында элективті курс ретінде пайдалануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

1. Ізгілікті қарым-қатынас – болашақ ұрпақты адалдық, парасаттылық, шыншылдық сынды қасиеттерге, халық даналығын жоғары бағалауға тәрбиелеу, даналар салған ашық жолмен жүрудің сенімді әдістерін меңгерту, ізгілікті мазмұндағы білімді белсенді алу үдерісі.

«Ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» мен «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың» ұғым, түсінік ретіндегі нақтыланған мәні мен оның құрылымы оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негізін жасаудың базасы болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру – оқу пәндерін интеграциялау арқылы дүниені біртұтас тану үдерісі және сол арқылы әлемнің, өзін қоршаған ортаның тұтас бейнесін санасында ізгілікті әрекет, мінез-құлық, ізгілікті білімдер жиынтығы ретінде кіріктірілген тұлғалық сапаларының көрініс табуының кешені.

2. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру үдерісі мотивациялық-қажеттілік, танымдық-интеграциялық, тұлғалық-мінез-құлықтық құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштердің біртұтастығы негізінде қарастырылады.

3. Зерттеу барысында анықталған педагогикалық мүмкіндіктер интеграциялық негізде оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасының қалыптасуын интеграцияны оқу мақсаты, оқу құралы ретінде тану тұрғысында қамтамасыздандырады.

4. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесін құрайтын «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені, интегративті әдіс оқушылардың өз ішкі мүмкіндіктерін, оқу-танымдық әлеуетін жетілдіруге және ізгілікті қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін іске асыруға деген ішкі ұмтылысын, мотивациясын дамытуға жол ашады.

**Зерттеу нәтижелерінің жариялануы және ендіру.**

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 15 мақала жарық көрді. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда:

1. «Formation of humanistic relations of primary school students». Cypriot Journal of Educational Sciences, Volume 16, Issue 5 (2021) 2742–2751, ISSN: 1305-905X (Co-authored by: Saduakas G., Shaizhanova K., Kubiyeva B., Adilshinova Z., Orazbaev E., Uteshkalieva A.)

Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3-еуі жарияланды:

1. Оқыту процесінде интеграция негізінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруда дүниетану пәнінің мүмкіндіктері.//«Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журнал. – № 8/2. – 2019. – Б.117-123.

2. Қазіргі қоғамда оқушы бойында ізгілікті қарым-қатынасты қалыптастыру.//«Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журнал. – № 11. – 2019. – Б. 212-214.

3. Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасын ізгілікке бағыттай отырып тәрбиелеу // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. «Педагогика. Психология. Әлеуметтану» сериясы. – № 2(135). – 2021. – Б.164-171.

Шет елдік және Отандық халықаралық конференция материалдарында басылымдарда 11 мақала жарық көрді:

1. Ұлттық құндылықтар арқылы ізгілікке тәрбиелеу // IX Халықаралық әлеуметтік ғылымдардың «Қытайдан Адриатқа» Конгресі мен Халықаралық Наурыз саммиті, 20-23 наурыз. –2019. – Б.476-484. Анталия/ Түркия (Г.Т.Сәдуақас).

2. Requirement of civilized development-humanization of society//8th international symposium on social studies education, november 7-9. – 2019. – P.336-341. Ankara/ Turkey.

3. The upbringing of the humane relations among primary school pupils//"Innovation Management and Technology in the Era of Globalization": Materials of the VII International Scientific-Practical Conference January 8-10. – 2020. –P.117-120, UK Volume II London (Г.Т.Сәдуақас 20).

4. Ізгілікті көзқарас қалыптастыру – ұрпақ тәрбиесінің бастауы // «Innovation Management and Technology in the Era of Globalization»: Materials of the VII International Scientific-Practical Conference January 8-10. – 2020. –P.220-224. –UK Volume II London.

5. Условия формирования гуманистических взаимоотношений младших школьников в ученическом коллективе // Вестник науки, «Инновации науке и практике» сборник статей по материалам XII международной научно-практической конференции, Часть 3(4), 26 ноябрья. –2018. –Россия, Барнаул. – С.190-197 (Г.Т.Сәдуақас, А.К.Ербулатова).

6. Жеке тұлғаның бойында қарым-қатынастың ізгілікті бағдарын қалыптастыру // V Международная научно-практическая конференция «Современные технологии: актуальные вопросы, достижения и тенденции развития», март. –2019. – С.102-104, Россия, Стерлитамак (Г.Т.Сәдуақас).

7. Особенности межпредметной связи в начальной школе// Вестник науки, «Актуальные вопросы в науке и практике» сборник статей по материалам XV международной научно-практической конференции. –Россия, Самара. – 1 марта, 2019.– С.184-189.

8. Қазіргі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану// V Международная научно-практическая конференция «Современные технологии: актуальные вопросы, достижения и тенденции развития». – Россия, Стерлитамак. –март 2019. – С.131-134. (Төлегенова К.Н.).

9. Оқыту процесінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері//«Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселелері: дәстүр және инновациялар» Еуразиялық

педагогикалық университеттер қауымдастығының халықаралық форумы. – Алматы: ҚазҰПУ. – 2018. – Б.171-174.

10. Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеу//«Білім және ғылымдағы инновациялар: жаңа талаптар» тақырыбындағы III Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары 30 мамыр 2019. – Б.123-127. (Г.Т.Сәдуақас, Жанкушков Б.О.)

11. Ізгілікке тәрбиелеу-ізгі парыз//«Педагогикалык инновациялар заманауи білім беру жүйесін дамыту ресурсы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. –Ақтөбе. –2019. – Б.929-931.

**Диссертация жұмысының құрылымы мен көлемі.** Диссертация жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Жұмыстың жалпы көлемі – 171 бетке компьютермен теріліп басылған. Жұмыстың мазмұнында 27 кесте, 71 сурет берілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 197 аталымнан тұрады.

**Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі** отандық және шет елдік тарихи педагогикалық, психологиялық-педагогикалық еңбектердегі теориялық-әдіснамалық қағидаларды басшылыққа алуымен, тұжырымдарға негізделуімен, зерттеудің мақсатына сай теориялық, эмпирикалық әдіс-тәсілдерді қолдануымен, алынған нәтижелерді қорытындылауымен қамтамасыздандырылды.

# 1 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІЗГІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 «Ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігінің мәні және олардың зерттелу жайы

Қазақстан Республикасы Конституциясында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп атап көрсетілген [46].

Адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы екендігі атап көрсетілген еліміздің Конституциясына сүйене отырып, білім беру мен тәрбиелеу үдерісінде де осы бағытты, яғни адамды қолдайтын, адамгершілікті, адами, ізгілікті қарым-қатынасты тәрбиелейтін, қалыптастыратын педагогикалық жүйенің ғылыми және практикалық мәселелерін зерттеуді күн тәртібіне қою қажеттігі туындайды. Заман дамуымен бірге пайда болған ғылыми-техникалық жаңалықтардың, әлеуметтік-қоғамдық, саяси-экономикалық өзгерістердің барлығы да ғылыми-педагогикалық сараптама арқылы жас ұрпақтың ізгілікті қоғам құрудағы сусындайтын ізгі мазмұндағы білім қорына айналып отыруы тиіс.

Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында: «Қоғамды ізгілендіру – XXI ғасырдың табалдырығындағы өркениетті дамудың талабы, мұның өзі әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді нысандарына қол жетуіне байланысты болып отыр. Әрі бұл қатынастарда алдымен әлемнің тұтқасы ретінде адам аса айшықтана көрінуге тиіс» [47], – деп, болашақ ұрпаққа білім берумен қатар ізгіліктілікке тәрбиелеу мәселесін алға қояды. Бұл мәселенің қазақстандық білім беру жүйесінде Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда, нақты айтсақ, 1995 жылдан бастап қолға алына бастағаны бәрімізге белгілі.

Заманауи ғылым дамуында орын алып отырған жетекші үрдіс – ғылымның адамға қарай бетбұрыс жасауы. Өркениетті қоғамның жетекші идеясы оның асқақ ізгі мәні адамды ең жоғары құндылық деп бағалауы, жеке тұлғаның өмірлік қуатының гармониялық дамуы және рухани әлеуетінің өсуі болып табылады. Адам қоғамдық дамуды бағалаудың өлшемі ретінде ізгілік идеалы ретінде танылады. Осы идеалға қарай қарқындай жүру дегеніміздің өзі қоғам өмірін ізгілендірумен байланысты болып келеді, қоғам өмірінің барлық жоспары мен қамқорлығының орталық қазығы ретінде адам, оның өмірлік қажеттіліктері мен мүдделері тұрады. Жеке адамның мүддесі қандай екендігі, қызығушылықтары қандай екендігі, қажеттіліктері қандай екендігі, қандай құндылықтарды басшылыққа алатындығы тұтас қоғамның тағдырына да, жеке адамның өміріне де әсерін тигізеді.

Адамзаттық негізгі ортақ құндылықтар, атап айтсақ, өмір, денсаулық, махаббат, бейбітшілік, табиғат, әсемдік, ізгі білім, жайлы жұмыс, берекелі

кәсіп адамзат қоғамының дамуындағы барлық кезеңінде тұрақты құндылықтары болып саналып келді. Бұл құндылықтардың өзегінде жатқан ізгілік дәндері адам баласы тарихының барлық жолында сақталып келеді. Қандай да бір қоғамда мәдени-тарихи дәстүрлер әлсізденіп, технократтық үрдістер қарқындай бастаған кезде ізгілік дәндерінің де қуаты азая бастайды, рухани құндылықтар төмендейді, түрлі теріс құбылыстар бас көтере бастайды.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі демократиялық жаңа белеске ұмтылу жағдайында адамзаттық, ұлттық ізгіліктер мен құндылықтар жүйесін жаңадан ойлап табуды емес және қайта бағалауды емес, есесіне, қазақстандық құндылықтар жүйесін басқаша етіп құру жолдарын қарастыруымыз керек. Қазақстанның дамуын әрбір қазақстандықты ескермей жоспарлау қоғамымыздың дамуындағы ізгілік іргетасын қаламаумен бірдей. Нақ осылай, білім беру жүйесіндегі бастауыш мектептің әрбір оқушысының ғылыми тұрғыдан негізделген ізгілік мазмұнындағы білім алуын қамтамасыз етпей, қоғамымыздың ізгі бағытта дамуын, болашақ қоғамының ізгілік тамыры мықты болуын көздеу де мүмкін болмайды. Осындай көзқарас жүйесінде ғана ізгіліктілік заманауи қоғамдық дамудың жаһандық үрдісі ретінде танылады. Ал жалпыадамзаттық құндылықтар, атап айтқанда достық, шығармашылық, дербестік, ашықтық, төзімділік, мейірімділік, қайырымдылық, сабырлылық т.б. сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар ізгіліктілік мәнге ие бола бастайды.

Зерттеу пәнімізге сәйкес, ең алдымен, «ізгілік» ұғымының мәнін анықтау үшін оның сөздіктер мен ғылыми еңбектерде берілуіне тоқталамыз.

Энциклопедияда «ізгілікке» «адамның беделін құрметтеуді, адамдардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуді түсіндіретін көзқарастар, ой-пікірлер, өнер туындысы» [48] деген анықтама, және «адамгершілік, адамға деген сүйіспеншілік идеясын бейнелейтін көзқарас» [49] деген түсініктеме берілген.

«Философиялық тақырыптық сөздікте» «ізгілік» адам баласының өз өмірінің мәні мен түрін анықтауға құқы және міндеттемесі бар екенін танытатын демократиялық, этикалық өмірлік ұстаным ретінде анықталған [50], ал «Философия ғылымы. Негізгі терминдер сөздігінде» «ізгілікті» парасат пен азаттық рухымен адами және барлық басқа табиғи құндылықтарға негізделген ізгі қоғам құруға шақырады дей келе, «ізгілік» сөзінің этимологиялық түп төркіні (мәні) төмендегідей мазмұнда ашылған: «ізгілік (гуманизм) – латынның «humanitas», «humanus», «homo» деген сөздерінен аударғанда «адамгершілік», «адамшылық», «адам» деген мағынаны білдіреді [51].

Этикалық сөздікте «ізгілік» (лат. humanus – адамшылық) дүниетаным ұстанымы боп көрсетіліп, «оның негізіне адамның мүмкіндігінің шексіздігіне, өзін-өзі дамыту қабілеттілігіне деген сенім, ерік бостандығы мен абыройын қорғау, адамның барлық сұраныстарын қамтамасыз ету қоғамның түпкілікті мақсаты деген идея жатады» [52] делінген.

Ғалым К.А. Абдреимова: «ізгілік – адамды ізгілікті қарым-қатынасқа, қоғамның жалпыадамзаттық құндылықтарын бағалауға, дүниені және өзін-өзі танып-білуге, түсінуге, үнемі дамытуға ықпал жасайтын, ынталандыратын күш» [53], – десе, Г.К.Шолпанқұлова: «Ол – адамжандылық, оны жоғары

құндылық деп саналы бағалау, адамның табиғатқа, қоғамға, басқа адамдармен қарым-қатынасында көрінетін тұлғалық қасиеттердің жиынтығы» [54], – дейді.

Ұлы Абайдың өз өлеңдерінде де, қара сөздерінде де ақыл, жүрек, қайрат, ғылым туралы мәселеге үлкен орын беріп отырғаны белгілі. Адам баласының рақымшыл болуы, мейірбан болуы ізгі қасиеттер екендігі жөнінде «Он төртінші қара сөзінде» Абай былай айтады: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» [55]. Абайдың осы ойын ақынның өлеңіндегі «бес асыл іс» қағидасымен байланыстыра отырып, ізгілікті адамның қалыптасуына қажетті дидактикалық дәрежеге көтерілген ұстанымдарды анықтай аламыз. Оларды Абай былайша атап көрсетеді: «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой, Бес асыл іс көнсеңіз» [6]. Бұл аталған ұғымдар «ізгілік» ұғымының аясына енетін ұғымдар болып табылады.

Осы айтылған талдаулар мен көрсетілген қағидалар негізінде біздің тұжырымдауымызша, *«ізгілік» – адам бойында қалыптасатын тәрбиелік құндылықтарды, оны ішінде адамгершілік, рақымдылық, қайырымдылық, «бес асыл істі» қамтитын, философиялық мәні бар, адам тұлғасын құндылық деп тани отырып, адамзат қоғамын алға жетелейтін дүниетанымдық бағдардың қазығы»*.

Ізгіліктің болмысын тануда іс-әрекет ұғымының алатын орны зор. Өйткені адамның құндылығы оның тегімен немесе белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі болуымен емес, нақты іс-әрекетімен анықталады. Адамның іс-әрекеті өзін қоршаған басқа адамдармен және өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауы болып табылады. Адамның өз-өзіне, басқа адамдарға, табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынасы қоғамдық қатынастар түріне жатады. Ізгілікті қарым-қатынасы арқылы адам өзін психологиялық-әлеуметтік өмір иесі ретінде, тірі материяның биік формасы ретінде көрсетеді. Заманауи философиялық тұжырымдамаларға сүйенсек, қоғам дегеніміз – қарым-қатынастар жиынтығы [56].

Қарым-қатынастар дегеніміз – біртұтас материалдық әлеммен детерминденген барлық құбылыстардың өзара байланыстарының қажетті элементі. Адамдардың қарым-қатынасы ретінде адамның өзінен тысқары барлық ортамен, басқа адамдармен және өз-өзімен субъекті-субъектілік және субъектілі-объектілік байланысуы, ол байланысу қатынастар жасау, өзара әрекеттер жасау және мінез-қылық арқылы көрініс табады. Қарым-қатынастар дегеніміз – адамның өзін қоршаған ортамен, басқа адамдармен және өз-өзімен әрекет жасау барысында көрініс беретін жеке тұлғаның қасиеттері. Адамдар өзара бірлескен іс-әрекеттерінің қажеттілігі тудырған қарым-қатынас жасай отырып, танымдық немесе эмоционалдық ақпарат, тәжірибе, білім мен дағдыларды өзара алмасады. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар, күрделі, көпқырлы түзілім ретінде ішкі құрылымға, өлшемдерге, түрлерге ие болып

келеді. Қарым-қатынастың интерактивтік, коммуникативтік, перцептивтік қырлары және ақпараттық-коммуникативтік, реттеуші-коммуникативтік, аффективті-коммуникативтік қызметтері болады. Қарым-қатынастың педагогикалық қарым-қатынас, перцептивтік қарым-қатынас, жетекші қарым-қатынас деген түрлері болады [57].

Қоғамдағы қарым-қатынас түрлерінің бірі ретінде педагогика ғылымында ізгілікті қарым-қатынас қарастырылады. Ізгілікті қарым-қатынастың түпнегізінде Темірқазықтай болып мойындалған адамзат қоғамының құндылықтары тұратыны анық. Ізгілікті қарым-қатынас дегеніміз – ізгі сезімдерге негізделген қарым-қатынас [58].

Адамгершілік пен ізгілік туралы ілім – Сократтың философиясындағы өзекті мәселе. Білім мазмұнын адамгершілік пен ізгіліктің қайнар көзі деп қарастыра отырып, Сократ ізгілік пен білімге сүйенген парасаттылықтың табиғатта да, жеке адамда да, адамзат қоғамында да үстемдік құруын қалайды. Сократ өзінің диалогтік/эвристикалық әдісі арқылы таным процесіндегі субъект-субъектілік қарым-қатынас жағдайында үйлесімділік пен ізгіліктілік орнайтынын дәлелдегені белгілі. Сократ адамгершіліктің ең жоғарғы сатысы ізгілік деп атап көрсеткен [59].

Сократ жетекші ізгілік идеясы ретінде «Адам, сен, алдымен, өзіңді таны» деген идеяны қойғаны белгілі. Сократ философтардың ішінде өз шәкірттерін жеке адамның еркіндігі мен тұлғаның ізгіліктілік тұрғыдан жетілуін мақсат тұта отырып, сұхбатқа қатысушы тараптың әрқайсысының сыни ойлауға, ақиқатты іздеуде өзіндік сүрлеумен жүре алуға құқы бар екендігін өзінің эвристикалық әңгімелесу әдісімен дәлелдеді.

Платон өзінің «Мемлекет» атты трактатында баланың тәрбиесін адам өмірінің іргетасы ретінде қарастырады. Тәрбиеде балаға тым жұмсақ болмау керектігін айта отырып, Платон баланың намысына тимеу керектігіне баса назар аударады [60].

Адамгершілік тәрбиесі мәселелерінде өзіндік идеясын ұсынған Аристотель тәрбиелеу барысында балада ізгіліктілік дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулардың маңызы зор екенін айтады. Аристотельдің атап көрсетуінше, ізгіліктілік тәрбиесінің үш бастау көзі бар, олар – табиғи дарын, дағдыларды дамыту және парасат [61].

Ізгілік идеясы адам баласын табиғаттың бір бөлшегі деп қабылдай отырып, адамның тұлғасын құндылық деп тани отырып, адамзат қоғамын алға жетелейтін дүниетанымдық бағдардың қазығы болып табылады деп санайды. Білім беру мен тәрбиелеуге байланысты барлық дерлік еңбектерде ізгілік идеясы алтын сызықтай көрініс тапқан. Осының өзі баламен ізгілікті қарым-қатынас орнату қажеттілігінің ақиқаттығын танытады.

Білім – сан қырлы шынайы болмысты тану нәтижесі, болмыстың адам ойлауындағы сәулеленуі, тәжірибе мен түсінікті меңгеруі, солардың негізінде пайымдаулар мен ой түйіндерін құра білуі. Сонымен бірге, білім – бір нәрсе туралы ықтималдық пікірден айрықша болып табылатын дәйекті, ақиқат түсінік [62].

Білім адам баласын ізгілік жолын тануға, сол жолмен жүруде сенімді тірек болады. Бастауыш сынып оқушысының білім алуы жекелеген пәндерге бөлінбей, ой тұтастығы арқылы дүниені жүйелі және ізгілікті қарым-қатынас негізінде тану, сол арқылы әлемнің, өзін қоршаған ортаның тұтас картинасын санасында ізгілікті бейнеде қалыптастыра білуі оған әр уақытта және үздіксіз жаттықтырылуы арқылы мүмкін болады.

Әбу Насыр Әл Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындары туралы» трактатында былай дейді: «Қайырымды қала тұрғындарының білімі мен қызметінің бір объектілері жалпыға ортақ, басқалары белгілі бір дәрежедегі адамдарға ғана тән. Бұлардың әрқайсысы осы екі категориялы заттар арқылы, атап айтқанда, қаланың басқа тұрғындарымен қоса оған да ортақ нәрсе арқылы және оның өзімен дәрежелес адамдарға ғана тән қасиет арқылы бақыт шапағына жетеді. Егер бұлардың әрқайсысы осы істің бәрін орындайтын болса, ол өзінің осындай істерінен жан рақатын тауып, ізгілікке бөленбек. Ол осылайша неғұрлым ұзақ әрекет етер болса, соғұрлым жақсы; оның жаны жай тауып, ізгілік нұрына бөленбек. Мұның өзі жазу өнеріне ұзақ уақыт іждағатты жаттығу нәтижесінде адамның бұл өнерді жетік меңгеретіні сияқты, сөйтіп ол осымен неғұрлым ұзақ айналысса, бұл өнерге ол соғұрлым жақсы машықтанып, жетіле түспек. Және де осы қимылды ол үнемі қайталай бергендіктен, оның шеберлігі өсе бермек, осындай рухани халден келіп шығатын ләззат арта түспек, ал адамның өзі бұл өнермен бұрынғыдан да зор қуанышпен, сүйіспеншілікпен айналыспақ» [63].

Қазақстандық психолог ғалымдар Х.Т. Шерьязданова, Л.К. Ермекбаева, И.А.Әбеуовалар «қарым-қатынасты» адамның әлемге қатынасы, оның өмір сүру белсенділігі ретінде қарастырып, тек осы қарым-қатынас үдерісінде адамзат пайда болатындығын, адам мен адам өзара әрекеттескенде және қарым-қатынасқа түскенде ғана адам басқа адамға, өзгелерге, сондай-ақ өзіне ашылатындығын баса көрсетеді. «Қарым-қатынас адамның адами қалыпқа келуінің маңызды факторларының бірі болып, оның әлеуметтенуінің қажетті шартына айналады. Қарым-қатынас қоғам мен адам өмірінің барлық жағын қамтиды. Адам басқа адамдармен қарым-қатынассыз өз өмірін елестете алмайды, себебі оның өмірі бүкіл адамзаттың сақталуымен тікелей байланысты» дей отырып, «қарым-қатынастағы талап етілетін басты құндылық – оның ізгілікке негізделуі», – деген құнды пікірді алға тартады [64].

Ізгілік адамды бірінші орынға қоятын және тұлғаны ең жоғарғы құндылық деп қарастыратын тұжырымдама екенін айтып өттік. Ізгілік әрбір адамның жетілген тұлға болуына және қоғамдық құндылықтар негізінде өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Мұнан пайда болатын «ізгілікті қарым-қатынасты» Қ.Ф.Зағыпаров «басқа адамға сыйлы қатынас идеясы, өзгеге деген махаббат пен сүйіспеншіліктің көрінісі» екендігін көрсетеді [65].

Сондай-ақ, зерттеу барысында «ізгілікті қарым-қатынас» мәселесін қарастырған шетелдік зерттеулерді кестеге түсіріп, оларға талдау жасадық (1-кесте).

Кесте 1 – Шетелдік әдебиеттерде «ізгілікті қарым-қатынас» мәселесінің зерттелуі

| Ғалымдардың аты-жөні | Негізгі тұжырымдары |
|---|---|
| Волкогонов Д. А. | «ізгілікті қарым-қатынастың объективті (қызығушылығын, қажеттілігін, мақсатын жүзеге асыру) және субъективті (сезім, сенім, талпыну, себеп -салдар) жақтары қарым-қатынастың бірлігін құрайды» [66]. |
| Рубинштейн С. Л. | «ізгілікті қарым-қатынас адамның көзқарасынан, көңіл-күйінен, іс-әрекетінен көрінеді» [67]. |
| Петровский А. В. | «ізгілікті қарым-қатынастың психологиялық негізін (субъектінің) адамның өзін басқаның орнына ойша қойып, сол адамға ыңғайлы болатындай әрекет етуге дайын болуы құрайды» [68]. |
| Вейт М. А. | «тұлғаның ізгілікті қасиеттері оның санасында, сезімінде, көңіл-күйінде көрінеді және әлеуметтік мінез-құлқында, іс-әрекеті мен қарым-қатынасында жүзеге асырылады» [69]. |
| Роджерс К. | «адам бойындағы адамгершілік түсінік, сезім және мінез-құлықтың тұтастығымен, бірлігімен айқындалады» [70]. |

Кестеден байқалып тұрғандай, ізгілікті қарым-қатынастың объективті және субъективті жақтарын Д. А. Волкогонов, ізгілікті қарым-қатынастың психологиялық негізін А.В. Петровский зерттесе, тұлғаның ізгілікті қасиеттерінің көрініс табуы мен жүзеге асырылуын М.А. Вейт зерделеген.
С. Л. Рубинштейннің «ізгілікті қарым-қатынас адамның көзқарасынан, көңіл-күйінен, іс-әрекетінен көрінеді» және К. Роджерстің «адам бойындағы адамгершілік түсінік, сезім және мінез-құлықтың тұтастығымен, бірлігімен айқындалады» деген тұжырымдары зерттеуіміздің негізгі компоненттерін анықтауда басшылыққа алынады.

Осы айтылған талдаулар негізінде біздің тұжырымдауымызша, *ізгілікті қарым-қатынас – болашақ ұрпақты адалдық, парасаттылық, шыншылдық сынды қасиеттерге, халық даналығын жоғары бағалауға тәрбиелеу, даналар салған ашық жолмен жүрудің сенімді әдістерін меңгерту, ізгілікті мазмұндағы білімді белсенді алу үдерісі.*

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру мәселесі – XXI ғасырдың білім беру саласындағы кең арнада зерттелуін қажет ететін аса маңызды бағыттардың бірі. Мәселенің түпнегізі – бастауыш сынып оқушыларына білім беру үдерісінде олардың санасында дүниенің біртұтас бейнесін қалыптастыру. Бастауыш сыныпта оқушы әліпбиді толық меңгерген соң жүйелі білім беру барысына қосылатын барлық пәндердің беталысы – оқушының ой-санасында интеграцияланған дүниенің тұтас ғылыми бейнесін құру. Жекелеген пәндер бойынша толыққанды меңгерген білімі оқушыға ізденіске деген ұмтылуды ғана емес, сабырлылық пен өзіне және қоршаған ортасына деген ізгілікті қарым-қатынасын оятуы және қалыптастыруы, дамытуы тиіс.

Ұлы педагог Ян Амос Коменский өзінің «Жарық лабиринті және Жүректегі жұмақ» атты еңбегінде былай деп атап көрсетеді: «Әрбір

жаратылыс тіпті тумысынан ақылсыз болса да, өзіне ұнамды және пайдалы нәрселерден ләззат алуға және оған ұмтылуға бейімделген; ізгілікке, пайдалыға деген мұндай бейімділікті адамның бойындағы парасаттылық және туа біткен күш-қуаты оятады және тек оятып қана қоймайды, сонымен қатар адамды өзі үшін негізінен ізгі, жанға жайлы, пайдалы болып көрінетін нәрсені таңдауына және оған ықыласпен қол жеткізуіне жеткізетін жолға қарай бағыттайды. Осымен де байланысты, ежелден бері данышпандар арасында ең жоғары игілік (summum bonum) қай жерде және неде болуы мүмкін деген талас туындаған болатын» [71]. Бұл жердегі сөз болып отырған басты мәселе – білім арқылы адамның дүниені тану жолының ерекшелігі.

Қазақстандық ғалым қытайлық ұлы ойшыл Конфуцийдің көзқарасы туралы былай деп жазады: «Конфуций еңбектерінен біз «бес тұрақтылықты» (у-чан) табамыз. Олар: адамгершілік, адамды сүю (жень), әділеттілік (и), әдеттілік (ли), даналық, ақыл-оймен тоқу (чжи), сенімділік (сань). Конфуций моральдың «алтын ережесін» алғаш көрсеткен деген пікір әдебиетте бар. Оқушысы ол кісіге: «Бір сөйлеммен сіз моралдық іліміңізді бізге жеткізе аласыз ба?», – деген сұрақ қойыпты. Оған Конфуций: «Өзіңе тілемейтінді басқаға да жасама», – деген екен» [72].

Шығыс ойшылдарының ізгілік туралы ойлары бір-бірімен сабақтас болып келеді. Оған дәлел ретінде Жүсіп Хас Хажыб Баласағұнидың толықтай ізгілік мәселесіне арналған «Құтты білік» еңбегін атауға болады. Кітапта ізгілік пен ізгі қылықтың, білімді мен біліктінің мақсаты тек халқына жақсылық жасау болуы тиіс деген идея айқын танылады:

Сен ізгілік тілер болсаң, одан да,
Кел, ізгілік жаса, сөзді доғар да.
Егер қолың ұзын болса — халыққа,
Ізгі қылық, ізгі сөзбен жарылқа!
Бұл күнде кім ізгі атанса, жақсы боп,
Солар жүрді жақсылардың басы боп.
Кім дана, бек болса, жақын білімге,
Біліктіні жақын тартар түбінде.
Ізгілік пен жақсы қылық-амалы,
Мұнымен ер екі дүниені алады [73].

Мемлекетті ізгілікпен басқарудың, халықпен, әлеуметтік топтармен, табиғатпен, ғарышпен, тұтас әлеммен ізгілікті қарым-қатынас жасаудың жүйесі жасалынған осы «Құтты білік» кітабының әлеуетті педагогикалық қазынасын толыққанды пайдалану жолын әлі де арнайы зерттей түсу қажет екенін атап кеткіміз келеді. Болашақ қазақстандық мемлекеттік жүйені басқаратын мамандарға осы «Құтты білік» кітабын университеттің соңғы курстарында арнайы оқыту керек деп те ұсынамыз.

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» кітабындағы ізгілік идеясы туралы зерттеуінде ғалымның ізгілік идеясын іштей үш категорияға – адамгершілік, рахымдылық, қайырымдылық – бөліп қарастырғанын көреміз. Сонымен бірге осы зерттеу жұмысындағы ізгіліктің орындалуының үш жолын көрсетуін де атап өткіміз келеді. Ол жолдары: ел ішінде адамдардың өзара жасайтын

ізгіліктері; мемлекет тарапынан елге жасалатын ізгіліктер, таным бойынша жасалынатын ізгілік [74].

Қожа Ахмет Ясауи, Махмұд Қашқари, Ахмет Игүнеки сияқты ортақ түркі жәдігерлерімен қатар, қазақ халқының философиялық-педагогикалық қазынасын қалыптастырған Асан Қайғы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Ескелді би, Бұхар жырау, Мөңке бидің мұраларын оқып-талдау барысында ізгі қоғам құру – халықтың барлық уақыттағы арманы және беталыс-бағдары болғанын көреміз. Ежелгі Түркі халқы аңсаған Өтүкен, Асан Қайғы іздеп өткен Жерұйық, ата-бабамыз аңсап өткен Жиделі-Байсын – барлығы ізгіліктілік заңымен өмір сүретін, әлеуметтік орта мүшелері өзара және табиғатпен гармониялы үйлесім тапқан ізгі қоғамның мекені.

Қазақ халқының алдыңғы қатарлы ағартушылары Абай Құнанбайұлы Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы тағы басқа зиялылар қазақ баласының оқу-тәрбиесі мен ізгі қарым-қатынас жасауға дағдылануы тек ізгілікті мазмұндағы білімнен бастау алатыны туралы айтып кеткен. Осы ғұламалар қалдырған жәдігерлерге сүйене отырып, болашақ ұрпақты адалдық, парасаттылық, шыншылдық сынды қасиеттерге, халық даналығын жоғары бағалауға тәрбиелеп, даналар салған ашық жолмен жүрудің сенімді әдістерін меңгерту де алдағы уақыттағы педагогикалық жол болып табылады.

Бастауыш сынып оқушылары адамзат жинаған, ұлттық сана қорында сақталған өмірлік тәжірибесін меңгере отырып, білім алу іс-әрекетінде жалпы адам баласының танымдық іс-әрекетін қайталап өтетіні белгілі. Бірақ бұл тек қайталау ғана емес, әлемде, Жер бетінде, қоршаған ортада өмір сүруге қажетті әдіс-амалдарды, адами мәдениетті, өзін ұстау, мінез-қылық пен ойлау тәсілдерін игеретін үдеріс болып табылады. Бұл туралы М.Жұмабайұлы өзінің «Педагогика» кітабында: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан сыналып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», – деп атап көрсетеді [75]. М.Жұмабайұлының осы пікірін Л.С. Выготскийдің теориясымен сабақтасып жатқанын көруге болады.

Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясына сүйенсек, оқушылардың ойлауының дамуы мен басқа да психикалық функциялары олардың өз-өзінен дамуы арқылы емес, баланың тіл, жазу, есептеу жүйесі сияқты таңба-нышандарды игеру арқылы ғана алға қарай жүру арқылы дамиды [76]. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы бойынша қоршаған орта жеке тұлғаның дамуының негізгі қайнар көзі болып саналады. Баланың дамуында өріле байланысқандай екі сызық орын алады, олардың бірі – табиғи жолмен дамып-жетілуі, екіншісі – қоршаған ортаның мәдениетін, мінез-қылық пен ойлаудың тәсілдерін игере отырып жетілуі.

Баланың қоршаған ортаға деген ізгілік қарым-қатынасының қалыптасуы да қоғамдағы орныққан ізгілік дәстүрін игеруіне көптен-көп байланысты болады. Осы туралы ұлттық дәстүрдің ізгіліктік мәні туралы С.К. Ракимжанова былай деп көрсетеді: «Адамзат өмірінде дәстүр адамның бойына көптеген тәрбиелік құндылықтарды қалыптастырады, олар: ізгілік, игілік, парасаттылық,

имандылық, ақыл, адалдық, әділдік, қайырымдылық, рахымдылық, қанағатшылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, дербестілік, жауапкершілік, намысқойлық, кісілік. Осының ішінде философиялық мәні ерекше болып табылатыны – «ізгілік» ұғымы» [77].

Заманауи ғылым мен тәжірибеде интеграция саяси, экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық өзара әрекеттесудің маңызды трендтерінің бірі болып табылады. Бастауыш сынып оқушысының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың жолын интеграция негізінде қарастыру жолында «интеграция» ұғымының ерекшеліктерін қарастырып өту керек.

Философиялық тұрғыдан интеграцияға берілген анықтаманың мазмұнын қарастырайық.

Интеграция латынның integration – қалпына келу, толықтыру, integer – тұтас деген сөзінен шыққан. Интеграцияның мағынасы – бұрын бөлек-бөлек болған бөлшектердің біртұтас болып бірігуімен байланысты даму үдерісінің қыры. Интеграция, бір жағынан, осыған дейін қалыптасқан жүйенің аясында да орын алуы мүмкін, бұл жағдайда ол жүйенің тұтастығы мен ұйымдасуының жаңа деңгейге өсуін күтуге болады. Сонымен қатар, интеграция бұрын байланыспаған элементтерден жаңа бір жүйенің құралуында орын алуы да мүмкін. Интеграцияланған жеке элементтердің түрлі дәрежедегі дербестігі де болатыны белгілі. Интеграцияның өту үдерісінде жүйедегі элементтер арасындағы өзара байланыстар мен өзара әрекеттесудің көлемі мен қарқындылығы ұлғая түседі, атап айтқанда, жаңа жүйені басқарудың жаңа деңгейлері үстемеленіп қондырыла бастайды. Кей жағдайда, интеграция деген сөздің мағынасы интеграциялану дегенді, яғни интеграциялану үдерісінің белгілі бір нәтижесі, тұтастықты құраушы бөлшектердің тәртіптелген қызмет етуі дегенді білдіреді [78].

Интеграция жүйе теориясына қатысты ұғым болғандықтан, элементтердің түрлі формада интеграциялана отырып, жаңа жүйе құруға ұйымдасуы және қызмет етуі мәселелері жүйе теориясы тұрғысынан қарастырылады. Интеграцияның ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың айтуынша, интеграция ұғымын екі бұрыштан яғни статикалық, тыныш күйдегі интеграция және динамикалық, қозғалыс күйіндегі интеграция деп қарауға болады. Бірінші жағдайдағы яғни статикалық күйдегі интеграция дегеніміз – жекелеген элементтердің белгілі бір тұтастыққа байланысып орналасқан күйі. Бұл жерде жекелеген элементтер интеграцияланған жүйе аясында өздеріне «жүктелген» функцияларды орындап, элементтер өзара байланысты орнатады.

Екінші жағдайдағы, яғни динамикалық қозғалыстағы интеграция дегеніміз – жекелеген элементтердің біртұтастықты құрауға кірігу үдерісі. Ғалымдардың көрсетуінше, бұл үдерісте интеграцияның үш сатысы анықталады, олар:

– жекелеген элементтер арасында байланыстың пайда болуы;

– жекелеген элементтер біртұтас жүйеге ену барысында өздерінің бұрынғы кейбір қасиеттерін жоғалтатындығы;

– пайда болып жатқан жаңа біртұтастықта жаңа қасиеттердің пайда бола бастауы, ол қасиеттер жекелеген элементтерден де алынады, сонымен қатар

жекелеген элементтердің жаңа байланысқа түсуі барысында жаңа қасиеттер де пайда бола бастайды [79].

Осылай етіп, интеграциялану үдерісінде жекелеген элементтер біртұтастыққа кіріге келе, өздері де өзгеріске түсіп, жаңа қасиеттерге де ие бола бастайды. Соның нәтижесінде интеграцияланған субъектілер пайда болады. Бұл интеграцияланған субъектілердің пайда болған жаңа қасиеттерін элементтердің қасиеттерінің қосындысы деуге келмейді, мүлде жаңа қасиет пайда болады. Осы ретте химиялық элементтердің кірігу үдерісі туралы немесе тіл біліміндегі сөздердің тіркесуі мен сөздердің сөйлем құрауы, тіпті сөйлемдердің біртұтас мәтін құрауы үдерісі туралы үлгі ретінде келтіруге болады. Интеграция үдерісінде пайда болған жаңа тұтастықтың өзіндік қасиеттерінің дәрежесі мен қарқындылығы осы тұтастықты құраған жекелеген элементтердің ішкі қуатының мүмкіншіліктеріне және олардың өзара байланысуы мен қарым-қатынас жасауына, әсіресе, интеграциялық мақсатқа өте тығыз байланысты.

Қазіргі уақытта интеграция қоғамның барлық салаларында үлкен ауқымды қамтып отыр. Әсіресе, педагогика саласындағы интеграциялық үдерістер қарқынды жүріп жатыр. Білім берудің барлық деңгейлерінде интеграция үдерісінің көлемі кеңейтіліп келеді. Интеграциялық үдерістерді зерттеу барысы соңғы жылдары қол жеткізген көлемі мен мазмұны жағынан жеткілікті теориялық базаға сүйенеді. Бұл тұрғыдағы зерттеулерді талдау қазақстандық ғалымдардың «интеграция» ұғымын анықтаудағы тұжырымдамалық көзқарасын айқындауды мүмкін етті. Бұл контент талдау нәтижесін 2-кестеден көруге болады.

Кесте 2 – Ғалымдардың «интеграция» ұғымын анықтау көзқарасы

| Автор | Мазмұны, дереккөз | Тұжырымдамалық көзқарасы |
|---|---|---|
| Бейсенбаева А.А. | Интеграция – пәндердің өзара байланысын жоғарғы деңгейде нақтылы түрде іске асыру. Сондықтан да интеграция мен пәндердің өзара байланысы ұғымдарын мәндес ұғым ретінде түсінуге болмайды. Интеграция тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауға әр түрлі ғылымдарды біріктіреді [13] | тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауға әр түрлі ғылымдарды біріктіру |
| Шолпанқұлова Г.К. | ғылымдар арасындағы интегративті фактор бола отырып, оқыту үдерісінің функциялары негізінде жеке тұлғаның гумандық қарым-қатынасты қалыптастырушылық қызмет атқарады [21] | ғылымдар арасындағы интегративті фактор |

2-кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| Мұхамеджанова Ә.М. | Интеграция – жеке оқу пәндерінің, бөліктерінің арасындағы мәнді байланыстарды анықтау негізінде тұтастың қалыптасу үрдісі және нәтижесі.<br>...педагогика ғылымында негізінен оқыту сапасын арттыру проблемасына көңіл<br>аударылған және пәнаралық байланыс оның басты құралы ретінде қарастырылады да, бірақ оқушылардың дүниеге біртұтас көзқарасын қалыптастыру мәселесі сырт қалып отырғанын байқауға болады[2] | оқушылардың дүниеге біртұтас көзқарасын қалыптастыру |
| Меңдіғалиева Г.К. | Интеграция – даму үдерісінің әр текті бөліктер мен элементтерді тұтасқа біріктірумен байланысты жағы [35] | әр текті бөліктер мен элементтерді тұтасқа біріктіру |
| Түркменбаев Ә.Б. | Интеграция – бұрын дифференциацияланған элементтердің жаңа сападағы тұтастық белгісімен бірігуінің объективтік үдерісі [43] | бұрын дифференциацияланған элементтердің жаңа сападағы тұтастық белгісімен бірігуі |
| Оразахынова Н.А. | пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың жеке пәндерден алған білімі барынша күрделенсе, тиянақтала түседі, оқушылар бір пән аясымен шектелмей, оны өзге сабақтас пәндермен байланыстыра отырып, пәнді еркін меңгеруге мүмкіндік алады. Бұл – оқушының белгілі бір пәннен алған білім шеңберінің кеңеюіне, басқа сабақтас пәндердің мүмкіншілігін пайдалана білуі деген сөз [22] | пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың жеке пәндерден алған білімін барынша күрделендіру |
| Демеуов А.Қ. | Интеграция – бұрын бөлшектенген элементтердің біртұтастық белгілерімен жаңа сапаға біріктірілуінің объективті үдерісі ретіндегі жүйе дамуының бір қыры [80] | бұрын бөлшектенген элементтердің біртұтастық белгілерімен жаңа сапаға біріктірілуі |
| Фейзулдаева С.А. | Интеграция – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі пед. техника – мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы мазмұнының үйлесімді бірлігіне әсер ететін тәсілдер жиынтығы [31] | жаңаша жүйеленген ішкі бірлік |

2-кестенің соңы

| | | |
|---|---|---|
| Аббасова Р.К. | жүйеге кіретін элементтердің әрқайсысының сапалы өзгерістерге ұшырап, тұтас жүйенің жаңа сапалық қасиетке ие болуы [81] | тұтас жүйенің жаңа сапалық қасиетке ие болуы |
| Саурықова Ж.М. | Интеграция – заман және қоғам дамуындағы өзгерістерді адам танымының дүниесінде екі немесе одан да көп ғылымдар топтамасының бөлімдері, құрылымдары мен қасиеттері және заңдылықтарының өзара ықпалдаса отырып, жаңаша бейнеленуінің пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асыра отырып, адам капиталын дамытатын құралдардың бірі және өзегі болып табылатын, жаңаша ғылыми айналымға түсетін құбылыс [32] | Адам капиталын дамытатын құралдардың бірі |
| Чепиков М.Г. | Интеграция – ғылым мен ғылыми білімдердің өзара қарқынды, әсерлі байланысы, жалпы идеялардың, әдістер мен тәсілдердің және құрылымдық мазмұндарының кеңінен қолданылуы арасындағы олардың өзара ықпалды әсер етулері, қоршаған дүние шындығын танудағы ақиқаттыққа жету барысындағы зерттеу: белгілі бір қалыптасқан, үнемі жетіліп отыратын таным нысандарын және оны айқындау негізінде білімді баянды ету [82] | қоршаған дүние шындығын танудағы, ақиқаттыққа жету барысындағы зерттеу |

Кестеден байқағанымыздай, интеграцияға ғалым А.А. Бейсенбаева «тұтастықты қалыптастыруда білімді жүйелеу мен жинақтауға әр түрлі ғылымдарды біріктіру», Ә.М. Мұхамеджанова «оқушылардың дүниеге біртұтас көзқарасын қалыптастыру», А.Қ. Демеуов «бұрын бөлшектенген элементтерді біртұтастық белгілерімен жаңа сапаға біріктіру», Ж.М. Саурықова «тұтас жүйенің жаңа сапалық қасиетке ие болуы» деген тұжырымдамалық көзқарасын білдіреді. Осы тұрғыдан біздің зерттеуімізде интеграцияны тұтастықты құраушы бөлшектердің тәртіптелген қызмет етуі деуімізге теориялық және практикалық негіздер бар. Бұл тұжырымдамалық көзқарастар зерттеуіміздің негізгі ұғымдарының бірі – «интеграция» ұғымын анықтауда басшылыққа алынады: *Интеграция – оқушылардың дүниеге біртұтас көзқарасын қалыптастыруда тұтастықты құраушы бөлшектердің жаңа сапаға біріктірілуі және тәртіптелген қызмет етуі.*

Сонымен, жоғарыда айтылғандар «Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігін

нақтылауға мүмкіндік береді: *Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру – оқу пәндерін интеграциялау арқылы дүниені біртұтас тану және сол арқылы әлемнің, өзін қоршаған ортаның тұтас бейнесін санасында ізгілікті әрекет, мінез-құлық, ізгілікті білімдер жиынтығы ретінде кіріктірілген тұлғалық сапаларының көрініс табу үдерісі.*

Осылайша, жүргізілген талдау бастауыш сынып оқушысының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру мәселесінің қазіргі уақытта қайта жанданғаны туралы айтуға мүмкіндік береді. Көптеген жылдар бойы ғалымдар мен практиктер ізгілікті қарым-қатынас жасаудың, интеграциялаудың тиімді жолдарын іздестірді. Бүгін, біз бастауыш сынып оқушысы ізгілікті қарым-қатынас жасауы үшін білім мазмұнын интеграциялаудың аса қажет екенін сеніммен айта аламыз. Өйткені білім мазмұнын интеграциялау нәтижесінде сабақтарды екі не одан да көп пәндердің ұқсас деректерін, ұғымдарын синтездеу арқылы ұйымдастыруға болады. Сондай деңгейде білім мазмұнын ерекше жүйелеудің нәтижесінде оқушылардың оқу-танымдық әрекеті жаңа сапалы деңгейге көтеріледі. Ізгілікті мазмұндағы интеграцияланған білімді белсенді алу мүмкін болады.

Бастауыш сынып оқушысының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың ғылыми негізделген тұжырымдамалары мен теорияларының болмауы, сондай-ақ терминнің өзін пайдаланудың жаңашылдығы біздің зерттеуіміздің логикасын анықтайды. Біз осы параграфта категориялық аппаратты қалыптастыруға және «ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция ұғымдары» мен «бастауыш сынып оқушысының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігін нақтылауға мән бердік.

## 1.2 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін жан-жақты қарастырудағы маңызы еліміздің болашақ ізгілікті тұлғаларын оқыту мен тәрбиелеудің ізгі бағытта болу үстемдігін оңтайландырудың тиімді жолын осыған дейінгі жүргізілген зерттеулер мен педагогикалық және психологиялық еңбектерді талдау арқылы, жүйелеу арқылы анықталады.

Зерттеу тақырыбына байланысты жарияланған зерттеулер мен еңбектер бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудағы психологиялық және педагогикалық негіздерінің бастау көзі болып табылатыны сөзсіз. Педагогика мен психологияда оқушыларға ізгілікті мазмұндағы білім беруге және ізгілікке тәрбиелеуге қатысты еңбектер орасан көп екені анықталды. Зерттеу жұмысымыздың

тақырыбына байланысты осы мол ілім қазынасынан қарастырылатын педагогикалық және психологиялық еңбектер шартты түрде төрт қырдан сараланды. Олар:

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың *психологиялық негізін* құраушы ғылыми еңбектер;

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың *теориялық негізін құраушы жалпы педагогикалық сипаттағы* ғылыми еңбектер;

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың *дидактикалық негізін* құраушы ғылыми еңбектер;

– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың *тәрбиелік негізін* құраушы ғылыми еңбектер.

Осы тармақшаның алдына қойылып отырған міндеттерінің бірі – бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың *психологиялық негізін* талдау.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жасақталған пән бағдарламалары ғылымилық мазмұнды қамтамасыз етумен қатар білімді ізгілендіру жағына да үлкен мән береді. М.Мұқановтың пікірінше, «Білім дегеніміз – тиісті объектілер туралы алған хабар. Ол адамның басында қалыптасып сақталып отырады» [83]. Әр пән бойынша оқыту мен білім берудің мақсатының әр түрлілігі және олардың мазмұны мен көлемінің де бір-біріне айырма жасайтыны белгілі. Дегенмен, оқытудың алдына қоятын ортақ мақсаты – ол білімдендіру, білім қорын молайту, тәрбиелеу, баланы дамыту. Ж.Аймауытовтың пікірінше оқыту – білім көбейту, ақыл күшейту [84]. Бұл – барлық пәнді оқытуға ортақ мақсат. Ізгілік ұғымын психологиялық тұрғыдан қарастырғанда, ол адамның өзіне-өзі бағалауынан, адам мен адамдық қасиеттерге құрметпен қарауын білдіретіндігінен, адамдардың бір-біріне деген дұрыс қарым-қатынасынан білінеді. Ізгілікті адамды ізгілікті қарым-қатынасқа, қоғамның жалпыадамзаттық құндылықтарын бағалауға, дүниені және өзін-өзі танып білуге, түсінуге, үнемі дамытуға ықпал жасайтын, ынталандыратын ерекше күш деп тани отырып, жас ұрпаққа осы бағытта білім беріп, осы бағдарда тәрбиелеу жолдарының барлық уақытта өзекті болғанын атап кетеміз.

Қазіргі кезде, адам баласының ой-өрісі, сөздік қоры, сенімділік қасиеттері уақыт өткен сайын жаңа деңгейлерге өсуде деп айтуға болады.  Кез келген адамның қарым-қатынасы қоғаммен байланысы, пікір алмасушымен ой бөлісуі , әңгіменің анық та, тартымды болуына негізделеді. Сондай-ақ, кез-келген жеке тұлға табиғатынан көркем сөз бен өнерге құштар болып келеді, шынайылыққа тікелей қарайтын болсақ, осындай құштарлық бүгінгі күні көпшіліктің назарынан тыс, керісінше техника төңірегінде тіршілік етіп, жансыз дүниеге құмармыз.  Дегенмен де, әрбір жеке тұлға өзінің рухани жағынан дамуын қолға алып, адами қасиеттермен, құндылықтарын байытуға көңіл бөлсе, ізгілікті қарым-қатынас деңгейі көтеріледі.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың психологиялық негіздемелерін жүйелеудегі шешілуі тиіс міндет – «Дүниетану» пәнін оқытудың интеграциялық жүйесін

қолдана отырып, оқушының өзіне және ортасына ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың психологиялық тұрғыдан тиімді тетіктерін анықтау.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық негіздерін зерттеу деген тек қана оқу үдерісінің білімдік компонентін, күрделілік деңгейін, оқыту қарқынын талдаумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге, интеграция негізінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру мотивациясының, жеке тұлғалық деңгейге өсу жолдарын қарастырудың да маңызы зор. Интеграциялық оқыту үдерісінде оқушының ойлау әрекетінің мағыналық реттелу тетіктері қарқынды жұмыс жасауға көшіп, нәтижесінде, баланың саналы түсінігі қалыптаса бастайды. Оқушы өзінің танымдық мүмкіндіктерін интеграциялық тұтас білімді қабылдау барысында актуалдандырады. Әрине, қазақстандық педагогикалық психология саласында интеграциялық оқу үдерісіндегі бастауыш сынып оқушысының психологиялық портреті толыққанды зерттелді деп айту әлі ерте екені белгілі. Десек те, интеграциялық оқыту үдерісіндегі дидактикалық, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған сабақтар мен арнайы тапсырмалар жүйесінің көздейтін нәтижесі – шығармашыл ойлайтын, креативтік көзқарасы дамыған, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мығым бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғасы.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда оқушының мотивациясын дамытудың орны ерекше. Өйткені интеграция негізінде оқушыда біртұтас дүниетаным картинасы қалыптасу көзделетіні белгілі. Ал оқушыға сондай біртұтастықтың үйлесімді, әсем де ізгілікті қарым-қатынас жасаудың сенімді тірегі болуы заңдылықтарын және осы жүйені одан әрі жетілдірудің жолын іздеуге қажетті түрткі – оның мотивациясы.

Негізінде, мотивация – оқу әрекеті құрылымының негізгі құраушысы. Біздің ойымызша, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудағы мотивация – оқушыны білім алуға, тұтас білімнің себеп-салдарларын, тұтастықты құраушы бөлшектердің байланысы мен қатынасын, ол құраушылардың жаңа бір тұтастық құрай алу мүмкіндіктерін тануға және білімін тек ізгілікке жұмсауға жетелеуші ерен күш. Л.И. Божовичтің сөзімен айтқанда, «Іс-әрекет не үшін жасалып жатса, мотив дегеніміз – сол...» [85]. Әрине, мотивацияның осындай бағытта қалыптасып дамуы педагогикалық жүйеге байланысты екені анық. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда мотивацияның орнын анықтай отырып, оның баланың ізгілікті қасиеттерді одан әрі бойына дарытуға, өз бетімен еңбектенуіне қуат беретін мотивацияны табу да үлкен міндет әрі жетістік деп санаймыз.

«Дүниетану» пәнінің интеграциялық оқыту жүйесін құруда орталық өзек ретінде қызмет етеді деп алынуы арқылы оқушылардың дүниені ғылыми білім негізінде тануға және ол білімін толықтыруға, өзгертуге, дамытуға деген мотивациясының да сенімді тірегі ретінде осы пәнге сүйену идеясын ұсынып отырғанымыз белгілі. Нақты айтқанда, «Дүниетану» пәнін интеграциялай оқыту оқушының дүниетанымдық көзқарасын дамытуға деген мотивациясының

қайнар көзі бола алады. Ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда бастауыш  сынып оқушыларының мотивациясын күшейту үшін мотивацияның құрылымындағы қажеттілік, мотивтер, мүдделер, қызығушылықтар, идеалдар, ұмтылыстар, ұстанымдар, сезімдер, нормалар мен құндылықтарды күшейтетін педагогикалық-психологиялық әдістерді қолдану керек. Өйткені, ғалымдардың айтуынша, мотивация – адамның мінез-қылығын айқындап тұратын факторлардың жиынтығы [86].

Оқыту үдерісінде интеграция негізінде «Дүниетану» пәні арқылы оқушыларда ізгілікті қарым-қатынасты қалыптастыру әрбір оқушының жан-жақты жетілуіне, қабілетінің ашылуына, шығармашылық потенциалының қалыптасуына, рухани мүмкіндіктерін ашуға, жалпы адамзаттық құндылықтарды бағалауына, толымды өмір сүруіне бағыт-бағдар береді деп ойлаймыз [87].

Білім берудің ізгілікті педагогикалық-психологиялық парадигмасында бастауышта тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясының орны ерекше. Бұл технология бойынша бастауыш сынып оқушысының интеграциялық білім алу жүйесіндегі ізгілікті қасиеттерді қалыптастыруы мұғалім екеуінің арасындағы ынтымақтастық психологиясына көптен-көп байланысты. Оқушының жеке тұлғасының танымдық потенциалына (әлеуетіне) сүйене отырып, ол қуат-күштің тек ізгілікті білім алуға ғана бағдарланып отыруын мұғалім аса қадағалап және жетекшілік етіп отыруы керек. Бастауыш сынып мұғалімі педагог әрі психолог ретінде ізгілікті тұлға қалыптастырудың психологиялық сәттеріне аса ыждағатпен назар салуы маңызды.

Бастауыш  сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық негізін құраушы *жалпыпедагогикалық сипаттағы ғылыми еңбектерді талдау* өте қуатты теориялық ресурстарды ашып берді. Жалпыпедагогикалық ғылыми еңбектерді талдауда бастауыш оқыту үдерісіндегі  оқушылардың қарым-қатынасын ізгілендіру аясында нақты білім беру мен тәрбиелеуге тән үдерістер мен құбылыстарды жүйелеуге, жіктеуге, талдауға мүмкіндіктер пайда болады.

Бұл тұста, әрине, ең алдымен, Абай Құнанбайұлының, Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлының балаларды оқыту әдістемесі және педагогикалық еңбектеріндегі ізгілікті адам мен ізгілікті тұлға қалыптастыру тақырыбы алға шығарылатыны анық. Абайдың барлық дерлік поэзиялық туындылары мен қара сөздерінде «Адам баласын сүй, адам баласы – бауырың» деген ең биік сатыдағы ізгілік идеясы тұратыны белгілі. Абайдың:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір  кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!
Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға, –

деген өлең жолдарындағы әрбір тіркескен сөз мазмұнындағы терең парасаттылық пен ізгіліктің қазынасын танытып тұрғанын көреміз. Абайдың ізгі адам мен ізгілікті қоғамға мүше болып өмір сүрудің талаптары мен міндеттерін аз сөзге біртұтас философиялық ойды білдірген трактаттың мазмұнын сыйғыза алған даналығын айқын көреміз. Абайдың айтуында, бұл әлемнің қызықты нәрсесі сансыз көп, оған қызығып, әсемпаз болып жүргенде, өмір өтіп кетуі мүмкін. Сондықтан ізгі өмірге тек білімді, өнерді меңгеретін өнерпаз болсаң ғана жолға шыға аласың деген ой түйеміз. Ал осынау дүниенің бір кірпіші болу үшін, кетігін таба білу – білім мен ізгілікті адамның қасиеттерін көрсететін индикаторлар деп танимыз. Қайрат пен ақылдың бірлігі ғана білімді, өнерлі, әділетті болуға тірек болады. Әділет пен шапқат (шапқат немесе шафғат – мархаббаттылық, аяушы, есіркеуші) қасиеті болған адам ғана әлеммен жарасымды өмір кеше алады деген ой айтылады [88].

Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасын зерттеген Ә. Сыдықовтың кітабында ұстаздың мектеп салу мен мектептегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың барлық құрылымы мен жүйесі, нысандардың сызбалары мен олардың сипаттамалары толық берілген [89].

Ы.Алтынсарин тұңғыш оқулық болып саналатын «Қазақ хрестоматиясы» кітабының кіріспе сөзінде былай дейді: «Осы уақытқа дейін қазақ халқының таза қазақ тілінде басылған бірде-бір кітабы болған жоқ. Сондықтан оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда, амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр, сол себепті шәкірттерге ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді». Сонымен бірге осы кіріспе сөзінде Ы.Алтынсарин мынадай ерекше ой айтады: «Осылармен қабат, бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды: ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал жоқ» [7].

Қазақ балаларын білімге, сол арқылы адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеуді мақсат еткен Ұстаз жеке адамдық, ұлттық, жалпыадамзаттық ізгілік ұғымдарын меңгертуде ерекше жүйе құрастырған. Ы.Алтынсарин өзінің «Қазақ хрестоматиясының» құрылымын былай етіп құрайтынын атап көрсеткен: «І. Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды, мысалдар мен халық әдебиеті, балалардың туғандарына жазған хаттары;

ІІ. Әр түрлі жастардағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

ІІІ. Қазақ ақындарының ең жақсы өлең-жырларынан үзінді;

ІV. Қазақтың мақал-мәтелдері» [90].

«Қазақ хрестоматиясының» осы аталған төрт тарауындағы қай шығарманы алсақ та, оқушылардың өз-өзіне, басқа адамдарға, табиғатқа, қоғамға деген ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың ерекше әдісіне құрылғанын көреміз.

«Қазақ хрестоматиясының» мазмұнына енген алғашқы әңгіме «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» деп аталады. Әңгіменің баланы ізгілікке тәрбиелеудегі

орасан зор рөлі оның мазмұнындағы біртұтас дүниетанымдық санасын қалыптастырудағы интеграциялық логика арқылы шебер педагогикалық әдіспен берілген. Әңгімедегі басты кейіпкерлер – ата мен бала. Олар тіршілік үдерісі қайнап жатқан табиғаттың нақ ортасында, біздің ойымызша , «өмірдің жолында» келе жатыр. Сонымен бірге бұл жерде Сократтың эвристикалық әдісі «сұрақ-жауап» түрінде үлкен педагогикалық міндетті шешіп тұр:

– «Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

– Көремін, өрмек тоқып жүр.

– Анау құмырсқаны көремісің?

– Көремін, аузында бір нанның талшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

– Жоғары қара, көкте не көрінеді?

– Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар».

Шеңберленген әлемнің, табиғаттың бір бөлшегі ретінде әке мен бала айналадағы барлық нәрсеге көз сала алады. Бұл жерде интеграцияның вертикалды –горизонталды талаптарының да орындалғанын көруге болады. Жоғары-төмен қарау – вертикалды – «қарлығаш пен құмырсқа», жан-жағына қарау – горизонталды – «өрмекші мен құмырсқа». Нақ ортасында адам – әке мен бала. Адам саналы болғандықтан, дүниені көріп, естіп, сезіп таниды, танығанынан ой тоқиды, пікір қалыптастырады, білім алады, саналы болады. Осы саналы сүрлеумен жүрген адам ғана ізгілік жолына түсе алады. Оны әңгімедегі атасының балаға қаратып айтқан: «Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған ғибрат... Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де Құдай-Тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жасауға әдеттену керек»,– деп түйінді ой айтқан сөзінен айқын танимыз.

Сонымен бірге Ы.Алтынсариннің барлық әңгімелерінің де, өлеңдерінің де де ізгілікке тәрбиелейтін интеграциялық сипаттағы қуаты зор білім құралы екендігін баса атап кету керек. «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар», «Таза бұлақ», «Асан мен Үсен», «Бақша ағаштары» шығармаларының дүниетанымдық потенциалы – оның барлық таным сәулелерінің біртұтастықта, ізгілікті адамның санасына келіп орнығатынын айқын да әсерлі көрсетілген педагогикалық шешімдер.

Ы.Алтынсариннің дүниетанымы туралы қарастыра келе Ш.Таубаева: «Ы.Алтынсарин – ағартушы, прогресшіл қайраткер, гуманист, этнограф, публицист-жазушы. Ы.Алтынсариннің шығармашылығы философия, тарих, педагогика ғылымдары тұрғысынан талданды. Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» шығармаларын іріктегенде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беруді, екіншіден, оқушының бойына адамгершілік қасиеттерді дарытуды, үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беру қағидаларын басшылыққа алды» [91], – деп жазады.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың ізгі қоғамын білім мен мәдениет арқылы қалыптастыру жолындағы еңбектері орасан зор деп бағалаймыз. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты құрастыруымен Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларының алты томдығы жарық көргені белгілі. Бірінші томда жинақталып берілген А.Байтұрсынұлының елімізге XX

ғасырдың басында кеңінен тарап, белгілі болған «Қырық мысал» кітабындағы шығармалардың барлығы дерлік қазақ баласының білім алуы арқылы ізгілікке ұмтылуына негіз қалаған шығармалар болды [92]. XIX-XX ғасырлардағы Қазақ елі үшін қатал кезеңінде еліміздің болашақ өркендерінің саналы және елі мен жерін қорғауға, сақтауға дайын болып өсуі ағартушылардың мойнына жүктелген азаматтық парыз болған еді. Ашық айтуға рұқсат болмағандықтан, көп ретте, орыс ақын-жазушыларының шығармаларын аудара отырып, бірақ олардың түп мазмұнын қазақ елінің ізгілікті ұрпағын қалыптастыруға бағдарлағаны талдау барысында айқын танылады.

А.Байтұрсынұлы өзінің «Егіннің бастары» мысалында ерекше жолмен тәрбиелік ұлағат айтады. Егер бидайдың басы төмен қарап иіліп тұрса, ол дәнге толы болып, пайдасы зор болғанынан, ал көкке қарап тіп-тік тұрса, оның дәні жоқ, бос мақтан көкірек болғаны деп түсіндіреді.

Айтайын мұның мәнін, балам, саған:
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,
Ойлама, кем екен деп бәрі сонан...
Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.

Бұл мысал қазақ халқының даналық жүйесінде үлкен орын алатын «Миуалы ағаштың басы төмен келеді» деген ізгі адам болмысын танытқан қағиданы дәлелдейтінін көреміз. Осы және барлық басқа шығармаларында А.Байтұрсынұлының білім беруде ізгілікті етіп тәрбиелеудің маңызын «адам-табиғат – білім – ізгілік» деген қарым-қатынас жүйесі арқылы тікелей салыстыра отырып ашып көрсетеді. А.Байтұрсынұлының «Орысша оқушылар» мақаласындағы орысша білім алған қазақ жастары туралы айта келе, тек білім беру арқылы ізгілікті, адамгершілікті қалыптастыруға болмайтыны, ізгілік қасиет пен ізгілікті қарым-қатынасты арнайы қалыптастыру қажет екендігі баса айтылады. Мақаладан алынған келесі жолдар оқушыларды ізгілікті қарым-қатынасқа тәрбиелеудің жетекші идеясына айналатын қағидалар деп санаймыз:

– «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын»;
– «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы»;
– «Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу– адамшылық ісі. Білім мен адамшылық – екі басқа нәрсе, бірақ борышын білушілер көбейсе, төлеушілер де көбеюі ықтимал» [93].

Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппе» оқулығынан бастап, оның «Тіл-құрал», «Әдебиет танытқыш» т.б. ірі еңбектері мен әдістеме, тіл мен қазақ жазуына қатысты барлық мақалалары мен кітаптарында қазақ мектебінің қызметі қазақ халқының ізгі азаматтарын қалыптастыруға бағыт ұстануы міндетті екенін барынша ғылыми және тәжірибелік негізде дәлелдеп жазылған.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың жалпыпедагогикалық негіздерін талдауда осы

мәселелеге қатысты еңбектер жазған барлық педагогтердің еңбектеріне жеке тоқталуға диссертация көлемі мүмкіндік бермейтіні белгілі. Бұл мәселе бойынша біз қарастырған Әбу Әли Ибн Синаның балалардың дүниетаным тұтастығын қалыптастыруға байланысты пікірлері, Имам әл-Ғазалидің білім беру мен этикалық және тәрбиеге қатысты көзқарастары түркі тілдес елдерде кең зерттеліп келеді [9], [10], [11], [12].

Қазіргі педагогикадағы ізгілік идеясының көрнекті педагогтері еңбектерінде терең тамыр алып дамығанын көреміз. Бұл туралы барлық уақытта кең және жан-жақты талдаулар жасалып, зерттеліп келгендіктен, тақырыбымызға қатысты қысқаша қарастырып өтпекпіз.

Француздың көрнекті ағартушысы, философы, педагогі, қоғам қайраткері, жазушысы Жан-Жак Руссоның философиялық-педагогикалық мұрасындағы ізгілік тұжырымдамасын зерттеген ғалымның айтуынша, Жан-Жак Руссоның ғылыми мұрасы тұтастай алып қарағанда, ізгілікті бағытта болуымен ерекшеленеді. Оның ізгілікті тәрбие туралы трактаттары өз заманының, яғни XYIII ғасырдағы Францияның жағдайындағы адами дағдарысқа берген жауабы болған. Жан-Жак Руссо өз еңбектері арқылы ізгілікті педагогикалық ойды орасан зор тұжырымдармен байытады [94]. Жан-Жак Руссоның еңбектерінде Ағарту дәуірі деп аталған кезеңнің ізгілікпен байланысты ағымы айқын танылады, өмірдің ауыртпалығы болмай қоймайтын құбылыс ретінде көрсетіліп, сол қиындықты адамгершілік, ізгілік қуатымен жеңу, еркіндік пен жауапкершілік тұлғаның ізгілікті тәрбиелеудің идеалы ретінде көрсетіледі. «Эмиль немесе тәрбие туралы» деп аталатын еңбегінде ізгілікке тәрбиелеуді баланың даму табиғатына сәйкес жүргізу идеясын алғаш ғылыми түрде ұсынған Жан-Жак Руссо болатын [95].

И.Г. Песталоццидің өзінің «Лингард және Гертруда» атты әлеуметтік-педагогикалық еңбегінде Швейцария шаруаларының өмірін жақсартуға, білім арқылы адамгершілік дәрежесін дамытуға қоғамның назарын аударғысы келді. «Бастауыш білім беру», «Аналар кітабы» атты кітаптары бастауышта оқытудың әдістерін жүйелеген еңбек болды. Элементарлық білім беру теориясын жасап, оның мазмұнына дене тәрбиесін, еңбек тәрбиесін моралдық, адамгершілік, ізгілік тәрбиесімен тығыз байланыста қалыптастыру жүйесін енгізді [96].

Ф.А.В.Дистервег ізгі тұлға қалыптастыру міндетін атқаратын ізгілікті педагогикалық жүйе туралы «Неміс мұғалімдерінің мұғалімі» атты еңбегінде кең талдап көрсетеді. Ол халыққа білім беру, ағарту арқылы қоғамның бейбіт жолмен өзгеруіне үлкен үміт артады. Дистервегтің пікірінше, мектептің міндеті – ізгі және саналы азаматтарды қалыптастырып шығару, кейбіреулер айтқандай, мүлде «нағыз пруссактарды» дайындау емес. Дистервегтің айтуынша, педагогиканың міндеті – өсіп келе жатқан өркен ұрпақтың өз бетімен ақиқатқа, әсемдік пен мейірім-рақымдылыққа қызмет етуге деген құлшынысын дамыту [97]. Дистервегтің бастауыш мектеп балаларына білім беруде жаратылыстану және математика пәндерін жоғары бағалап, осы пәндердің балалардың дамуында ерекше орны бар екенін айтқан пікірі қазіргі заман үшін де құнды деп ойлаймыз. Өйткені Дистервег өзіне дейінгі

педагогикалық жүйелерден бір қадам болса да алға шыға алды, өйткені, ол мектептің ізгілікті бағытта болуы, шовинистіктен аулақ болуын үндеді [98].

Сонымен бірге, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың педагогикалық негіздері ретінде И.Гербарттың [99], К.А.Гельвецийдің [100], Д.Дидроның [101], К.Д.Ушинскийдің [102], оның ізбасарлары И.Н. Ульяновтың [103], И.Я.Яковлевтың [104], Н.А. Корфтың [105], Л.Н. Толстойдың [106] еңбектеріндегі білім беру үдерісінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру туралы пікірлері зерттеу жұмысымызда қарастырылып, талданды. Осылайша, *жалпыпедагогикалық сипаттағы* ғылыми еңбектерді талдау негізінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық бастау көздері анықталды.

Сонымен ғалымдардың зерттеу жұмыстарына талдау жасағанда негізінен зерттеушілердің жалпы ізгілік проблемасы, оны қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан қарастыру, болашақ ұстаздарды ізгілікті қарым-қатынасқа дайындау, жеке пәндерді оқыту үдерісі арқылы әдістемелік жолдарын көрсету, жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеумен байланыстырып қарастырғаны байқалады, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру жете зерттелмегендігі айқындалды. Сондықтан ізгілікті қарым-қатынасты бөлшектемей,тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі ретінде қарастыру педагогика ғылымында арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі деп есептейміз. Қазіргі ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы және өзара байланысы, ғылым алдымен ғылым үшін емес, жеке адамның дамуы, қалыптасу тағдырымен байланыстылығы, ғылымдар арасындағы өзара байланыс адамның интеллектілік өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық байлық көзінің бірлігін, тұтастығын көрсетеді. Соның ішінде ізгілікті қасиет барлық адамзат баласына ортақ қасиет екендігін ғыдымдар байланысынан айқын көруге болады деп тұжырымдаған [107].

В.И. Вернадскийдің «ноосфера» теориясы – жаратылыстану мен әлеуметтік идеялардың өзара кіріге келе, дүниені танудың интеграциялық жүйесі. В.И. Вернадский кезінде ғылым салалары келешекте зерттеу нысаны бойынша емес, шешілуі тиіс проблемалары бойынша топталып, біріге бастайтынын айтып кеткен еді [108]. Бұл туралы келесі тармақшаларда кеңірек талдайтын болғандықтан, осы тұста педагогикалық негіздерін жүйелеуде В.И. Вернадскийдің идеясының да орын алатынын тек атап өтіп отырмыз.

Келесі, яғни бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың *дидактикалық негізін* құраушы ғылыми еңбектерді талдау барысында зерттеу жұмысымыздың тақырыбына тікелей байланысты теориялық түйіндерді жүйелеу міндетін шешу алға қойылады. Ғылым саласында және білім беру үдерісінде интеграция мен дифференциация үздіксіз жүріп жататын үрдістер (тенденция) екені белгілі. Қазіргі ғылыми ақпараттардың ағыны қарқындап жатқан әрбір сәтте, оның мазмұнының күрделілігі тек бір ғылымның ұғымдық аппаратымен танылуы қиынға соғып жатқандықтан, мәселені тереңдей тани түсуімен бірге, таным аясын кеңейтіп, басқа салаларға қатысты қырларын да қамтып отыруының қажеттілігі туындап

отыр. Дифференциация іштей тарала дамуын білдірсе, интеграция кең арнада қаралуын мүмкін етеді, Интеграциялық үрдістің әлеуметтік-гносеологиялық, дүниетанымдық, логикалылық-әдіснамалық, ақпараттық-технологиялық оң қырлары өте маңызды болып табылады [109].

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру дегеніміз – оқушылардың дүниетанымдық, моральдық, іскери қасиеттерін әлеумет пен табиғат ортасында субъект-субъектілік қарым-қатынас негізінде, ізгілікті шешімдер қабылдауында, өзінің іс-әрекеті мен мінез-қылығының әлеуметтік және табиғат ортасында әсем ізгілікпен үйлесім жасай білуінде көрініс табатын тұлғалық интегративтік қасиеттерді қалыптастыру. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың дидактикалық негізін анықтап, бір жүйеге түсіру дидактиканың басты категорияларымен тығыз байланысты. Дидактиканың басты санаттары дегеніміз – оқыту, оқу, білім беру, білім, дағды, білім берудің мақсаты, оқыту ұстанымдары, білім мазмұны, білім беруді ұйымдастыру, оқыту формалары, оқыту/оқу әдістері, оқыту құралдары, оқытудың нәтижелері [110].

Білім берудегі интеграцияға талпыныстың алғашқы көріністерін американдық білім беру жүйесінде пайда болған «жоба әдісі» жүйесі арқылы көруге болады. Дж.Дьюи мен У.Килпатрик XIX ғасырдың екінші жартысында «жоба әдісін» енгізіп, «білім алу дегеніміз – оқушылардың практикалық іс-тәжірибесін меңгеруі» деген басты қағиданы ұстанды. Кешенді-жобалық оқу бағдарламаларын енгізе отырып, Дж.Дьюи Мен У.Килпатрик оқытуды оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбек атқаруымен тығыз байланыстырды [111].

XX ғасырдың 1923-1925 жылдары қолданылған «ГУС бағдарламасынан» көруге болады. Кешенді оқу бағдарламасын қолдану арқылы оқушыларға «табиғат – еңбек – қоғам» туралы біртұтас білім беру көзделген. 1-сыныптан бастап 5-сыныпқа дейін барлық кешенді оқу материалдары үш баған бойынша бөлініп берілді: 1) табиғат және адам; 2) еңбек; 3) қоғам. Оның ішінде 1-сыныпта баланың отбасындағы және мектептегі өмірі туралы мәліметтерді меңгеруі көзделінді, ал 2-сыныпта туған ауылының немесе қаласының өмірімен байланысты мәліметтер меңгерту жүргізілді, 3-сыныпта губернияның өмірі, 4-сыныпта – республикасының өмірі, 5-сыныпта елдің өмірімен байланысты мәліметтер берілді [112].

Бұл аталған оқу бағдарламалары, жалпы дидактика тарихында білім беру арқылы баланың біртұтас дүниетанымын қалыптастыру мәселесі бар екенін айқын көрсетті және оған шешім болуы мүмкін деген түрлі жолдар ұсынды.

Дидактикада оқушының жекелеген пәндерді оқуы барысында алатын білімінің тұтас дүниетаным қалыптастыруға қалай ықпал ететіні туралы мәселе әрдайым қарастырылып келді. Бұл жерде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғалы бері қалыптасып, жетіліп келе жатқан педагогика саласындағы ізденістерді айтуға болады. Интеграция негізінде білім берудің дидактикалық негіздері бұрын бөлек-бөлек болған бөлшектер мен элементтердің өзара байланысуы мен өзара бірін-бірі толықтыруы

мақсатындағы кірігуі барысындағы оқыту ерекшеліктерін анықтауды білдіреді. Осы бағыттағы зерттеулер талдауға түсіріліп, дидактикалық ұстанымдар мен дидактикалық басқа санаттардың өзіндік ерекшеліктері анықталды. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі интеграциялық үдерістің ерекшеліктері теория жүзінде де, тәжірибеде де педагогика саласында, әлеуметтану, психология, философия салаларында әрдайым қарастырылып келеді. Теориялық тұрғыдан арнайы зерттеген еңбектердің қатарында А.Бейсенбаеваның [13], Ә.М. Мұханбетжанованың [14], Г.К.Шолпанқұлованың [21], К.Ж. Жүнісованың [15], Ж.А. Қараевтың [16], Т.С. Сабыровтың [17], Р.М. Қоянбаевтың [18], Р.К. Бекмағамбетованың [19], Қ.Т. Ыбраимжановтың [20], Т.Б. Байназарованың [23], Н.С.Алгожаеваның [24], Б.М.Жапарованың [25], А.Д.Болтаев [26], Ж.А. Жұмабаеваның [27], Р.А.Дарменованың [28], Ә.М.Шерзадиннің [29], А.А.Куралбаеваның [30] т.б. ғалымдардың еңбектері талданды. Бастауыш мектепте оқытудың әдістемесін жан-жақты қырынан зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымды пікірлер басшылыққа алынды.

Шетелдік ғалымдардың, оның ішінде түркі тілдес мемлекет ғалымдарының, атап айтқанда, Seda Çelik [113], R.A.Mavlonova, N.H.Rahmonqulova [114], Günel Əsgərova, Rumiyyə Piriyeva [115] және ресейлік ғалымдардың, олардың ішінде В.В. Краевскийдің [116], Ю.К.Бабанскийдің [117], И.Я. Лернердің [118], В.В. Давыдовтың [119], А.В. Хуторскойдың [120], В.И.Загвязинскийдің [121], М.Н. Скаткиннің [122], В. Безрукованың [123], еңбектеріндегі интеграциялық негіздегі оқыту мен ізгілікке тәрбиелеу тақырыбына қатысты мәселелер талдауға түсірілді.

Бастауыш сыныпта оқылатын пәндер, яғни «Әліппеден» басқа пәндер, оқушының өзін қоршаған ортаға деген білімді көзқарасын қалыптастыруға бағыттала отырып, оқушының ізгілік қарым-қатынасын қалыптастыруға деген мол мүмкіндіктерін толыққанды пайдалана алмай келеді. Өйткені, пәндердің білім мазмұны арасындағы дидактикалық-тәрбиелік байланыстары анықталмағандықтан, мұғалімдер әр пәнді, әр тақырыпты жеке-дара меңгертіп, дербес ұғымдар қалыптастырып келе жатқаны белгілі.

Қазіргі заман – білім берудің монологтік жүйесінің тиімсіз екенін дәлелдеп отырған заман. Сондықтан бастауыш сынып оқушысының дүниетанымы шынайы өмірдегі накты байланыстарды интеграциялық байланыста танытатын білімге негізделуі тиіс. Өзара интеграциялық байланыс арқылы меңгертілген әр пән бойынша білім мазмұны оқушыға қазіргі кездегі ақпарат ағынын жинауға, сақтауға, өңдеуге қатысты жаңа мүмкіндіктер ашып береді.

Дидактиканың маңызды санаты – білім мазмұны десек, интеграцияланған білім мазмұнының бастауыш сынып оқушысының ізгілікті тұлғасын қалыптастыруда зор қуаты бар екенін түсіну қиын емес. Білім мазмұнының интеграциялануы педагогикалық еңбектерде түрліше түсіндіріледі. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда меңгертілетін білім мазмұны мен құрылымы ғылыми негізде болуы керек. Ең аз деген көлемде берілетін білім мазмұнының өзі оқушыға біртұтастықпен көрсетілген дүниетаным көрінісі ретінде меңгертілуі қажет.

Дамудың қарапайымнан күрделіге қарай жүру жолының өзі осы айтылғанмен байланысты [124]. Біздің ойымызша, білім мазмұнын интеграциялау үш деңгейде болуы дұрыс.




Сурет 1 – Білім мазмұнын интеграциялау деңгейлері

Суретте аталған ұғымдарға түсінік беріп өтеміз. Бұл жердегі пәнішілік интеграция дегеніміз – бір пәннің мазмұнындағы тақырыптардың, тақырыптардағы білім мазмұнының, ұғымдардың, дағдылардың т.б. өзара интеграциясы. Пәнаралық интеграция дегеніміз – екі немесе одан да көп пәндердің білім мазмұнындағы деректердің, ұғымдардың, қағидалар мен ұстанымдардың, дағдылардың т.б. өзара интеграциясы. Ал транспәндік интеграция дегеніміз – негізгі білім беру мазмұны мен қосымша білім беру мазмұнындағы компоненттердің жинақталып, синтезделуі.

Ж.Жұмабаева интеграцияның білім берудегі орны мен маңызына тоқтала келіп, интеграцияның білім мазмұнының үш компонентінде көрініс табатынын атап көрсетеді. «Оларды атап айтар болсақ, білім жүйесінде, дағдылар жүйесінде, оқу-танымдық қатынастар жүйесінде»[27]. Біз де интеграциялаудың білім, дағдылар, қарым-қатынастар жүйесінде көрініс беруі туралы пікірді қолдаймыз.




Сурет 2 – Интеграцияның білім мазмұны компоненттерінде көрініс беруі

1-4 сыныптарда оқылатын «Дүниетану» пәнінің ішкі интеграциялық потенциалы өте зор екенін жаңартылған оқу бағдарламасын талдау барысында айқын көз жеткізе аламыз.

Дидактикалық негіздерге сүйене отырып, «Дүниетану» пәнінің ішкі тараулары мен бөлімдерінің интеграциялық сипаты және ол сипаттың бір сыныптан екінші сыныпқа өтіп отыратынын көреміз. Оқу бағдарламасын талдау нәтижесін Эйлер-Венн диаграммасы арқылы келесідей етіп көрсетуге болады.

Бірінші деңгейдегі байланыс – әр сыныпқа бөлінген тараулардың интеграциялық қатынасын туындатады.




Сурет 3 – 1-4 сыныптағы «Дүниетану» пәнінің ішкі интеграциялық сипаты

Осы байланыс негізінде екінші деңгейдегі интеграциялық байланыс – сыныптар арасындағы интеграцияны көруге болады.




Сурет 4 – Пән мазмұнының сыныптар бойынша интеграциялануы

Осының негізінде келіп, «Дүниетану» пәнінің бастауыш сынып оқушысының біртұтас дүниені тану картинасын қалыптастырудағы дидактикалық талаптарға сай функциясы анықталды.

Дидактиканың маңызды санатының бірі – дидактикалық ұстанымдар болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың дидактикалық ұстанымдарын қарастыруда жалпыдидактикалық ұстанымдардың негізге алынатынын атап кетеміз. Жалпыдидактикалық ұстанымдардың ерекшелігі атаудың өзінен көрініп тұрғанындай, білім беру үдерісіндегі барлық пәндерді оқытуға ортақ және барлығын орталық тізгінге біріктіруші қағидалар болып табылатындығында.

Жалпыдидактикалық ұстанымдар қатарында:

- ғылымилылық ұстанымы,
- білім мазмұнын сұрыптау ұстанымы,
- пәнаралық байланыс ұстанымы,
- қолжетімділік ұстанымы,
- көрнекілік ұстанымы,
- білімнің практикамен, өмірмен тығыз байланыстылығы ұстанымы,
- жеңілден күрделіге қарай жүру ұстанымы аталады [125].

Жалпыдидактикалық ұстанымдар деп айтқанмен, бұл қағидалардың, әрине, қоғамымыздың дамуына сай және бастауыш мектепте оқытылатын пәндердің, сонымен бірге зерттеу тақырыбы болып алынып отырған мәселенің белгілі бір проблемасын шешуде сенімді тірек болуы көзделетіні белгілі. Жалпыдидактикалық ұстанымдар, өз кезегінде, «Дүниетану» пәнін бастауыш сыныптарда оқытудың өзіндік ұстанымдарымен байланысты болатыны белгілі [126]. Сондықтан, дидактикалық еңбектерді талдау негізінде «Дүниетану» пәнін оқытудың келесі ұстанымдары жүйеленді:

- саналылық және белсенділік ұстанымы;

- оқушылардың пәндік және көрнекі-бейнелі ойлауын қалыптастыру ұстанымы;
- жүйелілік және бірізділік ұстанымы;
- сабақтастық ұстанымы;
- пәнді оқытудың туған аймағын танумен байланыстылығы ұстанымы .

Ендігі орында нақты бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру ұстанымдары жүйеленетіні орынды. Ол ұстанымдардың қатарында келесілерді атауға болады деп ойлаймыз:

- интеграциялық ұстаным;
- білім беруді ізгілендіру ұстанымы;
- экологиялық білім негізінде тәрбиелеу ұстанымы;
- оқытудың саналылық және белсенділік ұстанымы;
- біртұтас дүниетаным қалыптастыру ұстанымы.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың дидактикалық негіздерін құраушы маңызды санаттарына *оқыту формасы* мен *оқыту әдістері* жататыны белгілі.

Абайдың «нұрлы ақыл» және «суық ақыл» ұғымдарын бөліп қарастыруы біздің зерттеу тақырыбымызға өте сай қағида ретінде басшылыққа алынады. Өйткені, тек білім мазмұнын меңгерту оқушының «суық ақылын» қалыптастырып, дамытып бұрып әкетеді. Ал «нұрлы ақылды» қалыптастыру үшін оқушының білім мазмұны мен білім алу әдістері және көздейтін мақсаты, оқу формасы барлығы психологиялық жайлылық туғызып қана қоймай, білім алудың нәтижесін де «нұрлы» етіп, адамзаттың пайдасына жаратуды ойлайтындай бағдарда меңгертілуі керек. Осы айтылғандар бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру үдерісінде сабақ пен оның түрлерінің, оқушының сабақтан тыс өз бетімен білім іздеу жұмыс түрлерінің зор маңызға ие екенін білдіреді.

Егер дәстүрлі сабақтың форматын алып қарайтын болсақ, онда мұғалім – субъект, ал оқушы – нысан ретінде дайын білімді тыңдау арқылы пассив қабылдаушы ретінде қала береді. Ал инновациялық сабақ формасын қолданатын болсақ, онда мұғалім мен оқушының субъект-субъектілік дидактикалық қатынасқа негізделген актив, белсенді оқу-танымдық іс-әрекеті өтетін сабақ үдерісін көре аламыз [127].

Интеграциялық сабақ – инновациялық сабақтың бір түрі болып табылады. Интеграциялық сабақтардың ерекшеліктері оның мүмкіншіліктері жоғары болуымен танылады. Өйткені бала бір оқу тақырыбы бойынша кең аядағы жан-жақты оқу-танымдық іс-әрекеттер арқылы өте қуатты ойлау тетіктерін іске қосып, жан-жақты ойлау дағдыларын игере алады.

Пәнаралық байланыс негізінде құрылған сабақта әр пәннен эпизодтық фрагменттер алынатын болса, ал интеграциялық сабақтар бір нысанның, тақырыптың көпқырлы, көпөлшемді табиғатын әрбір пәнде шашыраған тұстарынан жинақтап, біртұтас ұғым қалыптастырады [128].

Интеграциялық сабақтарда оқушыларға тақырыпты меңгертудің жүзеге асырылу ерекшеліктерін білім мазмұнының қалай орналастырылғанымен

байланысты қарастыру керек. Интеграциялық сабақта білім мазмұны төрт бағытта беріледі:

- вертикалды / тігінен;
- горизонталды /көлденеңінен;
- біріզділікпен;
- параллельдікпен [129].

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруға арналған интеграциялық сабақтарда екі не одан да көп пәндердің ұқсас деректерін, ұғымдарын синтездеуде оқу әрекеттері, ойлау үдерісі жүретіні белгілі. Сондай деңгейде білім мазмұнын ерекше жүйелеудің нәтижесінде оқушылардың оқу-танымдық әрекеті жаңа сапалы деңгейге көтеріледі. Өйткені, оқушылар интеграциялық сабақтар барысында жекелеген бір ғылым саласынан ғана емес, жалпығылыми ұғымдарды меңгеруге дағдыланады. Пәндердің интеграциялық қатынасы әрбір жекелеген пәнді мазмұндық жағынан байытып, әрбір сабақтың мағыналық қабатын көбейтеді. Өйткені бір тақырыпқа қатысты бірнеше пәннің көпөлшемді таным объектісін түсіндіруі ойлаудың жан-жақтылығын ашуға көмектеседі.

Интеграциялық сабақты құру мен ұйымдастырып жүргізудің дидактикалық мүмкіншіліктері өте мол екенін келесі кестеден көруге болады.

Кесте 3– Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша «Дүниетану» пәнінің интеграциялық мүмкіншіліктері

| ДҮНИЕТАНУ | ПӘНДЕР | Қазақ тілі | Әдебиеттік оқу | Математика | Жаратылыстану | Музыка | Өзін-өзі тану | Көркем еңбек | Дене шынықтыру | Ағылшын тілі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1-сынып | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| | 2-сынып | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| | 3-сынып | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| | 4-сынып | + | + | + | + | + | + | + | + | + |

Әрбір сыныптағы әр пәннің білім мазмұнында жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша «түйісетін нүктелер» мен «тоғысатын тақырыптар» легі өте мол. Осындай мүмкіншіліктің жаңартылған оқу бағдарламасында жасалуының өзі – заманауи инновациялық – интеграциялық сабақтар өткізудің дидактикалық сенімді көзі бола алады. Кестеде көрсетілгендер – тек пәнаралық байланыс емес екенін, интеграциялық сипатта құрылғанын келесі талдаудан айқын көруге болады.

Дидактикалық біртұтастық құру мақсатында осындай формада 3-сыныптағы «Дүниетану» пәнінің ішкі тақырыптарының сол сыныптағы басқа пәндермен байланысын және нақты қандай ақпаратпен қатысты біртұтастық құрай алатыны сұрыпталып, арнайы кестеге түсірілді. Төмендегі кестеде берілген арнайы интеграцияланған тақырыптар оқушының «табиғат-адам-өмір» біртұтас ұғымын қалыптастыруы үшін синтезделді.

Кесте 4 – 3-сыныптағы «Дүниетану» пәнінің ішкі тақырыптарының сол сыныптағы басқа пәндермен байланысы

| 3 сынып «Дүниетану» | Қазақ тілі | Әдебиет | Математика | Жаратылыстану | Музыка | Өзін-өзі тану | Көркем еңбек | Дене шынықтыру | Ағылшын тілі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жанды табиғат | Жанды табиғат | Жанды табиғат | Жанды табиғат | Жанды табиғат | Жанды табиғат | IV. Қандай ғажап бұл әлем! | Жанды табиғат | 5. Денсаулық және физикалық белсенділік | Animals- Жанды табиғат |
| 1.4. Денсаулық пен қауіпсіздік | 1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау | 1.5. Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру | 5.2. Математикалық тіл | 2.3 Адам | 2.1. Музыкалық шығармашылық | 27-28. Табиғатпен үйлесім | 2.1. Қоршаған ортаны бейнелеу. | Төзімділікті дамытуға бағытталған ойындар | Craft project - Қолөнер |

«Дүниетану» пәнінің барлық басқа пәндермен «дидактикалық тұрғыдан үндесуі» – жаңартылған білім мазмұнының үлкен сапаға көтерілуінің айқын белгісі. Барлық пәннің оқу бағдарламалары 1-4 сынып оқушыларының дүниетанымын шашыратпай, біртұтас етіп қалыптастыруға лайықталып әзірленген. Ендігі міндет – осыған лайықталған жаттығулар мен тапсырмалар, сабақтар жүйесін әзірлеу болып отырғаны анық.

Бастауыш мектептің жаңартылған бағдарламасын меңгертуді пәнаралық байланыс жолымен жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын зерттеген Ж.М.Саурықова жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушыға шынайы өмірді танып-білуге тірек болатынын, жаңартылған оқу бағдарламасының интеграциялық, кіріккен сипатын атап өтеді. Ал бірақ осы оңтайлы бағдарлама мен осы педагогикалық мәселенің ғылыми тұрғыдан негізделмеуінің арасындағы қарама-қайшылық бар екенін дұрыс айтып көрсетеді [32].

Интеграциялық сабақтардың келесі түрі – 3-деңгейдегі интеграцияға, яғни **транспәндік интеграцияға** байланысты сабақ. Ол дегеніміз – негізгі білім беру мазмұны мен қосымша білім беру мазмұнындағы компоненттердің жинақталып, синтезделуі. Осы дидактикалық талаптың орындалуы үшін біздің тарапымыздан бастауыш сынып оқушыларына арналған авторлық **«Табиғат - Ізгілік әлемінің бастау көзі»** атты **қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені» әзірленді**. Бұл сабақтар жүйесі мен тапсырмалар мен жаттығулар кешенінде оқушының өз бетімен жұмыс жасауы, ғылыми ізденіс пен жобалар орындауы басты орында тұрады. Транспәндік интеграциялық сабақтар жүйесінде Оқу бағдарламасына қосымша соңғы ғылыми дәлелденген ақпараттар қосылып, оқушылардың Л.С.Выготский сөзімен айтқанда «жақын аядағы даму өрісіне» шығару – негізгі мақсат етіліп қойылды [130]. Бұл сабақтар жүйесі алдағы тарауларда нақты сипатталатын болғандықтан, бұл тұста тоқталмаймыз.

Адамның жеке тұлға ретіндегі сапалық көрсеткіштерінің бірі – оның бойында ізгілік қасиетінің болуы бүкіл адамзаттық құндылықтардың ірге тасын қалайды. Білім берудегі ізгілендіру идеясын жүзеге асыру – барлық білім беру жүйесінің, әсіресе, білімнің алғашқы негізі қаланатын бастауыш мектептің міндеті.

Қоғамның жаңа дәуірге көшу үдерісі жағдайында халықтың ғасырлар бойғы жинақталған ізгілік мұрасына ден қоюы – адамгершілік, адамзаттық прогрестің айқын көрінісі. Ізгілік барлық адамзат баласын жақсы көруден, адамдарға құрметпен қараудан, адамның өзін-өзі тануынан, өзіне-өзі баға беруінен басталады. Ол – адамның өзінің өмірдегі орны мен өмір сүрудің негізгі өзегі мен мән-мазмұнын түсінуі.

Педагогикалық тұрғыдан ізгілік жеке тұлғалардың арасындағы қатынастардың сүйіспеншілікке негізделуі, жеке тұлғаның ар-намысын, абыройын, ар-ожданын құрметтеу, жоғары адамгершілік, парасаттылық қасиетпен қамқорлық жасау, адамдарды сүйе білу, қадірлеу деп анықталады [65].

Адамға қалай да болса, қашан да болса пайда келтіретіндей ой һәм іс «ізгілік» деп аталатынын айта келе М.Жұмабаев ізгілікке ұмтылу жауыздықтан безу – адам жаратылысының өзінде бар нәрсе екенін көрсетеді. Кімде-кім өзін, туыстарын, өз елін сүйсе, әсіресе, бүкіл адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі деп атаймыз, өзін-өзі соқыр сезіммен мал да сүйеді. Адамның адам болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүю шарт [97].

Ізгілікті білім беру педагогикада оқушыларға ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім беру болса, ізгілік тәрбиесі ұрпақты халық педагогикасын пайдалана отырып рухани құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға, барша адамзат баласын сүюге тәрбиелеу болып табылады.

Адам бойындағы ізгіліктілік екі жақты әрекет арқылы пайда болады. Оның бірінші жағы – адамның өзін-өзі тани білуі, ал екінші жағы, өмір сүру үшін күресу, тұлғаның құндылық қасиетті бағалауы және оның ізгілікке жат іс-әрекетті танып білуі, ізгілікті әлеуметтік құбылыс ретінде қарауды ұсынады. Осыдан ізгілікті – адамгершілігінің жоғары болуы, адамшылық қасиеті, қайырымдылық жасау, мәдениеттілігі, адамдардың бір-біріне, табиғатқа, қоршаған ортаға сүйіспеншілігі және оны бағалап, қамқор болуына жетелейтін күш деп қарастыруға болады [19].

Бастауыш сынып оқушыларына ізгілікті тәрбие беру мәселесін зерттеуде Ш.Амонашвилидің қосқан үлесі орасан зор. Ш.Амонашвили оқыту үдерісінің жақсы нәтиже көрсетуі мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетіне, өзара ынтымақтастығына байланысты, ал жеке адамның мүмкіндігінің ашылуы педагогикалық үдерістің сипаты мен бағытына, педагогикалық ортаға, педагогикалық жағдайларға байланысты деп түсіндіреді.

Ш.Амонашвили педагогикалық үдерісті мұғалімнің оқушының қиындықты жеңуге көмектескен сәттегі ынтымақтастығы, берген бағыт-бағдары деп бағалайды. Оның ойынша, мұғалім балаға материалды дұрыс түсіндірсе, қалай орындайтындығы жөнінде бағыт-бағдар берсе, тұспалдаса, ынталандырып қызықтырса, сенім ұялатса, сонда ғана ол балаға көмек қолын бергендігін көрсете алады, ізгілік педагогикасын жүзеге асырады. Ш.Амонашвили ұсынған ізгілік педагогикасының негізгі мақсаты төмендегідей: мұғалім де, оқушы да субьект болады; оқушыға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлікте жүруі, ұйымдастырылуы; талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына өту; басымдылық көрсетілмеу қажет; бірлік одақта ұйымдасып қызмет етіледі; оқушыға жеке тұлға ретінде қарау; мұғалім мен оқушы арасындағы өзара түсіністік; оқушылармен жылы қарым-қатынас жасау; оқушының жеке басын қадірлеу; оқушылардың кемшілігін сынып алдында айтпау; оқушыға сенім білдіру, талап қою, болашағына үмітпен қарау; оқушының қуанышы мен қайғысына ортақтаса білу [131].

Ш.Амонашвили жоғарыда аталған дүниелердің баланың рухани тұрғыда терең жетіліп, өзгелермен ізгілікті қарым-қатынас орнатуына тікелей әсер ететіндігін жеткізеді. Оқушыларды күн санап дамыған қоғамда ізгілікке тәрбиелеу үшін ұлы тұлға, ұлы ұстаз атанған Ш.Амонашвили әдістемесін қолдануды ең таптырмас дұрыс шешім деп білеміз. Ш.Амонашвили бойынша ізгілікке тәрбиелеудегі ең негізгі әдіс – мұғалімнің әңгімесі, еркін пікір алмасулар, аңыздар оқу. Сонымен қатар алыс әлемдерге ұшу, өз қалалары мен мемлекеттерін салу туралы армандар, өзінің жақындары мен туыстарының, адамдардың өмірін жақсарту туралы ойлау, өз жүрегіне үңілу, өзін қоршаған барша жанға деген сүйіспеншілікпен қарау. Сол сияқты тәжірибеде орын алып

жүрген: жақындары мен туыстарына, ғаламшар адамдарына, жер бетіндегі балаларға ізгі ойлар жолдау, ізгі тілектермен хат жаздыру. Мұндай сабақ тіпті бала үйіне келген соң да бітпейді: мұғалім оның жадында, ізгілік ойында қалады. Осындай білім беру үдерісінде бала өмірдің қалыптасқан жағдайларына бейімделместен, оның талаптарын өзгертуді, жақсартуды, жетілдіруді, оның сапасын арттыруды үйренеді. Одан әрі, келесі бір жолы– ізгілік тақырыбына құрылған тәрбиелік сабақты тұжырымды етіп тарқатуды оқушының өзіне ұсыну. Нәтижесінде бірнеше педагогикалық міндеттер шешіледі: біріншіден, оқушылар шығармашылық өз ойын, батыл пайымын, сөз мәдениетін тәрбиелеуге мүмкіндік беретін сабақтың міндеттерін өздері ұсынады; екіншіден, сабақ үстінде шешуге тура келген мәселелерде сыни ойын, пікірін жеткізе алады, жігерлілік қасиетке тәрбиеленеді; үшіншіден, сабақтың өзектілігін жете түсінеді, өмірлік дұрыс көзқарасы қалыптасуына ықпал етіледі; төртіншіден, мұғалім пікірлесу барысында оқушылар арасындағы ізгіліктік қарым-қатынастың деңгейін байқайды. Ш.Амонашвили аталған әдістерді оқыту үдерісінде жүйелі қолдана білу – нәтижеге жетудің басты жолы деп көздейді [132].

Ш.А.Амонашвилидің «Мұғалім өз сабағын сүймесе, оған өзі сүйсіне білмесе, ол шәкірт бойына да сүйіспеншілікті дамыта алмайды»,– деген пікірінен жеке тұлғаның ізгілік қасиетін дамыта оқытуда мұғалімге қойылатын талаптың да маңызды екені байқалады [131].

Осы тармақшаның алға қойған төрт міндетінің төртіншісі – ғылыми – педагогикалық зерттеулер мен еңбектерді талдау нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың *тәрбиелік негізін* жүйелеу.

Әбу Насыр Әл-Фараби нағыз ұстазды: «Тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына, шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық, талап болу қажет. Себебі ұстаз, әр уақытта, білімімен, тәрбиелігімен жоғары тұру керек» дейді.

Әлемдік өркениет құндылықтарына сай адамдарды ізгілікті қарым-қатынасқа тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Мұны жүзеге асыруда Абай еңбектеріндегі адам болу қағидасын басты назарға алудың маңызы ерекше. Жалпы адам баласы туылған сәтінен бастап, өмірден озған уақытына дейін басқа адамдармен қызметі пен құрылымы алуан түрлі қарым-қатынас кеңістігіне енеді. Абай шығармалары күнделікті тірлігімізді, рухани әлемімізді – қарақан басты алып жүруден бастап, биік адамгершілікке дейінгі аралықта суреттейтін құнды мұра болып табылады. Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті, – дей келе, Ұлы Абай осы «Үш сүюден» барша әлемде ізгілік орнайтындығын жеткізеді [133]. Кемеңгер ақын өзінің 38-қара сөзінде «Толық адам» болмысы арқылы өзге адаммен ынтымақта болуға қажетті үш құндылықты айқындайды. Олар: *нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек.* Осы құндылықтар бірлігін адамның рухани жетілуіне бастау болар

қазынаға балайды. Абай қарым-қатынас барысында адамның өз мінез-құлқының қалыптасуына үлкен мән бере отырып, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі туралы ойды баса айтады. Бұл жөнінде Абай былай дейді: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал!». Яғни, Абайша есеп алу қарым-қатынас барысында өзіміз ренжіткен адамдардан кешірім сұрап немесе өзгелерді кешіру арқылы жағымды арнаға бұрылары анық. Қоғамда өмір сүріп жатқан әрбір адамның «ой кеселдеріне шалдығуы» сол ортадағы адамдарға қарым-қатынас барысында кері әсерін тигізбей қоймайды.

Мұның дұрыс жолға қойылуы үшін адам ішкі қалпының, ішкі жан дүниесінің Абай көрсеткен «Адам бол» қағидасына қаншалықты сәйкестігін аңғаруы тиіс. Абай «Адам бол» қағидасында адам үшін, адамның дұрыс өмір сүруі үшін тірек болар «бес асыл істі: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым» насихаттап, кері әрекеттер туындататын «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сынды бес нәрседен қашық болуға» шақырады [134].

Қазақ халқы өзінің табиғи болмысынан адамгершілікті, өзгеге деген өлшеусіз рақым мен ізгілікті, сый мен құрметті, болаттай беріктілік пен төзімділікті сүйетін халық. Сондықтан да ХХ ғасырдың ауыр жылдарында Қазақстан қазақ мәдениетінің ашықтығы мен дәстүрлерінің ұжымдық қалыптасуы арқасында басқа ұлттардың зиялы қауым өкілдерінің Отанына айналды. Дегенмен де соңғы жылдары әлемде болып жатқан әлеуметтік мәселелер, яғни тастанды, жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың көбеюі, сәтсіз отбасылар, адамдар арасындағы зорлық-зомбылық, өшпенділіктің, ыза-кектің артуы, мейірімділіктің жойылуы секілді дүниелер біздің елімізді де айналып өтпеді.

Қазіргі кезеңде Қазақстан үшін өскелең ұрпағының адамгершілік пен адалдықтан айнымаған, білімді де саналы, өз елінің нағыз патриоты болып өсуі үлкен маңызға ие болып отыр. Осы мақсаттың жүзеге асуы үшін білім беру ұйымдарында оқушыларға сапалы біліммен бірге ізгілікті тәрбиені де ұштастыруымыз қажет. Қоғамның ілгері дамуы, техника мен технологиялық жетістіктер, қолжетімді ақпараттанудың өз пайдасымен қатар балалар мен жасөспірімдердің рухани-адамгершілік тұрғысында дамуына өз кері әсерін тигізіп жатқандығы да айқын. Осы тұста заман талабына сай білім беру жүйесі өзінің басым бағдарын жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне арнай бастады.

Рухани-адамгершілік – ол қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым. Ал, ізгілік тәрбиесі – инабаттылыққа, кішіпейілдік пен мейірімге баулудың жолы [135].

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісіндегі ізгілікті тұлға қалыптастыру мәселесі туралы әзірбайжан ғалымы Ф.Рустамов былай айтады: «Педагогикадағы ізгілік тұтас педагогикалық үдерісті ізгілендіруді қажет етеді. Бұл, бір жағынан, педагогикалық үдеріске қатысушылардың ізгілікті қарым-қатынасын керек етеді (мектеп директоры – мұғалім, мұғалім – мұғалім, мұғалім – оқушы, мұғалім – ата-ана), ал екінші жағынан, оқытудың мазмұнын, формасын және әдістерін оқушының жеке тұлғасы дамуын қамтамасыз ететіндей болып

құрылуын керек етеді. Білім берудің ізгілендірілуі, ең алдымен, оқушыларды тікелей оқыту үдерісінде дамытудың жолын қалайды, оқу үдерісінде оқушы өзін жеке тұлға ретінде танып, өзінің ішкі мүмкіншіліктерін дамытуға жайлы шарттар жасалуын керек етеді. Оқушы білім алатын орта, педагогикалық жүйе нақ осындай болуы керек. күшпен берілген білім сананы тұншықтырады» [136].

Осылайша, ізгілікті қалыптастырудың тәрбие үдерісінің интеграциялық сипаты қоғамның барлық әлеуметтік институттарының педагогикалық күштерін біріктіруді талап етеді: мектептер, отбасылар, қоғам, балалар ұйымдары және мектептен тыс мекемелер, олардың әрқайсысы осы бағытта жұмыс істеуге үлкен мүмкіндіктерге ие. Бұл өзара әрекеттесудегі жетекші рөл адамзаттың қалыптасуы үшін қажетті жағдайларды жасайтын бастауыш мектепке тиесілі: табиғатқа, басқа адамдарға ізгілікті қарым-қатынасты көрсетуге жеткілікті физикалық дайындық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірді дұрыс қабылдауға және түсінуге дайын болу. Бұл бастауыш мектепте танымдық, эмоционалды және мінез-құлық критерийлерінің дамуына үлкен әсер ететін әртүрлі формалар мен әдістерді қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының әртүрлі әлеуметтік пайдалы іс-әрекеттерін ұйымдастыруға тамаша мүмкіндік бар [137].

Қазіргі адамзаттың болашағына ақпараттық технологияның қарқынды дамуымен қатар табиғат экологиясы, әлемде орын алып жатырған жағдайларға байланысты адамгершіліктің күйзеліс қаупі төніп тұрған кезде адам өміріне ізгілікті көзқараспен қараудың жауапкершілігінің өзекті болу орны ерекше, оқушының жеке тұлға болып қалыптасуында тәрбиенің ізгілікті бағыт алуы маңызды. Қазіргі қоғамның жаңару саясаты, нарық экономикасына көшуі адам тәрбиесі мәселесін шешудің тиімді жолы болса, ал адам өз тарапынан нарықтық экономика механизмін іске асырудың маңызды факторларының бірі болып саналады. Ізгілікті тәрбиенің мақсаты – бәсекеге қабілетті, өз әрекетіне толық жауап бере алатын, адамның рухани байлығы мен мәдени етін, зияткерлік әлеуетін, кәсіби дағдыларын жетілдіретін, экономикамызды, рухани-әлеуметтік өмірімізді, өркениетімізді көтеретін жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Қазіргі кезде біздің қоғам дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең – ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық-коммуникативтік технологиялар оның табиғи ортасына айналып отыр. Қоғамның дамығанына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер болғанымен, рухани, адами ізгілікті қарым-қатынас жасау тұрғысынан оң нәтиже бар деп айту қиын. Жеке тұлғаның айналасына, жалпы әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасауы өзінің жан дүниесі мен түсінігін дұрыс жағынан, сөйлеу мәдениетін, іс-әрекет мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Жалпы ізгілік ұғымы – адамдарды сүю, жақсылық жасау, жанашыр болу, барлық адамзат баласын бауырым деп қарау. Ал ізгілікті қарым-қатынас дегеніміз жеке тұлғаның бойындағы ізгілікті әрекеті, мінез-құлқы, ізгілікті білімдер жиынтығы болып табылады. Ізгілікті қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, адамгершілік сезімді дарыту және дамыту.

Бастауыш сынып оқушысын ізгілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың берері мол. Халық педагогикасы болашақ өскелең ұрпақты өмір сүруге, еңбек етуге дайындау, баулу, өзінің елін, жерін сүю секілді жоғары адамгершілік, имандылық, ізгілік қасиеттерге тәрбиелейді. Болашақ ұрпақты терең философиялық, педагогикалық, психологиялық ойлармен, теориялармен, халқымыздың бай тәжірибесімен таныстырудың маңызы зор. Халық педагогикасы арқылы оқушылардың тарихына, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына деген құрметінен бөлек, тәрбиелік жағынан тұлғаның рухани дамуына мүмкіндік береміз.

«...өз халқының және өзге халықтардың мәдениеті, дәстүрін сыйлай білу, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды құрметтеу сезімі қалыптасады, азаматтық құқықтар мен міндеттерді түсінуіне жағдай жасайды, қоғамдық әдеп нормаларын ұстану қажеттілігін және әлеуметтік ортада қауіпсіздік тәртіп ережелерін сақтай білуін қамтамасыз етеді [138].

Еліміздің кез-келген салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын алып қарасаңыз, үлкенге құрмет, кішіге ізеттілікті көрсету, әрбір қазақ баласының бойынан табылуы керек қасиеттерді көруге болады. Яғни, оқушының өзіне, айнала қоршаған ортаға ізгілікті көзқарасының қалыптасуы, оны күнделікті өмірде қолдана алуға мүмкіндік береді. Осы арқылы білімнің негізі, іргетасы қаланатын бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасын ізгілікке бағыттай отырып тәрбиелеуімізге болады.

Сондықтан да «Қазіргі кезеңде Қазақстан үшін өскелең ұрпағының адамгершілік пен адалдықтан айнымаған, білімді де саналы, өз елінің нағыз патриоты болып өсуі үлкен маңызға ие болып отыр. Осы мақсаттың жүзеге асуы үшін білім беру мекемелерінде оқушыларға сапалы біліммен бірге ізгілікті тәрбиені де ұштастыруымыз қажет» [139].

Тармақшада бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері – жалпыпедагогикалық сипаттағы ғылыми еңбектерге, дидактикалық негізін құраушы, психологиялық негізін құраушы, тәрбиелік негізін құраушы ғылыми еңбектерге талдау жасалынды. Бұл теориялық ілімдердің де әдіснамалық тұрғыдан қандай бастауларға сүйенетіні туралы келесі тармақшада қарастырылады.

## 1.3 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Қазіргі заман педагогикасында білім беру барысында бастауыш сынып оқушыларының біртұтас дүниетанымын қалыптастыра отырып ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру тиімді педагогикалық ықпал жасау жүйесін іздеудің бір саласы болып отыр. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру бойынша мәселелер осы саланы зерттеген педагог-ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып келгені белгілі. Пәндердің интеграциялануын ізгілікті бағытта оқытуды дамыта оқытудың бір

бағыты ретінде қарастырып, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін жоғарылатып, универсалды білім алу жүйесін құру мүмкіндігі зор болады.

Сондықтан әдіснамалық тұғырын жүйелеуде интеграция теориясы, этика мен философиядан ізгілік туралы зерттеулер [140], интеграциялық оқыту теориясы [141], таным мен оқу-танымдық аспектіден Дж.Брунердің теориясы [142], дамыта оқытудың бағытын қалаған Д.Б.Эльконининнің [143], В.В. Давыдовтың [144], С.Рахметованың [145], Ә.Е.Жұмабаеваның [146], бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қатынасын қалыптастыруға байланысты еңбектер [147], [148], ақыл мен парасаттың ізгілікті адам қалыптастырудағы орны туралы ноосфера теориясы [149], білімнің құндылығы туралы [150], педагогикалық синергетика теориясы [151], әрекет теориясы [152], жүйе теориясы [153], педагогикалық жүйені модельдеу теориясы біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық тұғырымызды құрайтын ілімдер деп санаймыз.

Төмендегі 5-суретте бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларының біртұтас жүйесі берілді.




Сурет 5 – Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

*Білім философиясы тұғыры.* Білім философиясы тұрғысынан бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру ізгіліктің/гуманизмнің болмысы тұрғысынан қарастырылатыны белгілі.

Философиялық энциклопедияда ізгілік ұғымына келесідей анықтама береді: «Ізгілік – адам затының моральдық табиғатын құрайтын, рухани болмысын айқындайтын этикалық категория. Адамның кісілік оң іс-әрекетін, әдет-дағдысын, мінез-құлқын белгілейтін антропотектік қасиеттерінің жиынтық атауы. Ізгілік дегеніміз – адамға ғана тиесілі болатын, оны басқа тіршілік иесінен ерекшелеп тұратын, адамды өз болмысы шеңберінде болу мүмкіндігін

қамтамасыз ететін субстанциялық бастаманың бірі. Ізгілік дегеніміз – моральдық-рухани құндылық. Ізгілік дегеніміз – адамға тән табиғи ерік бостандығының көріну формасы» [154].

Біз өмір сүріп отырған осынау әлемнің әсем үйлесімділігін дамытудың негізгі онтологиялық субстанциялық ретін құраушы әрекет ете отырып, ізгілік адамның адами болмысын қалыптастыруда ерекше қызмет атқарады. Өйткені тек ізгі әрекет етуі арқылы ғана адам баласы өзінің рухани жүйесін қалыптастыра алады, ізгілікті болмай, руханиятқа ие болу мүмкін емес. Ал рухани әлем – адамның адамдық негізі. Ізгілік әрекет ізгілікті қарым-қатынас жасаудан туындайды.

Ізгілікті, ізгілікті қарым-қатынасты зерттеген А.Сағиқызының айтуынша: «Гуманизм идеясының бейнеленуі және қоғамда жүзеге асырылуы гуманизациялау деп аталады. Яғни гуманизация – қоғамдық құбылыс, ол арқылы гуманистік идеялар қоғамда жүзеге асады, бұл – прогрессивті қоғамның сипаты» [155]. Сонымен қатар, автор әлемнің басты ұстанымы қатынастар екенін айта келе, осы ұстанымның бұзылуы, оны бұзуға араласу қатерге душар ететінін атап өтеді. Өйткені қазіргі кездегі ізгілік – сонау ерте кездегі немесе орта ғасырлар дәуіріндегі ізгілік ұғымынан да терең, көпқырлы және кешенді мәдени құбылысқа айналған ерекше ұғым. Ізгілікті қарым-қатынас – тек адамгершілік санатымен мойындату ғана емес, қазіргі кезде, әсіресе, әрбір адамның, тұлғаның зияткерлігі, адамгершілігі, өзін алған білімі арқылы қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, саяси өмірде көрсетуі.

Ізгілікті қарым-қатынасты интеграциялық білім беру негізінде қалыптастыру мәселесінде орталық өзек – адам бейнесі айқындалатыны белгілі. Адам бейнесі – тек ізгілікті-гуманистік педагогика ғылымының ғана емес, діннің, философияның, әлеуметтанудың, психологияның да, теологияның да, өнердің де, жаратылыстанудың да, көркем әдебиеттің де қарастыратын проблемасы. Ізгілікті қарым-қатынас – адамға қатысты маңызды мәселе. Адам өзін қоршаған ортаның барлық деңгейінде қарым-қатынасын ізгілікті етіп құруға мүдделі болуы тиіс. Өйткені қоршаған ортаның бұзылмауы – адамның өзінің өмір сүруінің кепілі. Бұл – адамның даналығы арқылы келіп жететін өрелі деңгейі болмақ. Қазақ халқының терең тамырында жатқан қай философия көзін алсақ та, оның адамның тек ізгілікті қарым-қатынасын ғана басты нысан ретінде қарастырғанын көреміз.

Ұлттық философияның ізгілікті тұлға тәрбиелеу ұстанымы қазақ фольклорында көрініс беретіні белгілі. Сәби мен ананың арасындағы ізгілікті қарым-қатынас – бесік жырынан басталатын ерекше қарым-қатынас. Сәбидің тұсауын кесу – бала мен Жер арасындағы, бала мен қоғам, бала мен Әлем арасындағы ізгілікті қарым-қатынас орнату. Ұлттық педагогиканың тұтас мазмұны – болашақ ел тұтқасын ұстайтын ұрпақты өмірдегі ізгілікті қарым-қатынас жүйесіне қосу екенін әрбір салт пен дәстүрден, әдет пен ғұрыптан көреміз.

«Қорқыт Ата» кітабындағы «Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі» деген өсиет сөздегі ізгілік қарым-қатынастың қаншалықты түйіні тоғысып жатқанын көруге болады [156]. Жеріне ізгілікті қарым-қатынас жасау арқылы

туған жерін аялай алатын, жерін баптап-баға алатын, жаудан қорғай алатын, шүйгін шөбі мен тұнық суын ысырап етпей тиімді пайдалана алатын Ел ғана Жердің қадірін білген болып саналады. Ал осындай ізгі Елді сақтау керек екенін, қорғау керек екенін, ұрпағын өсіріп, бай, бақытты ету керек екенін тек Ер ғана біле алады. Бұл жерде Қорқыт Атаның Ер дегені – білімді, ізгілікті, түсінігі мол парасатты тұлға. Сонда бастауыш сыныптан бастап баланың табиғат пен адамдарға деген ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру дегеніміздің өзі – қазақ баласының санасында бар, қанында бар тәрбиенің көзін ашып, заманауи білім пәндерін оқытумен сабақтастыру болып табылады. Қазақтың философиясының түптамырларының бірі саналатын «Қорқыт Ата кітабындағы» ұрпақтың ізгілікті қарым-қатынас жүйесіне енгізу тәрбиесі әлі де жаңа қырларынан зерттеуді қажет етеді деп ойлаймыз. Өйткені бұл даналық кітабында қазақтың күнделікті өмірінің нормативтеріне айналған ізгілікті қарым-қатынас қалыптары сақталған, ендігі міндет – оның ізгілік әлеуетін мектеп дидактикасына бейімдеу [157].

Қазақ халқының ізгілікті ұрпақ тәрбиелеу тағылымдары қазіргі уақытта, өкінішке орай, тек әдебиет пәнінің нысанына айналып кеткендіктен, тәрбие мәселесінде көптеген теориялық байламдар, көп жағдайда, кеңестік ескі жүйеден немесе еуропалық үлгілерден көшіріліп алынып жүрген сияқты. Өйткені біздің ойымызша, жас ұрпақтың білім алуы арқылы ізгілікті қарым-қатынас жасауға дағдылануы ұлттық педагогика мазмұнының өн бойында тұнып тұрғаны анық. Осы ретте Қорқыт Ата мен Қожа Ахмет Ясауи арасындағы танымдық сабақтастық туралы қарастырылған мақаланың авторларының келесі пікірі де қазіргі мектепте білім алып отырған бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті болып өсуі үшін өзінің туған жерінің кәусар тәрбиесінен сусындап өсуі керек деген ойымызды бекіте түседі. «Қорқыт Ата мен Қожа Ахмет Ясауи – киелі феномендер. Осы сияқты феномендер қазақ топырағында жетерлік. Барлығының қызметі бір – халыққа жәрдем ету, қол ұшын тигізу, көмектесу, емдеу, саяси басқару болған. Бәрінің ортақ сабақтастығы да осы» [158].

Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары туралы трактатында» ең ізгілікті тұлға деп Қайырымды қаланың Бірінші басшысын атайды. Ол Бірінші басшының ізгі сипаттары келесідей деп көрсетеді:

- ізгі адамның біріншіден, дене мүшелері мінсіз болуы керек;
- екіншіден, өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек;
- үшіншіден, өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек;
- төртіншіден, алғыр да аңғарымпаз болуы керек;
- бесіншіден, өткір тіл иесі және тілмар болуы керек;
- алтыншыдан, оқу-білімге, өнер-білімге құштар болуы керек, білім алуға ешқашан шаршамауы керек;
- жетіншіден,тағамға, ішімдікке, бос сөйлеуге ұмтылмайтын болуы керек; сауықшыл болмауы керек, ондайға жиркене қарауы керек;

- сегізіншіден, шындық пен шыншыл адамдарды сүюі керек, өтірік-жалған мен суайттарды жек көруі керек;

- тоғызыншыдан, жаны асқақ, ар-намысын ардақтайтын болуы керек;

- онышыдан, жаратылысынан игі істерге жаны құштар болуы керек;

- он біріншіден, әділ болуы керек, жұрттың бәрін әділеттілікке баулуы керек, барлық адамдардың барлығына өз білігінше жақсылық пен ізгілік жасап жүруі керек;

- он екіншіден, өзі қажет деп санайтын істерге шешімпаздық көрсетіп, батыр, ержүрек болуы керек [159].

Ғ.Рысқалиев «Абай ілімі және бүгінгі қазақ философиясы» атты мақаласында Абайдың «толық адам» ілімінің кезінде Әл-Фарабидің «бақытты адам» ілімімен байланыстылығы туралы атап көрсетеді [160]. Қазақ философиясының тәлімгерлік қазынасы туралы жазылған келесі мақаласында ғалым Ғ.Рысқалиев қазақ баласын тәрбиелеуде жат өнегеден емес, өз философиямыздың даналық тамырынан нәр алып бағуды, тәрбиелеуді үйренуіміз керектігін айтады [161]. Осы пікірді қолдай келе, «туған жер», «атамекен», «ата-бабамның аманаты болған жер» деген сияқты қастерлі ұғымдарды шетелдік философияның негіздеріне сүйеніп түсіндіру қиын болатынын да айтып кетеміз.

Бастауыш сынып оқушылары үшін Абайдың Он жетінші қара сөзіндегі Қайрат, Ақыл, Жүрек айтысып, Ғылымға келіп жүгінетін ізгілік жөніндегі зор идеялық мазмұнды меңгеруі маңызды болып табылады. Өйткені, қазақ халқының метафоралық ойлау ерекшелігі оның барлық құйма алтыны Абайдың шығармасынан ғана табылады. Абайдың Қайрат, Ақыл, Жүрек үшеуін Ғылымға әкеліп жүгіндіргенде: «Сонда Ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болыпты. Сосын Қайратқа қарап айтыпты: – Ей, Қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас. Қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті. Ақылға қарап айтыпты: –Ей, Ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен. Екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім. Бірақ сонда билеуші, әмірші – Жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, Жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол. Бірақ Жүрек сені де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де Жүрекке билет. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен Жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті

сонда Ғылым» [55]. Абай ізгілікті қарым-қатынасқа бастайтын жол – ізгі білім дегенді баса айтады. Өйткені ізгі білімді адам ғана әділеттілікке ұмтылып, басқа адамдарға деген, өзін қоршаған әлемге деген қарым-қатынасын ізгілік нұрына бөлей алады. Абайдың айтуынша, адамның жақсысы – адамға жақсылық жасаған адам. Ізгі адам – барлық адам баласын өз бауырындай сүйе алатын адам. «Адам баласын сүй. Адам баласы – бауырың» деген тұжырым – ізгіліктің ең биік дәрежесіндегі адам айтқан, сол биік дәрежеге шақырған адамның, Абайдың бейнесі. Абайдың ізгілік мұрасын терең талдаулар жасап, «Абайтану» саласын қалыптастырған М.Мырзахметов былай дейді: «Қазір адамзат баласы жауыздықтан басқаны ойламай кетті. Ал біз «адамды қалай ізгі етеміз?» деп талпынудамыз. Яғни Толық адамды толық меңгерген бала өзін-өзі рухани тазалайды. «Мына жерің қате, мынауың былай екен..» деп, мұғалім түсіндіреді, одан кейін жетесіне жетеді... Абайтану ғылымы кейін бүкіл түркі халықтарына жайылады. Әлемде бұндай ілім жоқ, тіпті Еуропада да.... Квантофизиктер квант арқылы біз тұрған кеңістікте – энергетикалық өрістің үстінде «ұлы ақыл иесі» барын ақыры дәлелдеді. Енді бағыттың барлығы солай бағдарланады – Абайды да сол рельске қоюымыз қажет» [162].

Бастауыш сынып оқушыларын ізгілікті қарым-қатынасқа интеграция негізінде қалыптастыруға әдіснамалық тұғыр боларлық қазақ халқының ұлттық философиясының қайнар көздері өте мол көлемде жеткілікті. Бұл тармақшада олардың барлығына талдау жасауға көлем жеткіліксіз болатыны белгілі. Қазақ ұлттық дүниетанымында үлкен орын алатын Ә.Бөкейханның, М.Дулатұлының, Ж.Аймауытұлының ізгілік пен зұлымдық, адамдық туралы ойлары жас ұрпақты ізгілікті қарым-қатынасқа тәрбиелеу ісінде басшылыққа алынатын қағидалар қатарында болатыны белгілі. «Ұлтымыздың әлеуеттілігін арттыруда Алаш зиялыларының адамгершілікті, биік тұлғалылығы ерекше рөл атқарады. Алаш зиялыларының көздеген түпкі мақсат-мүддеге беріктігі, табандылықтары мен төзімділіктері олардың күрескерлік іс-әрекеттерінде көрініс тапты» [163]. Қазақ халқының өнер-білімге деген құштарлығы оның рухани қазынасынан көрінетінін түсінген Жүсіпбек Аймауытұлының айтуынша, адамшылықты, өнерді сүйген таза жүректе біреуді олай, біреуді былай ұстайтын тар мінез болмайды. Осындай кең мінезді қазақ халқының ізгі, гуманистік тәрбиесі туралы Ж.Аймауытұлы былай дейді: «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болмайтын бір шарт – жас күнінде көрген өнеге, ол өнеге – әке-шешенің тәрбиесі болуы керек. Ата-ананың берген тәрбиесі – баланың мінезіне салған ірге. Балаға қайырымдылықты, құттылықты, кішіпейілдікті, үлкен көңілділікті, әділеттілікті, әдепсіздікті, шыншылдықты, өтірікшілдікті беретін кім? Ол, әрине, ата-ананың тәрбиесі» [164].

Мұхтар Әуезовтің ұлы жазушылығымен бірдей, ұлтын сүйген ұлы гуманист екенін оның артына қалдырған мұрасынан тани аламыз. М.Әуезов 1918 жылы жазған мақаласында: «Әр адамның туып-өскен елі, жасынан жаттап өскен ғадеті, нанымы, тұрмыс-қалпы сол адамның ақылы, мінезіне із қалдырмай тұрмайды. Бұл қалдырған із көңілге кіріп, ерікті билеп, әр адамға өзінің елін сүйгізіп, елдігін іздетеді», – деген ұлылық пен ізгілік қуаты зор сөздер айтқан [165]. Осы сөздердің бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті

қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары болуға толық негізі бар деп санай аламыз. Қазақ мектебінің бастауыш сыныбында оқитын баланың өзінің туған елінің кешегісі мен қазіргісі және келешегі туралы тұтас ой қалыптастыра білуі үшін, елі мен жерінің қазіргі және келешектегі күйі туралы дүниетанымдық картинасы біртұтас болып қалыптасуы керек екенін де М.Әуезовтің осы ұлағатты сөздерінен түсінуге болады.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бері оқушылардың ізгілікті қарым-қатынас жүйесіне білім арқылы қосылуы туралы мәселелер жан-жақты қарастырылып келеді. Бұл ретте қазақстандық философ ғалымдар қарастырған таным мен сана, тіл мен ойлау, ізгілік мәселелерінің барлығы Адам болмысына бетбұрыс жасап зерттелу үстінде. Білім алудың ізгілікке, ізгілікті қарым-қатынасқа жетекшілік ететін орны туралы «Философиялық сөздікте» көрсетілгендей, адамдардың іс-әрекеті жалпы қоғамның тарихи қажеттіліктерін қанағаттандыруға, прогресті мүдделерге жәрдемдесуіне немесе бөгет жасауына қарай білімнің ізгілікті немесе зұлымдықты екенін айырып бағалауға болатынын тануға болады [166].

*Жүйелілік-іс-әрекеттік тұғыр.* Бастауыш сынып оқушысының дүниенің ғылыми бейнесін тану мәселелері туралы қарастырған Ә. Мұханбетжанова өзінің монографиясында ізгілік теориясын тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін тұжырым ретінде қарастыра келе, осы бағыт тұлғаны өмір сүрудің ең биік мәніне бастайтынын, тұлға өміріндегі ізгіліктің орнын, мақсатын, мазмұнын ашатынын атап өтеді [167]. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру ұғымы «интеграцияның» жалпыфилософиялық ұғымына негізделеді. Интеграция – даму үдерісінің жан-жақта болған бөлшектері мен элементтерінің біртұтас болып бірігуімен байланысты болып келетін қыры. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда осы үдерістің жүйе теориясы тұрғысынан танылатын ерекшеліктерін қарастырамыз.

Жүйенің жалпы теориясын ұсынған австриялық жаратылыстанушы философ Л.фон Берталанфи бұл құбылысты жүйенің құрылымының, әрекет етуінің, дамуының заңдылықтарын сипаттайтын әдіснамалық тұжырымдама деп анықтайды [168]. Л.фон Берталанфи жүйелерді «ашық жүйе» және «жабық жүйе» деп бөліп қарастыра келе, олардың өзіндік ерекшеліктері неде екенін көрсетеді. Оны төмендегі 6-суреттен көруге болады.




Сурет 6 – Л.фон Берталанфи бойынша жүйе теориясы

Жүйе теориясы бойынша ғылыми әдебиеттерді талдай келе, оның ерекшелігін нақты түсіндіретін келесі анықтаманы басшылыққа аламыз. Жүйе дегеніміз – таңдалып, сұрыпталған компоненттердің кешені. Ол компоненттер өзара байланысып, әрекеттесіп, өздерінің мазмұнындағы бұрын болмаған жаңа және пайдалы нәтижені туындатады. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру әдістемесінде теориялық және әдіснамалық негіздерді құрайтын компоненттер мен әдістемелік-практикалық компоненттердің өзара байланыстылығы және өзара бірінен екіншісі туындайтындай сабақтастығы сақталуы арқылы біз біртұтас оңтайлы жүйе жасау мүмкіндігіне ие болатынымыз белгілі.

Жүйенің оңтайлы және пайдалы нәтижеге алып келуі үшін ол яғни жекелеген компоненттердің бір жүйеге бірігу, кірігу себебі пайдалы нәтижеге алдын ала бағдарланған болуы керек. Алда күтілетін нәтиже әрбір компоненттің бойында сыналап болса да орналасқан болуы керек. Осындай себеп қана біртұтас жүйенің сапалы құралуын және сапалы нәтиже беруін мүмкін ете алады. Бұл мәселе туралы ғалымдардың пікірлері өзара тоғысатынын байқаймыз [169].

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруды біртұтас жүйе ретінде қарастыратын болсақ, онда осы жүйенің құрамына енетін компоненттердің өзара интеграциялануының түпмәнін қарастырып өту керек болады.

Жүйе теориясы – интеграция теориясымен тікелей байланысты ұғым. Олардың өзара байланыстылығы мынадан көрінеді. Жекелеген компоненттердің немесе кіші жүйелердің өзара интеграциялануы арқылы жаңа ірі жүйе пайда болады. Сол жаңа ірі жүйе бұрынғы компоненттердің кірігуі негізінде пайда болған жаңа біртұтастықты танытады. Интеграция – жүйе теориясымен тығыз байланысты ұғым, ол бөлек-бөлек дифференцияланған бөлшектердің өзара біртұтастықты құрудағы байланыстылығын көрсетеді және интеграция сол біртұтастықтың құралу үдерісін де білдіреді. Интеграцияның

үш түрі бар екенін, яғни вертикалды, горизонталды және конгломераттық түрлері бар екені белгілі. Вертикалды интеграция – бірдей түрлердің кірігуін білдірсе, горизонталды интеграция типтестердің кірігуін білдіреді, ал конгломераттық интеграция бір белгісі ұқсас, қалған жағынан әр түрлі компоненттердің кірігуін білдіреді. Бір жағынан, конгломераттық интеграция горизонталдыққа ұқсайды, бірақ түр жағынан әркелкі болып келеді.

Бұл жерде бастауыш мектепке қатысты алатын болсақ, егер «Дүниетану» пәнін қарастыратын болсақ, 1-4 сыныптардағы осы пәннің ішіндегі тақырыптардың интеграциялана оқытылуын вертикалдық деп атауға болады. Ал бір сыныптың өзіндегі бірнеше пәннің ұқсас тақырыптарының кірігуін горизонталдық интеграция деп айта аламыз. Ал конгломераттық болса, 1-4 сыныптардағы барлық пәндердің ішінен белгілі бір дүниетанымдық мәселеге қатысты тақырыптардың кіріктірілуін танытады. Әдіснамалық тұғыр ретінде интеграцияның осы қасиетін ала отырып, нақты ұстанымдарды жүйелеп өтейік. Олар: еріктілік ұстанымы, біртұтастық ұстанымы, жетекшілік ұстанымы, әдістемелік-дидактикалық тұрғыдан қолдау ұстанымы.

Академик Ж.М.Әбділдин нақты ұғымның табиғатын зерттеп, оның танымдық-гносеологиялық түсінігін анықтай келе, нақтылық дегеніміз – біртұтастық немесе әралуандылықтың бірлігі деп көрсетеді [170]. Бұл біртұтастық ғалымның айтуынша, әралуандылықтың бірлігінен яғни кірігуінен, интеграциялануынан туындаған бірлік.

Таным теориясын жүйелілік-іс-әрекет тұғырының бір маңызды қыры ретінде қарастыра келе, бұл теорияның өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өту керек болады. Таным туралы ілім – гносеология. Гносеология бойынша, түрлі замандарда түрлі философиялық ағымдар танымды түрліше түсіндіріп келеді:

- бірінші бағыт, яғни объективті идеализм тұрғысынан алынған көзқарас бойынша, таным, таным үдерісі дегеніміз – әлемнің өзі, ол өзімен-өзі тіршілік етеді және өзін танушы субъектілерге тәуелді болмайды;
- екінші бағыт, яғни субъективті идеализм тұрғысынан алынған көзқарас бойынша, таным, таным үдерісі дегеніміз – субъектінің өзін-өзі тану үдерісі;
- үшінші бағыт, яғни ғылыми көзқарас бойынша таным дегеніміз – объективті әлемнің адамның санасында сәулелену үдерісі. Бірақ бұл сәулелену әлемде не бар, сол адамның санасына сол бойында келіп қона қалады дегенді білдірмейді. Ол сыртқы ақпаратты адам өзінің сезім және ақыл-ой қабылдауының арқасында индивидуалдық өзгерістерге түсіп қабылдайды. Яғни қалай болғанда да, сыртқы ақпарат адамның адамгершілік, ізгіліктілік болмысына қатысты орнығады. Осымен де байланысты, адам баласының ізгілікті қарым-қатынасы – индивидуалды сәулеленудің өзінде де жалпыадамзаттық ізгіліктілік нормалардың әрдайым сақталып қалуына тірек болатын кіндік осі, қазақ халқының бағалаушы мағынадағы тілімен айтқанда, «Темірқазығы».

Бастауыш сынып оқушыларының оқып-білім алу үдерісі – таным үдерісі. Таным үдерісі сезімдік қабылдаудан басталатыны белгілі. Яғни бастауыш сынып оқушыларының пәндерді меңгеруде алдымен көру, есту, сезу т.б. сезім органдары әрекет етеді.

Белгілі бір ақпараттармен, заттармен әрекет жасай отырып, оқушыларда белгілі бір сезінулер, қабылдау мен елестетулер пайда болады. Ол сезімдік қабылдау арқылы алынған білім ендігі қадамда біздің рационалды, ақыл-ой санамызда нақтыланып, өңделеді. Ол өңделуде ұғым, пайымдау, ойтұжырымдар қолданылады, солардың өзара байланысуы арқылы жаңа ұғымдар, жаңа пайымдаулар мен ойтұжырымдары жасалынады [171]. Бұл жерде дерексіздену немесе абстрактылық ойлау үдерісі жүреді. Осы абстарктылық деңгейде жасалынған ұғым, пайымдау, ойтұжырымдар қайтадан өмірлік тәжірибеге түсіріліп, тексеріледі, өйткені тек өмірлік практика ғана таным үдерісінің, білім алу үдерісінің негізгі базасы болып табылады. Осы айтылғандардың өту барысын төмендегі 7-суреттен көруге болады.




Сурет 7 – Таным үдерісінің логикасы

Таным үдерісінің объектісі, біздің жағдайымызда, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптасуы болып отыр. Ал бастауыш сынып оқушыларын осы үдерістің субъектісі ретінде ала отырып, олардың оқу барысында атқаратын іс-әрекеттері ізгілік қарым-қатынас қалыптасуының қадамдары болуы негізгі тетік болады. Осылайша, таным үдерісі бастауыш сынып оқушыларының, яғни субъектілердің интеграциялық білім ала отырып, яғни объектімен әрекет жасай отырып, ізгілікті қарым-қатынас құру жолы мен әдістерін меңгеруі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларын ізгілікті қарым-қатынасқа интеграция негізінде қалыптастыруға әдіснамалық тұғыры ретінде осы таным үдерісінің логикасының жүзеге асырылуы тек оқу-танымдық әрекет арқылы ғана мүмкін болатыны белгілі. Сондықтан әдіснамалық тұғырымыздың келесі қыры әрекет теориясы болғандықтан, оның маңызы туралы қарастырамыз.

Негізінде, таным үдерісі – танымдық әрекет. Сондықтан таным мен әрекет адам баласына, әрбір адамға тән болатын, түйсініп-түсінуге алып келетін қабілеттің формалары ретінде болады. Әрекет – адамның өзін және өзін қоршаған ортаны қайта өзгертуге бағытталған, өмір сүрудің және белсенділігінің санасымен түйсінген формасы.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық әрекеті – олардың өздерін қоршаған әлемді, дүниені танып, өзін тануға бағытталған таным үдерісі. Оқу-танымдық әрекет арқылы оқу-таным үдерісі жүзеге асырылады, нәтижесінде оқушылар қоршаған орта және өзі туралы жаңа білім алады. Осы тұрғыдан алғанда таным дегеніміз – әрекет ету үстіндегі сана деп те айтады [172].

Бастауыш сынып оқушыларын ізгілікті қарым-қатынасқа интеграция негізінде қалыптастыру үдерісі – жүйелі ұйымдастырылған, құрылымы анықталған, белгілі бір дидактикалық ортада жүзеге асырылатын оқу-танымдық әрекет. Әрекет теориясы (теория деятельности) сыртқы әрекет пен ішкі әрекетті қарастырады. Сыртқы әрекет – адамның сыртқы заттармен жасайтын әрекеті, ал ішкі әрекет – сыртқы әрекеттен өту жағынан айрықша болып келетін әрекет формасы. Адамның ішкі әрекетінің мәнісі – сыртқы әрекетке даярлық жасау. Сыртқы әрекет нақты бұйымдармен жасалатын болса, ішкі әрекет солардың бейнелерімен өтіледі. Сыртқы әрекеттің нәтижесінде қолға ұстап, көзбен көре алатын бұйым пайда болса, ішкі әрекеттің нәтижесінде ақыл-ой өнімі пайда болады.

Ж.Пиаже [173], Дж.Брунердің [142] пікірлерінше, адамның ішкі әрекеті оның сыртқы әрекетінен пайда болды. Сыртқы әрекеттің ішкі әрекетке ауысуы интериоризация деп аталады. Ал ішкі әрекеттің нәтижесінде пайда болған түзілімнің белгілі бір құрылымға айналып, оның сыртқа шығарылуын экстериоризация деп атайды [174]. Әрекет теориясына сүйенсек, ішкі әрекет пен сыртқы әрекеттің құрылымдары ұқсас болғандықтан ғана бірінің екіншісіне айналуы мүмкін бола алады. Ал жалпы әрекеттің макроқұрылымы ғалымдардың айтуынша келесідей компоненттерден құралады: қажеттілік, мотив, мақсат, іс-әрекет (действие), операция, психофизиологиялық функциялар [175].

Бастауыш сынып оқушыларын ізгілікті қарым-қатынасқа интеграция негізінде қалыптастырудың әдіснамалық жүйелілік-іс-әрекеттік тұғырының қыры ретінде қарастырылған таным теориясы мен әрекет теориясы оқу-танымдық әрекет ретінде анықталып отыр. Ал оқу-танымдық әрекеттің мақсаты – оқушыны дамыту. Осымен байланысты даму теориясының ерекшеліктері де зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық тұғырының бір сенімді қырын құрайтын болады. Даму – философиялық тұрғыдан берілген анықтама бойынша, кері қайтарылмайтын, бағытталған, жүйенің сапалы заңдылықты өзгерістерін білдіретін философиялық категория [176]. Бірақ барлық өзгеріс, қозғалыс даму болмайды, даму дегеніміз қозғалыстың ерекше дәрежесі болып табылады. Дамудың белгілерін келесі 8-суреттен көруге болады.




Сурет 8 – Дамудың негізгі белгілері

Дамудың алға қарай жүретін жолы – прогресс, кері қарай жүретін жолы – регресс, бұл белгілі жайт. Біздің зерттеу жұмысымызда дамыта оқыту технологиясының әдіснамалық заңдылықтары қолданылатын болғандықтан, прогрессивті дамудың ізгілікті қарым-қатынас қалыптастыру жолдары әдіснамалық тұғыр ретінде алынатынын атап өтеміз. Осы ретте В.В. Давыдовтың дамыта оқыту теориясының және Ш.А. Амонашвилидің ізгілік педагогикасы теориясының замандар өзгерсе де, баланың дамуындағы адамгершілік, ізгілік нормаларына бағытталғандықтан барлық заман талабына жауап берерiне сенімдіміз. Өйткені В.В. Давыдовтың дамыта оқыту теориясы мен Ш.Амонашвилидың ізгілікті педагогика теориясы Абай атап көрсеткен «нұрлы ақылды» қалыптастыруға бағытталады.

*Аксиологиялық тұғыр.* Бастауыш сынып оқушыларын ізгілікті қарым-қатынасқа интеграция негізінде қалыптастыруға әдіснамалық тұғырының тағы бір қыры – құндылық теориясы, аксиология алынып отыр. Аксиологияның зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық тұғыры болуының басты себебі ізгілікті қарым-қатынастың маңызымен байланысты. Ізгілікті қарым-қатынастың бастауыш сынып оқушыларының интеграция негізінде білім алуының жүйе құраушылық бастауы ретіндегі аксиологиялық құндылығы педагогикалық аксиологияның бір бағыты болып табылады.

В.А. Сластенин, Г.И. Чижакова өздерінің педагогикалық аксиология туралы еңбегінде педагогикалық аксиологияның негізгі ұғымдары ретінде құндылықтарды, құнды сананы, құндылық қарым-қатынасты, құнды мінез-қылықты, құнды ұстанымды, құнды бағдар-бағытты, білім беру мен тәрбиені

атап көрсеткен. Осының ішіндегі барлық ұғымдарды зерттеу жұмысымызда қолданатын боламыз, бірақ тақырыбымызға қатысты «құндылық қарым-қатынас» ұғымы қалған ұғымдарды бір жүйеге топтаушы орталық мағынаға ие болатынын атап кетеміз. Педагогикалық аксиологияда адам және адамзат қоғамы өмірдің ең жоғары құндылығы болып және құндылық санасының иесі ретінде, құндылық қарым-қатынастың иесі ретінде, құнды мінез-қылықтың иесі ретінде анықталады.

Құндылық қарым-қатынас дегеніміз – жеке тұлғаның ішкі ұстанымы, позициясы, қалыптасқан дүниетанымдық көзқарасы, сол арқылы жеке тұлғалық және қоғамдық мағыналы нәрселердің өзара байланысы танылады [177].

Интеграция негізінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру – педагогиканың бастауыш білім беру жүйесіне ең жоғарғы құндылық ретінде қарауы. Педагогтердің білім беру үдерісінің тірі адам баласының шынайы қажеттіліктеріне үстем болып кетпей, Абайдың көрсеткен «суық ақылға» айналып кетпей, барлық уақытта бастауыш сынып оқушыларының «нұрлы білім» алуына қажетті жағдай жасауға толық бетбұрыс жасауы арқылы ғана ізгілікті қарым-қатынас қалыптастыру мүмкін болады. Осындай бағдарда ұйымдастырылған білім беру үдерісі ғана оқушыларға құндылық туралы білім беріп, құндылықтың не екенін, құндылықты қалай сақтауға, байытуға және өмір жолына ұстаным етіп қалыптастыруға болатынын үйретіп, әрбір оқушының шығармашылық дамуына тірек болады. Өйткені ізгілікті білім беру мен тәрбиелеу үдерісінің орталық өзегі ретінде оқушының жеке тұлғасы орнықтырылады. Біздің ойымызша, жеке тұлға тек қоғамның белгілі бір міндетін орындаушы құрал ретінде қарастырылмауы керек, білім алуы барысында үйлесімділікпен дамыған тұлға үйлесімді қоғамды құруға қатысатын белсенді шығармашыл тұлғаға айналуы тиіс. Сөйтіп қоғамның өзі де ізгілікті қарым-қатынасты қажет етуші ғана емес, ізгілікті қарым-қатынасты туындатушы мекенге айналады. Абайдың «Адам баласының бәрін сүй, адам баласы – бауырың» деген өсиеті тек ізгілікті қарым-қатынас қалыптасуы барысында ғана шынайылыққа айналады. Ізгілікті қарым-қатынастың аксиологиялық маңызы да осымен бағаланады.

*Синергетикалық тұғыр.* Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың аксиологиямен тығыз байланыста қарастырылатын келесі әдіснамалық тұғыры – педагогикалық синергия. Синергия дегеніміз – грек тілінен аударылғанда «ынтымақ» дегенді білдіреді. Синергия – екі немесе бірнеше фактордың өзара әрекет жасауының арқасында күшейе түсетін, жиылатын тиімділік. Синергия жекелеген факторлардың жай қосындысы емес, біріге жасалатын жаңа сапалы тиімділік болып табылады.

Пәнаралық байланысқа негізделген түрлі білім салаларының интеграциясы синергетикалық тұрғыдан келудің айқын жолы болып табылады. Бастауыш сынып мұғалімі пәндердің интеграциялануы негізінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруда оқыту үдерісін синергетикалық тұрғыдан ұйымдастыру арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады. Интеграцияланған білім мазмұны, оқыту әдістері, оқыту құралдары және

оларды оқушының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыратындай біртұтас сабақ етіп ұйымдастыруда мұғалімнің тиімді басқара білуі синергетиканың заңдылықтарын танып-білуді керек етеді.

В.А. Игнатова өзінің жүйелік-синергетикалық тұрғыдан білім мазмұнын іріктеу туралы мақаласында ресейлік бастауыш мектепте оқылатын «Қоршаған орта» оқулығындағы білім мазмұнына жекелеген интеграцияланған элементтерді енгізу арқылы оқушылардың ойлауының біртұтастығы мен жүйелілігін қалыптастыру мүмкіндігіне қол жеткізгенін атап көрсетеді. Оның атап көрсетуінше, жаратылыстану және гуманитарлық білімнің интеграциясы білім мазмұнын құрудың тиімді бір жолы болып табылады. Бұл іске жүйелілік-синергетикалық тұрғыдан келу арқылы білім мазмұнын жаңа сапада сұрыптаудың биік тұғырлы әдіснамалық-теориялық негізі анықталады [178].

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың педагогикалық синергия саласын әдіснамалық тұғыр етуінде синергияның өзін-өзі ұйымдастырушы тетіктерінің қасиеті басым орында тұрады. Соның ішінде білім мазмұнын интеграциялауда синергетика идеясының бейімделуінің дидактикалық қырлары маңызды орын алады. Синергетиканың ашықтық, сызықтық емес, тепе-тең емес ұғымдары жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру сипатын танытады, Ал жүйенің өзіндік ұйымдасуында бифуркация, флуктуация, диссипативтік құрылымдар немесе аттаракторлар, фрактальдылық сияқты ұғымдар ерекше қызмет атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда бұл ұғымдар әдіснамалық тірек ұғымдар ретінде қызмет атқаратын болады [179], [180].

*Модельдеу тұғыры.* Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғыры ретінде алынған бір қыры – модельдеу теориясы. Модельдеу теориясының интеграциялық білім мазмұнын жүйелеуде, оқушыларға меңгертуде және сол негізге сүйене отырып, оқушылардың өзіне, басқаларға және тұтас қоршаған ортасына деген ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру үдерісінде алатын орны зор. Бұл жерде модельдеу танымдық әдіс ретінде қарастырылатынына ерекше назар аударғымыз келеді. Модельдеу – зерттеуші ретінде қолданылатын әдіс және оқушыларға интеграциялық білім мазмұнын меңгеруі процесінде қолдануға дағдыландырылатын әдіс. Бұл жерде біз модельдеудің соңғы қызметіне тоқталамыз.

Модельдеу теориясы – жүйе теориясымен, интеграция теориясымен тығыз байланысты теория. Модельдеу – түпнұсқа объектінің басқамен ауыстырылуы және сол модель арқылы объектінің қасиеттерін танып-білу. Оқушыларға бірнеше пәннің ортақ тақырыбын пәнаралық байланыс негізінде интеграциялау арқылы жаңа синтезделген білім мазмұнын ұсынуда ол білім мазмұнын оқушының меңгеруі, қажетті дағдыларды қалыптастыруы модельдеу әдісі арқылы жүргізіледі. Модельдеу әдісінің тиімділігі интеграциялық білім мазмұнын меңгертуде аса маңызды орын алады. Түрлі білім бастауларының ортақ мәселесін интеграциялау арқылы қабылдаған оқушы өзінің дүниетанымдық санасында біртұтас әлем бейнесін модельдеу алуға дағдылануы

– заманауи педагогиканың басты міндеті. Біртұтас әлем картинасын модельдеу арқылы оқушы өмірдің мәнін түсінуіне және өзіне, айналасына ізгілікті көзқараспен қарым-қатынас орнатуға мүдделі болуы үшін сол ізгі қарым-қатынастың бейнесі де алдымен оқушының санасында модельденуі керек. Философ ғалымдардың айтуынша, модельде адамның табиғатқа, өзі танып отырған объектіге деген белсенді қарым-қатынасы білдіріледі [181].

Интеграцияланудың деңгейлері туралы (вертикалдық, горизонталдық) жоғарыда айтылған болатын, модельдеудің ерекшеліктері де сол айтылған деңгейлерге байланысты екенін атап өтеміз. Көп жағдайда модельдеу бір пәнге және бір пәннің ішіндегі бір тақырыпқа немесе бір сабаққа қатысты қолданылатыны белгілі. Ал пәндердің интеграциясы негізінде бастауыш сынып оқушыларын ізгілікті қарым-қатынасқа дағдыландыру әдістемесінде модельдеудің бірнеше түрі қолданылады, сондықтан олар модельдеу теориясы тұрғысынан анықталуы қажет. Оқушылардың интегративтік сипаттағы тапсырмаларды орындауын ұйымдастыруда олардың модельдей білу дағдысын қалыптастыруға да арнайы орын беріледі [182].

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын жан-жақты қарастырылды. Оның кең жүйеде қарастырылу себебі пәндерді интеграциялай оқыту негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниенің біртұтас картинасын тану дағдысын және оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың күрделі міндеттерін шешудің жолын мол ғылыми ілім арқылы тану керек болғанында екенін атап кетеміз. Тармақшаның алдына қойылған міндеті де осы болған, ендігі міндет көпқырлы әдіснамалық тұғырға сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың нақты және нәтижеге қол жеткізетін жүйесін модельдеу болып табылады.

# 2 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІЗГІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

## 2.1 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері

Қазақстан Республикасының мәдени және педагогикалық дәстүрі білім беру үдерісінде тәрбиенің маңызды орнын ерекше орынға қоюымен ерекшеленеді. Бұл дәстүр – тарихи жолдарында қалыптасқан ежелгі ұлттық дәстүріміз болып табылады. Әбу Насыр әл-Фараби «Философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі туралы» еңбегінде: «Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді. Сондай-ақ ол өзінің сабақтарын бір ғана ғылымның шеңберінен асырмағаны дұрыс. Өйткені түрлі пәндермен сабақты ауырлата беру тәртіпсіздікке және белгілі бір жүйеден айырылып қалуға апарып соғады» [3], – деген құнды пікір айтады. Интеграциялық білім мазмұны дегеніміз түрлі пәндерді бірінің үстіне бірін үйіп-төгіп қосу емес, белгілі бір тақырыпты, қандай да бір дүниетанымдық мәселені бірнеше қырынан түсіндіре отырып меңгерту болып табылатынын жоғарыда әл-Фарабидің сөзіне ден қоя отырып нақтылай түсеміз. Әбу Насыр әл- Фарабидің балаға тәрбиесіз берілген білім адамға пайда бермейтіні туралы айтқан пікірі қазақстандық педагогикада тірек қазық ретінде ұсталынатынын жарияланған еңбектерден кездестіруге болады.

Қазіргі уақыттағы қазақстандық бастауыш білім беру жүйесі балдырғандардың дүниетанымын қалыптастыруға толық бағытталғаны белгілі. Жаңартылған білім мазмұнды оқу бағдарламалары білім мазмұнымен қатар, әлеуеті зор тәрбиелік мазмұнға ие болып отыр, ол туралы жоғарыдағы тармақшаларда айтып өттік.

Оқушылардың тәрбиелі ізгілікті дүниетанымының кірпішін қалауда білім мазмұнын тірек ету және білім мазмұнының түрлі пәндегі ортақ мәселесін интеграциялау арқылы қол жеткізу – оқытудың ерекше жүйесін қажет ететін үдеріс. Оның өлшемдерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін анықтауда мақсатқа бағытталған арнайы педагогикалық үдеріс ұйымдастырылатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру нәтижелерін анықтайтын бірыңғай өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері педагогикада толыққанды қалыпқа түсірілмегендіктен, зерттеу жұмысының тақырыбы мен мақсат-міндеттеріне сәйкес өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлері қарастырылады.

Біздің ойымызша, тақырыбымызға сәйкес, басты өлшемдері мен көрсеткіштері ретінде бастауыш сынып оқушыларының табиғатқа, қоғамға, еңбек етуге, білім алуға, басқа адамдарға деген ізгілікті қарым-қатынасын алу дұрыс болады. Сонымен қатар, оқушылардың өздеріне деген, өзін тұлға ретінде қалыптастыруға деген ұмтылысын, өзінің жақсы адам ретінде қалыптастыруға қатысуын, өзіне деген қатынасы деңгейін негіз етіп алу зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай келеді.

Бұл тұста Р.Қоянбаевтың қай заманда болмасын ұрпақ тәрбиесі адамзаттың парызы болып келгені туралы пікірін басшылыққа ала келе, ғалымның әрбір халық өзінің жолын одан әрі жалғастыратын жас ұрпақты түрлі әдіс пен тәсілдерді қолдана отырып, өмірлік сыннан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, қайырымдылық, еңбексүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету деген адами дағдылар мен мінез-қылықтарды бойына дарытуы туралы пікірі маңызды екенін атап өтеміз [18].

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда өлшемдерді анықтау, бастауыш сынып оқушыларының ізгі қарым-қатынасының қалыптасқанын анықтау, оқушылардың ізгілікті мінез-қылықтары мен адамгершілікті іс-әрекетінің бағалануы мен оларды есепке алу – маңызды міндет.

Оқушының тұлғасы жан-жақты қабілетімен, көптеген дағдыларымен, сан түрлі білімімен, жинақтап алғанда біртұтас адами болмыс екені белгілі. Оны жеке-жеке бағытқа тәрбиелеуге кірiскеннің өзінде біртұтас Адам тәрбиесі мәселесіне келіп тірелетініміз анық. Сондықтан да негізгі проблема – жекелеген пәндерді белгілі бір мақсат-міндеттерге сәйкес интеграциялай отырып, оларды біртұтастыққа біріктіретін мәселені көтеру және сол арқылы оқушының біртұтастыққа негізделген жеке тұлғалық қымбат қасиеттерін одан әрі дамытуға арналған әдістеме жасау. Бұл жерде атап кететін мәселе, оқушының біртұтас тұлғалық болмысын құрап тұрған жекелеген құраушыларға әсер ету жолдарын жақсы білу және сол жекелеген құраушыларға педагогикалық тұрғыдан әсер етуде тек қана біртұтас тұлғалық болмысын күшейтудің жолын ұстанудың маңыздылығын түсіну.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруда барлық басқа қасиеттерді біріктіре алатын ерекше қасиеттерін, атап айтсақ, *бір сөзде тұру, мейірімділік, табандылық, мақсаттылық* қасиеттерін қалыптастыру және дамыту бағдары ұсталынады.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасы пәндердің интеграцияланып оқытылуы негізінде қалыптастырылуы көзделгендіктен, бұл жерде оқушыларды түрлі білім көздері арқылы оқушыны қоғамдық қатынастардың түрлеріне қосу қарастырылып отырғанын тағы да атап кетеміз. Бастауыш сынып оқушысының *басқа адамдарға* деген, *табиғатқа* және

*қоғамға* деген *қарым-қатынасы ізгілікті мазмұнда қалыптасуы* арқылы өзінің тұтас тұлғасы да ізгілікті мазмұнды тұлғаға айналады. Негізінде, қоғам дегеніміз заттардың жиынтығы емес, қоғамдық қарым-қатынастар жүйесі екені белгілі. Қоғамдық қатынастар жеке тұлғааралық қарым-қатынас, ұжымдағы қарым-қатынас т.б. болып іштей бөлінеді [183].

Қарым-қатынастың ізгілікті қарым-қатынас деп аталатын маңызды қырының педагогикамен тығыз байланысты екендігі туралы ғалымдар ерекше атап өткен.

Бастауыш мектеп кезеңінен бастап оқушы ізгілікті қарым-қатынастың тыңғылықты жолдарын меңгеріп, өзінің ізгілікті қарым-қатынас иесі екеніне сенімділігі жоғары болып қалыптасуы керек. Ол үшін жекелеген пәндердің білім мазмұнындағы ізгілікті қарым-қатынас дәндері өзара интеграциялана оқытылса, оқушының ойы да, көзқарасы да шашыраңқы болмай, біртұтас ізгілікті қарым-қатынас жүйесін қалыптастыруға өзі де қатысатын болады.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда пән мазмұнын талдаудан басқа, қосымша түрде оқушылардың өздерімен ізгіліктілік тақырыбында көптеген жұмыстар жүргізіледі. Сонымен бірге, ата-аналармен ізгіліктілік тақырыбында әңгімелер және жекелеген жұмыстар жүргізіледі. Бастауыш сынып мұғалімдерімен, тіпті болашақта бастауыш мектепте сабақ беретін, мектепке педагогикалық практикаға баратын студенттермен де жекелеген жұмыстар жүргізіледі. Бұл жұмыстардың барлығының да мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру үдерісінің жоғары нәтижелі етуге деген ұмтылыс.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың деңгейі біздің көрсеткен белгілер арқылы жүзеге асады. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың көрсеткіші ретінде келесілерді бөліп көрсетеміз:

- интеграция негізіндегі ізгілікті қарым-қатынасқа мотивтің болуы (*мотивациялық-құндылықтылық компонент*);
- интеграция негізінде білімнің жүйелі әрекетке айналуы ( *танымдық-іс-әрекеттік компонент*);
- интеграция негізінде тұрақты эмоция мен өзіндік әдептің болуы (*тұлғалық мінез-құлықтық компонент*).

Бұл жерде ізгілікті қарым-қатынастың *мотивациялық- құндылықтылық компонентінің* мазмұндық жүйесі оқушылардың өзіне деген, ұстазына деген достарына деген, ата-анасына, туыстарына, басқа да адамдарға деген, тұтас қоғамға деген, табиғатқа деген *тұлғалық-ізгіліктілік сапаларын қалыптастыруды қарастырады.* Ізгілікті сезімдердің тұрақты болуы және олардың тереңдігі мен басқа адамдарға ықпал ету диапазонының кеңдігі мотивациялық-құндылықтылық компонентпен байланысты анықталады.

Мотив тұлғаның күш-жігерін белсендендіреді және іс-әрекетке қызығушылықты қамтамасыз етеді. Л.И.Божовичтың пайымдауынша, мотив ретінде сыртқы әлемнің заттары, көзқарастары, идеялары, сезімдері мен әсерлері – бір сөзбен айтқанда, қажеттілік не арқылы жүзеге асырылады, соның бәрінің алынуы деп айтады [184].

Қазіргі кезде мотивация психикалық құбылыс ретінде әр түрлі жолмен түсіндіріледі. Мысалы: мінез-құлықты қолдайтын және бағыттайтын, анықтайтын факторлардың жиынтығы ретінде; Р.Корсини, А. Ауэрбахтарды айтулары бойынша «тұлға, оның мінез-құлқы іс-әрекеттерінің сипатын, мазмұнын, бағыттылығын анықтайтын тұрақты мотивтер, қозғаулардың жиынтығы» ретінде; тұлға мен мінез-құлықтың ішкі және сыртқы факторларын салыстыруының, нақты іс-әрекет түрлерінің пайда болуын, бағытын, сонымен қатар жүзеге асырылу тәсілдерін анықтайтын, күрделі тетіктері ретінде [185].

П.И.Пидкасистый редакциясын басқарған «Педагогика» оқу құралында педагогикалық іс-әрекеттің басымды мотиві ретінде балалық шақтың бақытына әрекет етуге ыстық лебізді және адамға ізгілікті қатынасты санайды [186].

Жоғарыда ғалымдардың еңбектерін талдау мотивациялық-құндылықтылық компоненттің нақтылығын сипаттай отырып, оның *қызығушылық, қажеттілік, ынта мен мотивтен* тұратынын негіздеуге болады.

*Танымдық-іс-әрекеттік компонент* оқушылардың адамгершілік, әсемдік, құқықтық, экологиялық талаптар бойынша өзіне, басқа адамдарға, қоғамға, табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынас жасау дағдыларының қалыптасуына қажетті білімнің болуы дегенді білдіреді. Интеграциялық білім мазмұнын меңгеруі негізінде оқушының өзіне, басқаларға, қоғамға, табиғатқа біртұтас құндылық деп қарайтын ізгілікті қарым-қатынас туралы білімі мен танымы қарастырылады.

Ал *тұлғалық-мінез құлықтық компонентіне* оқушының мінез-қылығы, өзін-өзі ұстау нормалары енеді. Осы компонент арқылы оқушының жеке тұлға дәрежесіндегі тұрақты эмоциясы мен қарым-қатынасының сипаты танылады.

Тақырыпқа байланысты жүргізілген зерттеу нәтижелерінде ізгілікті қарым-қатынастың адам бойындағы ізгілікті білім, сезім және мінез-құлықтың тұтастығымен, бірлігімен айқындалатыны туралы қарастырылды. Сонымен бірге біздің пайымдауымызда, ізгілікті қарым-қатынас оқыту үдерісі барысында оқушылардың адамгершілікке бағытталған ізгілікті іс-әрекетінің жағымды мотивінің бірі ретінде қатысатын тұлғалық қатынастың ерекше түрі деп бағаланады. Ізгілікті қарым-қатынас адам бойындағы ізгілікті білім, сезім, және мінез-құлықтың тұтастығымен анықталады. Ізгілікті қарым-қатынасты оқыту үдерісі барысында оқушылардың адамгершілікке бағытталған іс-әрекеті адамгершілік ісінің жағымды мотивінің бірі ретінде қатысатын тұлғалық қатынастың ерекше түрі деп бағалаймыз. Тұлғаның ізгілікті қарым-қатынасын

қалыптастыру жеке тұлғада ізгілікті қасиет пен сезімді, мінез-құлықты тәрбиелеу барысында тиімді әдістер мен тәсілдерді ұйымдастыру үдерісі деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді деп анықтап өткен [187].

Бастауыш сынып оқушыларының ізгі қарым-қатынасының қалыптасқанын анықтауда, оқушылардың ізгілікті мінез-қылықтары мен адамгершілікті іс-әрекетінің бағалануы мен оларды есепке алуда оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың деңгейі мен көрсеткішін анықтаймыз.

Біз бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың үш деңгейін анықтадық:

- ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуының жоғары деңгейі;
- ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуының орташа деңгейі;
- ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуының төмен деңгейі.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуының деңгейлерін зерттеу жұмысымызға сай келесі деңгейлерге бөліп қарастырдық:

*Жоғары деңгей*

- өзін сыйлай білуі, өзіне сын көзбен қарай білуі жоғары; өзін ізгі жолмен жетілдіруге, шыңдауға деген ұмтылысы тұрақты сипатта; жауапкершілік сезімі өте жоғары; «қарыз» бен «парыз» айырмашылығын түсінуге даяр; сыйластық, достық, жақсы көру сезімі өте жоғары, отаншылдық сезімі өте жоғары; іс-әрекеті, әдептері, ой-толғамдары адамгершілік нормаларына толық сай келеді; өзін қоршаған табиғатты қорғауға өзінің де жауапкершілігі бар екенін түсінеді; табиғатты қорғау және адам мен табиғаттың байланысы ізгілікті болуы керек екендігі жөнінде тұлғалық пікірі бар; табиғат пен қоғамдық байланысты түсінеді; осы бағыттағы білімін өмірде саналылықпен қолданады;
- оқушының ізгілік, адамгершілік қарым-қатынас туралы білімі қалыптасқан, жүйелі әрекет ету арқылы көрініс табады; оқушының интеграциялық білім мазмұнын қабылдауға даярлығы бар және сол негізде ізгілікті қарым-қатынас жасауға қажетті білім жинақтай алады; өзіне, басқа адамдарға, қоғамға, табиғатқа біртұтас құндылық деп қарайтын ізгілікті қарым-қатынас жасауға байланысты деректерге, түрлі құбылыстарға өзіндік тұрғыдан баға бере алады, оқушы ізгілікті нормаларды қорғауға, өз көзқарасын дәлелдеуге дайын;
- білім алу арқылы өзін дамыту мақсаты айқын, міндеттер қоя біледі, дамудың әдіс-амалдарын меңгерген, жетілдіріп отырады; адамдармен қарым-қатынас мәдениеті биік, ізгілік нормаларына талғампаздығы жоғары, қоғамның адамгершілік нормаларына сай өзін ұстау әдептері қалыптасқан; экологиялық әдепке байланысты нормалар орнықты қалыптасқан; табиғатпен ізгілікті қарым-қатынас жасауға толық дайын.

*Орта деңгей*

- өзін дұрыс қабылдай алады, сын көзбен қарай алады; өзімді жетілдірсем, жетістікке жетсем деген ұмтылысы бар; басқа адамдарды жақсы қабылдайды, достарының, сыныптың жетістігіне жақсы сезімін көрсете алады, қуанады, досының әрекеті үшін уайымдайды, жанашырлық қасиеті жоғары; табиғатты жақсы көреді, табиғатты қорғау жайында сезімдерін білдіре алады, табиғатқа зиян келтіруге қарсы; табиғатпен байланысы тұрақты болуын қалайды, кейбір экологиялық талаптарды ұстаным ретінде қабылдайды;

- оқушының ізгілікті қарым-қатынас туралы білімі бар, бірақ толыққанды емес және жүйелі түрде көрінбейді, оқушы интеграциялық білім мазмұнын меңгерген, бірақ толық байланыстыра алмағандықтан, ізгілікті қарым-қатынастың өзіне, басқаларға, қоғамға, табиғатқа деп бөліп қарастырады; өзінің ізгілікті қарым-қатынасының себебі мен салдарын толыққанды түсіндіре алмайды; ізгілікті қарым-қатынас жасау туралы білімі бар; адамгершілік пен ізгілікті қарым-қатынас туралы білімі мен ұғымдар жүйесі бар; табиғат, адам мен табиғаттың байланысы, экология туралы білімі бар, өмірде туындаған нақты жағдаятқа сәйкес қолданады;

- өзін-өзі дамыту міндеттерін алға қояды, ол міндеттерді шешуде сырттан көмек күтеді; басқалармен қарым-қатынас жасауға деген қажеттілігі қалыпты, ізгілікті қарым-қатынас дағдылары бар, бірақ жүйелілікпен қалыптаспаған; табиғатпен ізгілікті қарым-қатынас жасауға деген ұмтылысы жақсы дамыған, бірақ жүйелі әдеп ретінде орнықпаған.

*Төмен деңгей:*

- өзін-өзі бағалауы тым төмен; өзін әрдайым жетілдіріп отыру деген ұмтылысы басталып, кейін жоғалып кете береді; өзінен басқа адамдарға, сыныпқа деген адамгершілік қарым-қатынасы әлсіз; адамгершілік нормаларын меңгеруі әлсіз, көптеген адамгершілік талаптарды сыртқы талаппен орындайды немесе «бәрі не істесе, соны істедім» деген қағиданы көбірек ұстанады; ізгілік қарым-қатынасы үздік-үздік байқалады; табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынасы өте әлсіз байқалады; табиғатпен байланысты болу туралы ойы әлсіз, экологиялық нормаларды тұрақты қолданбайды;

- оқушының ізгілікті қарым-қатынас туралы білімі шашыраңқы, жүйесіз; адамгершілік нормаларының қайсысы басты, қайсысы қосалқы екенін айыра алмайды; оқушы интеграциялық білім мазмұнын нашар меңгерген, олардың ортақ нүктесін тани алмайды, сол себепті, ізгілікті қарым-қатынастың білім мазмұнынан туындайтын мәнісін нашар ұғынады; басқа адамдармен, қоғаммен, табиғатпен қарым-қатынас жасағанымен, ізгілік, ізгілікті қарым-қатынас туралы білімі байқалмайды, адамгершілік туралы негізгі ұғымдары болғанымен, оны жүйелі қолдана алмайды. Табиғат, адам мен табиғаттың байланысы, экология туралы білімі толық емес, негізгі ұғымдарды білсе де, өмірде түсініп қолдана алмайды;

- өзін-өзі дамытудың жолдарын мүлде дерлік білмейді, алдына даму міндеттерін қоярда өте қиналады; басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігі тым әлсіз, адамдарға деген ізгілікті қарым-қатынас жасау нормалары өте әлсіз қалыптасқан; табиғатпен ізгілікті қарым-қатынас әдептері әлсіз дамыған.

Осылайша белгіленген деңгейлер бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруға бағытталады. Әрбір алдыңғы деңгей келесі байланыстың негізі болып табылатын бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың жоғары деңгейін қамтиды.

Зерттеу жұмысымыздың алға қойылған мақсатына сәйкес бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың деңгейлерін, өлшемдерін анықтаған соң, олардың келесідей көрсеткіштері айқындалды. Олардың біртұтас мазмұнын берілген 5-кестеден көруге болады. Бұл кестеде бастауыш сынып оқушыларының интеграциялау арқылы ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуының көрсеткіштері беріледі және ол көрсеткіштердің өлшемдері мен олардың деңгейлеріне сәйкес келуі қадағаланады.

Кесте 5 – Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, деңгейлері және көрсеткіштері

| Компоненттер | Өлшемдер | Көрсеткіштер |
|---|---|---|
| Мотивациялық-құндылықтылық | интеграция негізіндегі ізгілікті қарым-қатынасқа мотивтің болуы | – Оқушының өзінің ізгілікті қарым-қатынас жасауға ұмтылысы мен қызығушылығы;<br>– басқа адамдарға, сыныпқа, қоғамға ізгілікті қарым-қатынасының негізінде жауапкершілік, сыйластық, достық, жақсы көру сезімі мен тұлғалық, отаншылдық сезімі;<br>– табиғат пен адам арасындағы байланыстың әрдайым ізгілікті болуын түсінуге қызығушылығы, осы бағыттағы білімін өмірде саналылықпен қолдана білуге деген ынтасы. |
| Танымдық-іс-әрекеттік | интеграция негізінде білімнің жүйелі әрекетке айналуы | -Ізгілікті, адамгершілік қарым-қатынас туралы білімінің қалыптасуы, білімінің өзінің жүйелі әрекет ету арқылы көрініс табуы;<br>– интеграциялық білім мазмұнын қабылдауға даярлығы болуы және сол негізде өзгелерге, қоғамға ізгілікті қарым-қатынас жасауға қажетті білім жинақтай алуы;<br>– табиғатқа өзінің, қоғамның байланысын түсініп, барлығын табиғат аясындағы біртұтас құндылық деп қарайтын ізгілікті қарым-қатынас жасауға |

5-кестенің соңы

| | | |
|---|---|---|
| | | байланысты деректерге, түрлі құбылыстарға өзіндік тұрғыдан баға бере алатын болуы;<br>– интеграциялық негізде меңгерген білім мазмұны ізгілікті нормаларды қорғауға, өзінің ізгілікті әрекетін жүйелі етуге, ізгілікті көзқарасын дәлелдеуге тірек болуы. |
| Тұлғалық-мінез-құлықтық | интеграция негізінде тұрақты эмоция мен өзіндік әдептің болуы | – Интеграциялық білім мазмұны негізінде өзін ізгілікті қарым-қатынасқа қалыптастыруда ішкі мақсаты айқын, міндеттер қоя білуі, дамудың әдіс-амалдарын меңгеруі;<br>– адамдармен қарым-қатынас мәдениеті биік, ізгілік нормаларына талғампаздығы жоғары, қоғамның адамгершілік нормаларына сай өзін ұстау әдептері қалыптасқан;<br>– табиғатпен ізгілікті қарым-қатынас жасауға дайын және экологиялық әдеп нормаларының орнықты қалыптасқан. |

Кестеде белгіленген мотивациялық-құндылықтылық, танымдық-іс-әрекеттік, тұлғалық-мінез құлықтық компоненттер – өзара тығыз байланысты біртұтастықты құраушы құрылым.

Жоғарыда көрсетілген мотивациялық-құндылықтылық, танымдық-іс-әрекеттік, тұлғалық-мінез-құлықтық компоненттердің тығыз байланыста қолданылуы арқылы ғана бастауыш сынып оқушыларын ізгілікті қарым-қатынасқа тәрбиелеуге болады. Өйткені көрсетілген компонент түрлері өзара бірін екінші толықтырып тұрады және олар біріге келе, біртұтастықтың үш қырын білдіреді.

Тақырыбымызға қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын, кітаптарды талдау барысында анықталған теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, әр компонент бойынша интеграциялық білім алуы барысында бастауыш сынып оқушысының ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуы нәтижелерін диагностикалауда біздің тарапымыздан 3 түрлі *өлшем әдістемесі* әзірленді. Олар:

Бірінші әдістеме: «Интеграция негізінде бастауыш сынып оқушыларының *өзіне деген* ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері»;

Екінші әдістеме: «Интеграция негізінде бастауыш сынып оқушыларының *өзге адамдарға, ұжымға, қоғамға деген* ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері»;

Үшінші әдістеме «Интеграция негізінде бастауыш сынып оқушыларының *табиғатқа деген* ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері».

Әрине, бастауыш сынып оқушыларының өмірлік жағдаяттарда іске асыратын қандай да бір ізгілікті қылығының таңдалынуына, ізгілікті қарым-қатынас жасауына түпкілікті не себеп болатынын дәл ашып айту қиын. Солай болса да, оқушыларды ізгілікті қарым-қатынас жасауға арнайы оқыту арқылы өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарда ізгілікті қарым-қатынас ұстауының маңызы мен қажеттілігін үйрететін әдістемелік жүйе әзірленіп, қойылған мақсатқа жету көзделінеді.

Кестеде көрсетілген белгілерді негізге ала отырып әзірленген диагностикалау әдістемелерін қолданып, интеграция негізінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау мақсатында арнайы тәжірибелік-эксперимент жүргізілді. Келесі тарауда оның мазмұны мен жүйесі сипатталады.

Бастауыш сынып оқушыларының интеграциялау барысында қалыптасуы тиіс деп күтілетін мотивациялық-құндылықтылық, танымдық-іс-әрекеттік, тұлғалық-мінез-құлықтық деңгейлердегі көрсеткіштердің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін арнайы интегративтік сабақтар жүйесі мен тапсырмалар мен жаттығулар кешені, интегративтік әдіс-тәсілдер қолданылуы керектігі белгілі.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін диагностикалау барысында арнайы әдіс-тәсілдер жүйесі (сауалнама, әңгіме, интервью алу, кесінді тапсырмалар орындату т.б.) қолданылуы арқылы нақтылап белгілеу керек.

Бастауыш сынып оқушысы мектепте жүйелі білім алуға кіріскен соң, оның әлеуметтік ортаға байланысты болу деңгейі ерекше биіктей түседі. Өйткені бұл жастағы өркендерге түрлі қоғамдық жұмыстар жүктеліп, оқушы өзінің қоғамдағы орнын түсіне бастайды, өзін және өзін қоршаған ортаны бағалай бастайды, оларға байланысты түрлі қарым-қатынас жүйесін құра бастайды. Бастауыш сынып оқушысы үшін бұрынғы ойынның орны ауысып, енді білім алу үдерісі басты орынға қойыла бастайды. Сөйлеу, ойлау, жеке тұлғалық портреті қалыптасуы бастауыш сыныпта қарқынды өтеді, сондықтан бұл кезеңде оқушылардың көзқарасын қалыптастыруға барынша ұқыптылықпен қарау керек. Бір де бір оқушы осы қарқынды даму үдерісінен тыс қалып қоймауы керек. Білім алу жүйесінің тәрбиелік потенциалы да күн өткен сайын күшейе түсетіндіктен, олардың ортақ нүктесін интеграциялау арқылы бастауыш сынып оқушыларын өзіне, өзгелерге, қоғамға, табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынас құруға барлық мүмкіндікті пайдалана отырып бетбұрыс жасау керек.

Ғалым Р. Қоянбаевтың пікіріне сүйеніп, бастауыш сынып оқушысының даму қуатын бізде «болашақ үміт дүниесі» деп анықтаймыз [18]. Сонымен бірге, ғалымның «Педагогикалық тұрғыдан болашақ үміт дүниесі деп тұтас ұжым балалар тобы, баланың тұлғалық мәні дамуының ішкі қажеттіліктерін

қанағаттандыратын, ұжым мүшелерінің даму деңгейіне, олардың жас және дербес ерекшеліктеріне қоғам талабына сәйкес келетін міндеттерді, мақсаттарды, істерді түсінуіміз керек», – деген пікіріне сүйенеміз. Ғалым айтып көрсетіп отырған міндеттерді мақсаттарды, істерді біз зерттеу жұмысының тақырыбымен яғни бастауыш сынып оқушысының интеграциялық білім алуы негізінде ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуымен тығыз байланыста қарастырамыз.

Бастауыш сынып оқушысының ізгілікті қарым-қатынасын білімнен, оның ішінде қоршаған ортаны, қоғамды, табиғатты, өзін біртұтас етіп таныта алатын интеграциялық білімнен өркендету арқылы оқушының дүниетанымдық бағдарын жүйелі түрде әрекет ететін адамгершілік қуат дәрежесіне жеткізуге болады деп ойлаймыз.

## 2.2 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру мүмкіндіктері

Бастауыш сыныпта оқылатын пәндерді тек ақыл-ойды дамыту көзі ретінде ғана қарастырмай, ізгілік дәнін егіп өсіретін тәлім-тәрбие құралы ретінде бірдей қарастырудың жемісті жолын, нақты айтқанда, оқушының біртұтас дүниетаным картинасын қалыптастырып, оқытудың, яғни интеграциялық оқытудың жүйесі арқылы ғана қалыптастыру мүмкін болады деп санаймыз. Өйткені бөлшектеп оқылған пән мазмұндарының оқушының синтездік тұтас дүниені танып-білу әдістерін меңгертуі әлсіз. Бастауыш сынып пәндерінің ішінде осындай интеграциялық әлеуеті зор пән – «Дүниетану» пәні.

Интеграциялық негізде оқытудың ерекшелігіне байланысты ғалымдардың пікірлері, көп жағдайда, біркелкі емес деуге болады. Оны пәнаралық байланыс мәселесімен бір қатарда қарастыру да кездеседі [188], иерархиялық синтез ретінде қарастыру да бар [189], жаһандық мәселе ретінде қарастыруды ұсынушылар да бар [190].

Ал, біздің зерттеу жұмысымызда интеграциялық негізде оқытудың және соған сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың мүмкіндіктерін анықтау екі бағытта жүргізіледі.

Оның *біріншісі – интеграцияны оқу мақсаты ретінде тану.* Сол арқылы оқушының өзін қоршаған әлем, яғни басқа адамдар, қоғам, табиғат туралы біртұтас білім қалыптастыру бағыты.

Ал *екіншісі – интеграцияны оқу құралы ретінде тану.* Сол бағытта түрлі пәндер арқылы берілетін білім мазмұндарының ортақ табан тірер негізін табу, сипаттау, мүмкіндіктерін айқындау.

*Интеграцияның оқу мақсаты ретіндегі мүмкіндіктері* бастауыш сынып оқушыларына осынау тұтас әлемнің жекелеген бөлшектерін дербес пән ретінде меңгеруі барысында ол бөлшектердің шыққан түп көзі – біртұтас әлем екендігі жөнінде түсінігін қалыптастырады. Сол логикамен жүре отырып, барлық пәндердің жеке-жеке оқылғанымен, барар түп нүктесі – біртұтас әлемнің

болмысы екенін де түсінетіндей етіп оқылады. Жекелеген пәндердің білім мазмұнын меңгертуде орындатылатын ойлау операциялары, оқу-танымдық әрекеттері, адамдық іс-әрекеттері, барлығы, қалай болғанда да, жинақтала келе, оқушының санасында біртұтас әлемнің келбетін қалыптастыруға бағытталатыны белгілі. Осындай мүмкіндіктерді орнымен пайдалану арқылы, сабақтарда қолдану арқылы ғана бастауыш сынып оқушысының жан-жақты дамуы туралы сеніммен айтуға болады деп санаймыз.

Бастауыш сыныпта оқылатын барлық пәндердің дидактикалық мақсаты – оқушыға түрлі қырынан өзі және өзін қоршаған ортаны, әлемді тануын мүмкін ету. Жаңартылған білім мазмұнды оқу бағдарламасында интеграциялық негізде оқытудың сенімді сатылары жасалынған. Оны біз жаңартылған білім мазмұнының мемлекеттік стандартында берілген бөліміндегі ірі топтар бойынша сипаттамалардан көреміз. Стандартта бастауыш мектеп оқушыларына білім беру «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» деп аталатын бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін әрбір ғылым саласының ерекшеліктері ескерілетіні атап көрсетіледі [191].

Стандартта бұлай топтап көрсетілген пәндердің мүмкіндіктері олардың түпкі шығар көздері бір ғылым немесе мәндес, өте жақын ғылым салалары екенін және олардың барлығының мазмұнында өзара одан әрі бірігу, кірігу, интеграциялану потенциалдарын іздеуге болатынын дәлелдейді (9-сурет).




Сурет 9 – Бастауыш сынып пәндерінің интеграциялық потенциалы

Интеграция ұғымы сонымен бірге дидактикалық принцип ретінде де қолданылатыны белгілі. Бұл принцип бойынша оқылатын дифференциалдық білім мазмұндарының арасындағы өзара байланыс орнатылып, білімнің жеткіліксіз тұсын толықтыру қыры қарастырылады.

Бастауыш сынып оқушысының зеректігін дамыту мақсатында жаңартылған білім мазмұнының барлық пәндерді түйістіретін ортақ нүктесін одан әрі жетілдіріп, оларды интеграциялаудың бағытын ізгілікті қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында пайдалану жолдарын оқытудың *интегративтік ұстанымы* анықтап бере алады.

Бірақ интеграция пәндерді дербес оқытудың классикалық дәстүрін толық алмастырмайды, тек қана бір пәннің екінші пәнге қарай байланысып өтетін алтын көпірдей жолдарын тауып, соны пайдалануды ғана көздейді.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру мүмкіндіктерін, сонымен қатар, пәндердің білім мазмұнынан, оқыту әдістері мен оқу әдістерінің, оқытудың формаларының, өз бетімен орындайтын оқу тапсырмаларының да мазмұнынан, мақсаты мен міндеттерінен табуға болады. Осылардың барлығы бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың пәндердің кіріктіріле оқыту үдерісінде анықталады.

Бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар мазмұнында оқушы тұлғасының мінез-құлқы мен әрекетін ынталандырып отыратын өмірлік тұрақты бағдарлары ретінде «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» базалық құндылықтары алынған [192].

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру мүмкіндіктерін біз осы құндылықтардан бастаймыз.

Бұл құндылықтар оқушының мінез-құлқы мен күнделікті іс-әрекетін ынталандыратын тұрақты негізде басшылыққа алынады. Барлық оқу пәндерінің білім мазмұнында осы талаптардың болуына талап қойылуының өзін біз пәндер интеграциялануының бірінші жолы деп танимыз және солай бағалаймыз. Интеграция – үдеріс, соның нәтижесі ретінде жаңа мазмұн құралатынын ескерсек, интеграциялық үдерістің тек бір рет болып қоятын фрагментарлық емес, қарқынмен прогрессивтік (кейде регрессивтік) түрде үздіксіз болып жататын және сол негізде жаңалықтар құралып жататын, үдемелі динамикалық қозғалыс деп танылады. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру мүмкіндіктерінің бастауы ретінде базалық құндылықтар алынды.

Келесі сатыда бастауыш сынып пәндерінің өзара интеграциялануы барысындағы туындайтын *дидактикалық мүмкіндіктер* қарастырылады. Осы міндетті шешу үшін бастауыш сыныптарға арналған барлық пәндердің бағдарламаларының міндеттеріне салыстырмалы талдау жүргізілді [192].

Талдау барысында алдымен барлық пәндер мен олардың оқу бағдарламасында белгіленген міндеттері түзілді, яғни оқу бағдарламаларында көрсетілген міндеттердің ішінен мағыналары өзара жақын келетіндері іріктелінді.

Осыдан соң барлық пәндердің міндеттерінің ішінен интеграциялық мазмұны мен интеграциялық құрал, интеграциялық әдістерге тірек болатын

ұғымдар үш рет сараланды. Үшінші саралаудың нәтижесі төмендегі 6-кестеде көрсетілді.

Кесте 6 – Оқу бағдарламаларындағы міндеттер бойынша ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру бағытында анықталған ортақ ұғымдар

| Пәндер | Міндеттер |
|---|---|
| Қазақ тілі | - қарым-қатынас жасау;<br>- өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білу;<br>- адамдардың өзара түсінісуі<br>- сыйластық<br>- құрмет сезімдері<br>- адамгершілік қасиеттері;<br>- өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгі қасиеттер;<br>- түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында сөйлеу этикетін қолдану;<br>- қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдану;<br>- өзіндік пайымдау жасау. |
| Математика | -логикалық ойлау;<br>-сыни тұрғыдан ойлау<br>-шығармашылық қабілеттер;<br>-тұлғалық қасиеттер:<br>-білуге құштарлық;<br>-мақсаттылық;<br>-жауапкершілік;<br>-сенімділік;<br>-тәуелсіздік;<br>-түсіну;<br>-түсіндіру;<br>- жүйелеу;<br>-когнитивтік дағдылар;<br>-коммуникативтік дағдылар;<br>- әлеуметтік дағдылар;<br>-топпен жұмыс істеу;<br>-өз көзқарасын білдіру;<br>-басқа адамдардың пікірін құрметтеу;<br>-көшбасшылық қасиеттер. |
| Жаратылыстану | -ойлау; сыни тұрғыдан ойлау;<br>-коммуникативтік дағдылары мен біліктер;<br>-қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру;<br>-өмірлік маңызы бар мазмұнды ақпаратты қабылдау;<br>-зияткерлік;<br>-шығармашылық қабілеттер;<br>-жаратылыстану-ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру;<br>-өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану;<br>-тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;<br>-заманауи технологияларды сауатты пайдалану;<br>-денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау;<br>-жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану. |
| Дүниетану | -қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсінік;<br>-табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормалары |

6-кестенің жалғасы

| | |
|---|---|
| | -қауіпсіздік ережелері;<br>-танымдық әрекет;<br>-қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық құндылықтар жүйесі;<br>-жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі;<br>-қоршаған ортамен дұрыс қатынастар;<br>-қоғаммен дұрыс қатынастар;<br>-табиғатпен дұрыс қатынастар;<br>-мәдени құндылықтарымен дұрыс қатынастар. |
| «Өзін-өзі тану» | -жалпыадамзаттық құндылықтар;<br>-қоғамға қызмет ету;<br>-тұлғаның құндылықтар жүйесі;<br>-адамның өзіне, қоршаған әлемге, жалпы адамзатқа қатысы ескерілген әлеуметтік мәнді бағдарлар;<br>-адамгершілік мінез-құлық негіздері;<br>-өз рухани-адамгершілік табиғаты мен өмірлік мұраты;<br>-өзіне, адамдарға және қоршаған ақиқатқа құндылықты қатынас;<br>- айналасындағыларға риясыз сүйіспеншілік пен тілектестік;<br>- өзін-өзі тану;<br>-өзіндік қадір-қасиет сезімі, өз-өзіне сенімділік, өз ойына, сөзіне және әрекеттеріне жауапкершілік;<br>-адамның ішкі және сыртқы әлемінің өзара байланысы;<br>-салауатты өмір салтын жүргізу;<br>-әлеуметтік ұстанымдар мен рөлдердің көптүрлілігі тұрғысынан позитивті ойлау;<br>-өз әрекеттері мен мінез-құлқын реттеу мүмкіндіктерін ұғыну;<br>-өмірлік жағдаяттарды бағалау кезінде өзінің ар-ұжданына жүгіну;<br>- жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін шешімдер қабылдау;<br>-адамгершілік нормаларына сәйкес келетін міндеттерді сындарлы шешу;<br>-өзіне және басқаларға жәбір көрсетпеу. |
| Музыка | -музыканы өнердің басқа да түрлерімен кіріктіру;<br>-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану<br>-қазақтың дәстүрлі музыкасы мен фольклорының, әлем халықтарының музыкалық шығармашылығының, классикалық және заманауи композиторлар шығармаларының озық үлгілерін білу;<br>-өмір тәжірибесі негізінде іс-әрекеттерінің танымдық және эмоционалдық өрісі<br>-адамгершілік-эстетикалық сезімдер<br>-ассоциациялық ойлау;<br>-бейнелеп ойлау;<br>-музыкалық іс-әрекеттер арқылы қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасы. |
| Көркем еңбек | -ұлттық және әлемдік материалдық мәдениет пен өнер шығармаларымен танысу арқылы құндылық бағыттары;<br>-сыни ойлау;<br>-шығармашылық;<br>-өзін-өзі бағалауын жоғарылату<br>-жағымды көзқарас;<br>-коммуникацияның бір тілі ретіндегі ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларының мағынасы<br>-көркем еңбектің рөлі;<br>-танымдық, |

6-кестенің соңы

| | |
|---|---|
| | -коммуникативтік,<br>-ұйымдастырушылық<br>-адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу; |
| Дене шынықтыру<br>. | -дене және психикалық денсаулығы;<br>-төзімділік;<br>-ширақтық;<br>-күштілік;<br>-ептілік;<br>-икемділік;<br>-Отанға деген патриоттық сезім;<br>-құрмет;<br>-жауапкершілік;<br>-өзара түсіністік;<br>-салауатты өмір салты;<br>-дене шынықтыру - жалпы адамзат мәдениетінің бөлігі ретінде. |
| Орыс тілі | -өмірдің әлеуметтік, мәдени, ғылыми-көпшілік, білім беру салаларында қарым-қатынас жасау;<br>-орыс тілінің нормалары мен ережелеріне сәйкес синтаксистік дұрыс сөйлемдер құру;<br>-қазақ, орыс және басқа халықтардың мәдениетінің құндылықтары туралы түсінік. |
| Ағылшын тілі | -шығармашылық ойлау;<br>-тұлға мен жалпыға бірдей дағдылар<br>-негізгі құндылықтар –<br>-Қазақстандық патриотизм<br>-азаматтық жауапкершілік<br>-сыйластық<br>-ынтымақтастық<br>-еңбек<br>-шығармашылық<br>-ашықтық<br>-өмір бойы білім алу<br>-мінез-құлқы мен күнделікті іс-әрекетін ынталандыратын тұрақты негізде басшылыққа алу. |

Осылайша, *интеграциялық мүмкіндіктің тағы бір жолын* біз *бастауыш пәндер бойынша көзделген міндеттердің ортақтығынан* тауып ала аламыз.

Интегративтік ұстаным оқу пәндерінің мақсаттарынан, міндеттерінен, мазмұнындағы тақырыптарынан, сонымен бірге оқу құралдары мен күтілетін нәтижелерінен ортақ нүктені табу мен олардың симметриялық түрде дидактикалық жүйеде орналасуын және интеграциялық сабақ немесе ерекше өзіндік жұмыс орындату барысында жүзеге асырудың жолдарын анықтауда басшылыққа алынады. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының жекелеген пәндерді оқуы барысында ортақ дүниетану платформасы қалыптасу жолдары анықталады.

Жоғарыдағы кестеден көрінгеніндей, барлық пәндерде оқушылардың **ойлауы мен сөйлеуін дамыту, адамгершілік құндылықтарды таныту және меңгерту, оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту** түрлі қырынан

міндет ретінде белгіленген. Қалған көрсетілген міндеттер осы үлкен міндеттердің қыры мен ішкі тарамдарын көрсетеді деп ойлаймыз.

Осы үш бағыттың түрлі қырынан берілген өзіндік ерекшеліктерін ортақ қазық ретінде алатын болсақ, олардың оқушыға әлемнің біртұтас бейнесін тануға тірек болатын дидактикалық және тәрбиелік потенциалы зор екенін көруге болады.

Бастауыш мектепке арналған жаңартылған оқу бағдарламаларында синтезделген оқушылардың **ойлауы мен сөйлеуін дамыту, адамгершілік құндылықтарды таныту және меңгерту, оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту** міндеттерін тірек ете отырып, интеграциялай оқытудың сапалық және сандық өзгерістеріне қол жеткізу мүмкіндігі үлкен деп санаймыз.

Өйткені көрсетілген үш тіректің интеграциялай оқыту барысында оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға аса қажетті логикалық және әдіснамалық негіздері айқын және сенімді.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға қажетті оқу пәндерін интеграциялау үдерісін белгілі бір құрылымға түсіру мүмкіндігі де көрсетілген үш міндеттердің мазмұнынан табылады. Өйткені олардың әрқайсысының педагогикалық-дидактикалық және тәрбиелік мақсатқа бағытталғандығы, салыстырмалы түрде дербестігі анық танылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыруда пәндердің өзара сәйкестігі *мазмұн, оқу мақсаты, оқу міндеттері, оқыту құралдары* жағынан танылуы керектігі белгілі. Соған орай, интеграцияланып оқылатын пәндер ортақ теориялық тұжырымдамаларға және ортақ заңдылықтарға сүйеніп құрылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың түпкі мақсаты белгілі, ол – оқушылардың жеке пән ретінде оқып жатқан, меңгеріп жатқан білім мазмұны ортақ заңдылықтарға негізделген әлемтанудың, өмірканудың тармақтары екенін ұғындыру. Әрбір пәннің өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, басқа пәнмен тығыз байланысты болуы өмірдің біртұтас, бірақ санқырлы болмысын білдіреді.

Белгілі ғалым Дж.Дьюи білім беру философиясына байланысты еңбегінде баланы Күнге теңеп, оқушы Педагогикалық Әлемнің, Ғаламның орталық өзекті орнында тұрады деген. Дж.Дьюи мектепте оқылатын пәндердің барлығын «Баладан – әлемге және әлемнен – балаға» принципімен құруды ұсынған [193]. Біз Дьюидің осы принципін зерттеу тақырыбымызға жетекші етіп ала отырып, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық және жаратылыстану пәндердің баланың біртұтас әлем картинасын тану мүмкіншіліктерін арнайы қарастырамыз.

Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда құндылықтарды меңгерту және пәннің білімдік, тәрбиелік потенциалын барынша қолдану біртіндеп оқушының Әлемді тұтас тануына алып келеді.

Санасында «мен – пән – Әлем» деген моделі тұтастықта қалыптасқан соң, оқушының өмірлік тәжірибесінде кез келген іс-әрекетке барарда «Әлем – білім – мен» деген кері байланыс орын алып, «менің кез келген іс-әрекетім, сөзім, жетістігім Әлемге ізгілік келтіруі тиіс» деген ойды жетекшілік орынға алып шығады. Бұл процестің моделін келесі 10-суреттен көруге болады.




Сурет 10 – Интеграциялық білімнің ізгілікті қатынас қалыптастыру мүмкіншіліктері

Осы мәселені дидактикалық тұрғыдан ұтымды шешіп, сол арқылы оқушылардың өзіне де, өзгелерге де, табиғатқа да, әлемге де ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру ерекше әдістемелік жүйені қажет ететіні белгілі.

Бастауыш сыныпта оқып жүрген бүлдіршіндердің танымдық белсенділігі жоғары болып келетіні белгілі. Бірақ, баланың қабылдауына ауыр келетін білім мазмұнын үйіп-төгіп меңгерту арқылы баланың оқу-танымдық белсенділігі әлсіреп қалатынын естен шығармауымыз керек. Әруақытта қызығушылығын оятып, дамытып, оқушының білімі өмірдің қажеттілігі екенін санасына құйып отыру – аса маңызды әдіс. Ізгілікті қарым-қатынас мұғалімнің оқушыға деген осындай қатынасынан туындайды. Әр оқушы өзін Әлемнің жақсылыққа, ізгілікке деген қажеттілігін қамтамасыз ете алатын тұлға ретінде түсіне білуі тиіс. Бірнеше пәннің білім мазмұнын механистік түрде қарапайым интеграциялау арқылы бастауыш сынып оқушысының әлемге, адамдарға, өзіне деген ізгілікті қарым-қатынасын тудыра салмайтыны белгілі.

Осы тұста мұғалімнің ізгілікті тұлғасы барлық мәселенің шешім табуға мүмкіндік беретін ерекше орында болады. Шындап келгенде, Ыбырай Алтынсариннің «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат» деген сөзінің маңызы ешқашан жоғалмайды. Мұғалім бастауыш сыныпта оқылатын

интеграциялау арқылы оқушылардың ізгілікті қатынасын дамытуда бірнеше бағытты ұстана алады. Оны төмендегі 11-суреттен байқауға болады.




Сурет 11 – Интеграциялық оқыту бағыттары

Соның *біріншісі* – бір пәнді терең іштей, зерделей тануға оқушыларды үйрету арқылы басқа пәндермен байланысын біртіндеп таныту. Бұл пәннің ішкі байланыстарын түсіндіру арқылы сыртқа шығу жолы болып табылады.

*Екінші бағыт* – ашық түрде бірнеше пәннің ортақ тақырыбын бір сабақта көрсете отырып түсіндіру, бұл пәнаралық байланыс болып табылады. Бұл кезде мынадай педагогикалық шарттар орындалуы тиіс болады. Сабақта қарастырылатын тақырыптар сәйкес болады немесе өте жақын мазмұнда келеді. Зерттеу әдістері ортақ немесе ұқсас болып келеді. Тақырыптар мазмұнындағы білім мазмұны ортақ теориялық тұжырымдарға негізделген болып келеді.

*Үшінші бағыт* – транспәндік интеграция. Бұл негізгі пән мен сабақтан тыс қосымша білім беру арқылы синтезделген бағыт болып табылады. Бұл жерде белгілі бір пән бойынша қосымша, факультативтік курс ашуға немесе сабақтан оқушылардың өз бетімен жоба орындауын белгілі бір бағдарлама бойынша жүргізуде сабақтың тақырыбымен тығыз байланыстар орнату маңызды орын алады.

Негізінде, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру мүмкіндіктері өте мол. Ондай мүмкіншіліктерді дидактикалық тұрғыдан, психологиялық тұрғыдан, тәрбиелік тұрғыдан молынан табуға болады.

### 2.3 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Бастауыш сыныпта білім беру жүйесі, қалай атағанда да, көзделген мақсатқа жету үшін арнайы ұйымдастырылған дидактикалық үдеріс болғандықтан, оның өзіндік педагогикалық шарттары да болады. Ол

педагогикалық шарттар болса, өз кезегінде, бастауыш сынып оқушыларына білім беру және тәрбиелеу мақсаты мен міндеттерін шешудің жолын белгілейді.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру да біртұтас дидактикалық үдерістің бір бөлшегі болып табылады. Сондықтан бұл үдеріс те мақсат лайықтап арнайы ұйымдастырылған, теориялық негіздері жүйеленген, көздеген мақсатқа қол жеткізуде қолданылатын педагогикалық технологияның жүйесі қамтылған өзіндік ерекшелігі бар дидактикалық жүйе болуы керек.

Бұл педагогикалық жүйеде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатына қол жеткізуге интеграция негізгі тірек етіп алынады. Бастауыш сыныпта оқытылатын пәндердің өзара интеграциялық мүмкіндіктерін оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында айқындау, топтастыру, бір арнаға түсіріп, біртұтас технологиялық жүйе етіп дұрыс құру маңызды болмақ.

Бұл тұста бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғасы басты орында тұратынына үлкен мән бере атап кету керек. Өйткені зерттеудің көздеген мақсаты мен міндеттері оқушының жеке тұлғасын дамытуға, қалыптастыруға бағытталып отыр. Ендеше, мақсатқа жетуге тірек болатын педагогикалық шарттар да бастауыш сынып оқушылары дүниетанымының интегративтік сипатта дамуына және ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуына мүмкіндік беретіндей болып модельденуі керек деп ойлаймыз. Интеграция қағидаты осы модель жүйесінің өзегі, орталығы болады. Бұл модельде пәндердің білім мазмұнындағы тақырыптар да, сонымен бірге оқыту әдістері мен оқыту іс-әрекеттері де ортақ мақсатқа орайластырыла орналастырылады. Сонымен бірге, интеграция осы модельдің компоненттерінің өзара байланысы ретінде де, модельді іске қосатын үдеріс ретінде де, жүзеге асыратын құрал ретінде де қарастырылатынын айтып кетеміз.

Жоғарыда жасаған талдаулар негізінде интегративтік үдерістің өтуі іштей бір кезеңдерге бөлінетіні туралы айтуға болады. Бір қарағанда, пәнаралық байланысты интегративтік үдерістің алғашқы қадамы деп анықтауға да болады. Өйткені пәнаралық байланыс өзара мағыналас ұғымдардың, ұқсас құбылыстарды, оқиғалар мен қасиеттердің жүйесі негізінде жасалынатыны белгілі. Одан кейінгі қадам интегративтік қадам түрлі жіктемелерден өткізіліп, біртұтас етілген білім мазмұнының алға қойылған бір мақсатқа негізделуінен көрінеді. Ал содан кейінгі қадам бір мақсат, бірдей міндеттерге негізделіп, біртұтас бір оқу бағдарламасын құру, соған сүйеніп, интегративтік білім беру дегенді білдіреді. Төмендегі 12-суретте зерттеу жұмысының ғылыми және әдістемелік негіздеріне сүйене отырып әзірленген модель ұсынылып отыр.

Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру

Теориялық негіздері: ізгілік, интеграция, қарым-қатынас, жүйе, іс-әрекет теориялары

Әдіснамалық негіздері

*Ұстанымдар:* интеграциялық, білім беруді ізгілендіру, экологиялық білім негізінде тәрбиелеу; оқытудың саналылық және белсенділік, біртұтас дүниетаным қалыптастыру

*Тұғырлар:* білім философиясы, жүйелілік-іс-әрекеттік, аксиологиялық, синергетикалық, модельдеу

КОМПОНЕНТТЕР

Мотивациялық- құндылықтылық

Танымдық-іс-әрекеттік

Тұлғалық-мінез-құлықтық

ӨЛШЕМДЕР

интеграция негізіндегі ізгілікті қарым-қатынасқа мотивтің болуы

интеграция негізінде білімнің жүйелі әрекетке айналуы

интеграция негізінде тұрақты эмоция мен өзіндік әдептің болуы

КӨРСЕТКІШТЕР

– Оқушының өзінің ізгілікті қарым-қатынас жасауға ұмтылысы мен қызығушылығы;
– басқа адамдарға, сыныпқа, қоғамға ізгілікті қарым-қатынасының негізінде жауапкершілік, сыйластық, достық, жақсы көру сезімі мен тұлғалық, отаншылдық сезімі;
– табиғат пен адам арасындағы байланыстың әрдайым ізгілікті болуын түсінуге қызығушылығы, осы бағыттағы білімін өмірде саналылықпен қолдана білуге деген ынтасы.

- Ізгілікті, адамгершілік қарым-қатынас туралы білімінің қалыптасуы, білімінің өзінің жүйелі әрекет ету арқылы көрініс табуы;
– интеграциялық білім мазмұнын қабылдауға даярлығы болуы және сол негізде өзгелерге, қоғамға ізгілікті қарым-қатынас жасауға қажетті білім жинақтай алуы;
– табиғатқа өзінің, қоғамның байланысын түсініп, барлығын табиғат аясындағы біртұтас құндылық деп қарайтын ізгілікті қарым-қатынас жасауға байланысты деректерге, түрлі құбылыстарға өзіндік тұрғыдан баға бере алатын болуы;
– интеграциялық негізде меңгерген білім мазмұны ізгілікті нормаларды қорғауға, өзінің ізгілікті әрекетін жүйелі етуге, ізгілікті көзқарасын дәлелдеуге тірек болуы.

– Интеграциялық білім мазмұны негізінде өзін ізгілікті қарым-қатынасқа қалыптастыруда ішкі мақсаты айқын, міндеттер қоя білуі, дамудың әдіс-амалдарын меңгеруі;
– адамдармен қарым-қатынас мәдениеті биік, ізгілік нормаларына талғампаздығы жоғары, қоғамның адамгершілік нормаларына сай өзін ұстау әдептері қалыптасқан;
– табиғатпен ізгілікті қарым-қатынас жасауға дайын және экологиялық әдеп нормаларының орнықты қалыптасқан.

ДЕҢГЕЙЛЕР

Жоғары

Орта

Төмен

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру кезеңдері

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру деңгейлерін анықтау; эмоционалды-ізгілікті қарым-қатынас орнатуға ынталандыру кезеңі

«Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені

БСОІҚҚИН қалыптастырудың динамикасын талдау, салыстыру және іс-әрекет перспективасын анықтау кезеңі

**Нәтиже:** интеграция негізінде ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасқан бастауыш сынып оқушысы

Сурет 12 – Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Ұсынылған модельдің мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасап өтейік. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруға арнаған әдістемелік модельдің жаңа стратегиялық және тактикалық мақсаттары анықталды. Біз стратегиялық мақсат ретінде оқушылардың жекелеген пәндерді интеграциялай оқуы арқылы біртұтас дүниетанымын қалыптастыруды алып отырмыз. Ал тактикалық мақсат ретінде интеграцияны құрал деп қарастыра отырып, жекелеген пәндерді өзара ортақ ұғымдар мен мазмұн негізінде біріктіретін *өзіндік ерекшелігі бар ортақ іргетас алаңын анықтауды аламыз.*

*Модельдің мақсаты* – бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру.

Модельдің атқаратын *қызметтері:*

- ең алдымен, әдіснамалық яғни пәндерді интеграциялай оқу арқылы бастауыш сынып оқушыларының біртұтас дүниетанымын қалыптастыру қызметін атқарады;
- екіншіден, білімдік қызмет атқарады, яғни білім мазмұнын біртұтас түрде қабылдай отырып, жүйелі білім беру қызметін атқарады;
- үшіншіден, тәрбиелік қызмет атқарады, яғни пәндердің білім мазмұнын интеграциялау арқылы оқушыларды өзіне, айналасындағы басқа адамдарға, қоғамға, табиғатқа, ізгілікті қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді;
- төртіншіден, ұсынылатын модель технологиялық мақсатты көздейді, яғни оқу материалын интеграциялау негізінде құрылатын жаңа білім мазмұны мен сол мазмұнды оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастырады және дамытып отырады.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасы интеграция негізінде қалыптасуында төмендегідей *әдіснамалық тұғырлар* басшылыққа алынады, олар: *білім философиясы, жүйелілік-іс-әрекеттік, аксиологиялық, синергетикалық, модельдеу тұғырлары.*

*Білім философиясы тұғыры* бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынас жүйесіне білім (қазақ халқының ізгілікті ұрпақ тәрбиелеу тағылымдары) арқылы қосылу мәселесін зерттеудің жалпы ғылыми негізі ретінде қарастырылады.

*Жүйелілік-іс-әрекеттік тұғыр* жекелеген компоненттердің немесе кіші жүйелердің өзара интеграциялануы арқылы біртұтастықтың құралу үдерісін, бірдей түрлердің (вертикалды интеграция), типтестердің (горизонталды интеграция) және бір белгісі ұқсас, қалған жағынан әр түрлі компоненттердің (конгломераттық интеграция) кірігуі мәселесін; бөлек компоненттердің өзара белгілі бір тақырыпқа, мәселені шешуге қатысты интеграциялана келіп, біртұтастық, бір жүйе құрау мәселесін; бастауыш сынып оқушыларының өздерін қоршаған әлемді, дүниені және өзін тануға бағыттайтын оқу-танымдық әрекеті үдерісін жүзеге асырылуын, нәтижесінде оқушылардың қоршаған орта және өзі туралы жаңа білім алуын; пәндердің интеграциялануын ізгілікті

бағытта оқытуды дамыта оқытудың бір бағыты ретінде қарастыруға, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін жоғарылатып, универсалды білім алу жүйесін құруға, прогрессивті дамудың ізгілікті қарым-қатынас қалыптастыру жолдарын әдіснамалық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді.

*Аксиологиялық тұғыр* жеке тұлғаның ішкі ұстанымы, позициясы, қалыптасқан дүниетанымдық көзқарасы, сол арқылы жеке тұлғалық және қоғамдық мағыналы нәрселердің өзара байланысы танылатын құндылық қарым-қатынасты әдіснамалық тұрғыдан қарастырады.

*Синергетикалық тұғыр* жүйелілік тұғырмен тығыз байланысты, сондай-ақ мынадай ерекшеліктерге байланысты:1) білім мазмұнын құруда жаратылыстану және гуманитарлық білімнің интеграциясын тиімді жол ретінде қарастыру; 2) білім мазмұнын жаңа сапада сұрыптауда жүйелілік-синергетикалық тұрғыдан келу; 3) бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда синергияның өзін-өзі ұйымдастырушы тетіктерінің басымдылығын ескеру сияқты басым бағыттарға негізделеді.

*Модельдеу тұғыры* интеграциялық білім мазмұнын меңгерту арқылы түрлі білім бастауларының ортақ мәселесін тұтастықта қабылдаған оқушының өмірдің мәнін түсінуіне және өзіне, айналасына ізгілікті көзқараспен қарым-қатынас орнатуға мүдделі болуы үшін сол ізгі қарым-қатынастың бейнесін алдымен оқушының санасында модельденуін әдіснамалық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді.

Модель бірнеше бағыттағы міндеттерді шешуді көздейді:

- біріншіден, бастауыш сыныпта пәндерді интеграциялай оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын біртұтас етуге арналған білім мазмұнын анықтау және бір жүйеге түсіру;
- екіншіден, жекелеген пәндер бойынша қалыптастырылған дағдылардың белгілі бір ортақ тақырыпты оқуға қатысты жинақталуы арқылы оқушыларды шығармашылық ойлауға дағдыландыру;
- үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының интеграция негізінде ізгілікті қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруда жаңа оқу-танымдық қабілеттері ашылуына негіз қалау; бастауыш сынып оқушыларының өзіне, басқа адамдарға, қоғамға, табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынас жасауда өзіндік ұстаным жолы болуын қалыптастыру арқылы жеке тұлға болмысын қалыптастыру;
- пәндерді интеграциялай оқыту үдерісінде ізгілікті қарым-қатынастың өмірлік маңызын және оны өмір бойы саналылықпен ұстанудың мәнін меңгерту.

Модельдің тиімділікпен жүзеге асырылуы үшін қажетті педагогикалық шарттар:

- әлеуметтік-педагогикалық шарттар;
- психологиялық шарттар;
- дидактикалық шарттар.

Осы көрсетілген педагогикалық шарттардың ерекшеліктері туралы қысқаша тоқталып өту керек.

Бұл жердегі әлеуметтік-педагогикалық деп көрсетілген шарттар бастауыш сынып оқушыларының өзіндік әдеп үлгілерін санасына, бойына қалыптастыруы арқылы әлеуметтік ортаға бейімделеді. Ғалымдардың айтуынша, бастауыш сынып оқушысының әлеуметтенуі белсенді өтеді және осы жаста бала өзіндік әдеп үлгілері мен әлеуметтік жүйенің нормаларын, талаптарын қарқынмен бойына сіңіріп, күнделікті іс-әрекетін жүйесіне қосып отырады.

Абайдың «Сен де, бір кірпіш, дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан!» деген өлең жолдарындағы даналық – баланың әлеуметтенуіне жол ашуы. Әлеуметтік ортаға арнайы және дұрыс бағытталып тәрбиеленген, дұрыс әлеуметтенген оқушы білім беру мен тәрбиелеудің көздеген нәтижесіне қол жеткізгенін танытады. Бастауыш сынып оқушысы өзі келіп «қаланған» ортаға лайықты және қажетті тілдік-коммуникативтік нормаларды меңгеріп, орналасқан ортасының шырқын бұзбай, соған бейімделіп, жақсы өзіндік әдеп үлгілерін көрсетіп, одан әрі дамыта береді.

Ізгілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін ізгілік нормасынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады [194].

Мектеп арнайы ұйымдастырылған білім беру ұйымы болуымен бірге ерекше әлеуметтік-педагогикалық жүйе де болып табылады. Заманымыздың болашақ ұрпақты біліммен дамытуға, ізгіліктілік бағытта тәрбиелеуге, еліміздің мақтаныш етер лайықты азаматы етіп қалыптастыруға ата-ана мен қоғам атынан, қазақы оймен айтқанда, «аманат» етіп алатын маңызды орны болып қалыптасқан мектептегі білім беру жүйесі ізгілікті дән егуді, өсіруді, болашаққа нәр алатын жолдарды үйретудің киелі арнасы болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының өзіне, қоғамға, табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынасын мәндерді интеграция негізінде ұйымдастырып оқыту арқылы қалыптастыруда баланың әлеуметтенуі өз-өзінен болып жататын бетімен кеткен процесс болмауы керек. Оның орнына білім беру оқушының біртұтас дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырып, соның негізінде адамзаттың ізгілікті құндылықтарын, әлеуметтік ортаның қалыпты нормаларын, қоғамның қажеттіліктерін меңгеріп, табиғатты сақтап, орнымен пайдалану жолдарын үйрету керек.

Осындай мақсатқа лайықталып құрылған арнайы дидактикалық жүйе арқылы ғана бастауыш сынып оқушысы күн сайын білім арқылы есейіп, қоғамымыздың саналы азаматына айналу үдерісіне қосылады.

Әлеуметтік-педагогикалық шарттар қатарында бастауыш сынып пәндерін интеграциялай оқыту үдерісінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуын жан-жақты және әрдайым тексеріп, даму бағандарын өлшеп отыру маңызды болып табылады. Бұл жерде бастауыш сынып мұғалімі мектеп психологымен ақылдасып, өзі де оқушылардан, ата-аналарынан, мектеп мұғалімдерінен, кітапханашылардан сұраунама алып, әңгімелер жүргізіп отырады. Сонымен қатар, оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуында ғаламтор желісінің, оқушының өз бетімен компьютерді

қолдануы барысында тауып алатын ақпараттық кеңістігі де маңызды орын алатынын ескеріп отыру маңызды. Бастауыш сынып оқушысының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруға арналған әдістемелік жүйеде әлеуметтік-педагогикалық шарттар қажеттілік болып саналады. Сонымен қатар, ол шарттардың психологиялық шарттармен және дидактикалық шарттармен гармониялық үйлесуі негізінде ғана ұсынылатын әдістемелік модельдің тиімділігі танылады.

Ұсынылатын моделіміздің жүзеге асырылуы үшін қажетті психологиялық шарттардың мазмұнына енетіндері біздің пайымдауымызша келесілер болып келеді.

Біріншіден, интеграцияны бастауыш сынып оқушыларының бір-бірімен, айналадағы адамдармен және табиғатпен өзара әрекеттесу тәсілі ретінде қарастыру арқылы оқушылардың өзара және мұғаліммен, қоршаған ортамен байланысып, ізгілікті қарым-қатынас жасауын жақсартуға және биіктетуге болады. Бұл жерде бастауыш сынып мұғалімі мектеп психологымен тығыз байланыста болып, көзделген межеге жеткенше кеңес алып отыруы дұрыс және қажет болады.

Екіншіден, ұсынылып отырған әдістемелік модельдің барлық элементінде мұғалім психологиялық бір тетік болатынын әрдайым ескеріп отыру керек. Сонда ғана бастауыш сынып оқушысының әрбір мінез-қылығы, реакциясы, сөйлеген сөзі, дұрыс бағытталған біртұтас қарым-қатынас және өзіндік әдеп нормасына бетбұрыс жасай бастайды. Әрбір оқушының жеке ерекшелігін ескеріп, оның даму қарқынына назар аудару арқылы, сыныпта қалай болғанда да, өзара мінез-қылығы ұқсас 4-5 топ бар екені анықталады. Ол топтардың біртіндеп жоғары, орта, төмен деңгейлерге екшеліп, бөліне бастайтынын бастауыш сынып мұғалімі мен психолог маман бірігіп бақылау арқылы анықтайды.

Үшіншіден, әрбір интеграциялай жүргізілген сабақтың бір қырында психологиялық қарым-қатынас заңдылықтары тұратындықтан, сабақта оны есепке ала отырып жүргізу керек. Психологиялық әдістердің оқушыларға пәндік білім мазмұнымен байланыстырыла үйретілуі оқушының әрбір селт еткен құбылысты жіті аңғара білуіне және өзін сол өзгеріске дер кезінде бейімдей алуына көмектесетін тірек болып табылады. Өзінің психологиялық жай-күйін, өзгелердің психологиясын, одан қоғамды түсінуге біртіндеп үйрететін арнайы әзірленген жаттығулар жүйесі ізгіліктілік қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін танытуды көздейді.

Мысалы, жаратылыстану бағытындағы пәндерге қатысты ауа райын, жыл маусымы ауысуын болжаудағы қазақы әдістерді («өліара», «бесқонақ», «құралайдың салқыны» т.б.) үйрететін тапсырмалар орындату мен гуманитарлық-эстетикалық бағытындағы пәндерге қатысты әдебиет, сурет, музыка, тарих, рухани және материалдық мәдениет туралы тапсырмаларды орындатуда оқушылардың өзіне, қазақтың дүниетанымына бойлай алуы, рефлексивтік әдістерді меңгеруі жүзеге асырылады. Соның негізінде жеке тұлғалық және азаматтық келбеті қалыптасады. Әрине, интеграция негізінде оқушының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруда психологиялық шарттар

үлкен орынға ие болып келеді. Бастауыш сынып оқушыларын ақыл-ой әрекетімен қатар іскерлік пен пысықтыққа машықтандыру, өнімді еңбек етуге бейімдеу. Ата-ана мен бала, тәрбиеші мен тәрбиеленуші, үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынасты өзара сенімге,қайырымдылыққа, имандылыққа, бір-біріне сый-құрметпен қарауға негіздеу. Тәрбие барысында психологиялық жағынан жайдарлылық, үйлесімдік ахуал туғызу, оқушының өзіне деген сенімін арттыру, қамқорлық сезімін дамыту [195]. Дегенмен, толық психологияландыру мәселесі біздің зерттеуімізде қарастырылмағандықтан, дидактикалық шарттармен бірдей орын алады деп атап кетеміз.

Ұсынылатын модельдің тиімділікпен жүзеге асырылуы үшін қажетті дидактикалық шарттар жүйесінде интеграциялық оқытудағы берілетін *білім мазмұнын* анықтау, *дидактикалық ұстанымдар,* білім беру мен ізгілікті тәрбиелеуді *ұйымдастыру түрлері* орын алады. Оларды атап көрсететін болсақ, келесідей болып келеді.

Бастауыш сынып оқушыларының интеграция негізінде ізгілікті қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруда дидактикалық негізгі қағидаттар маңызды орын алады. Осы орайда бастауыш сынып оқушыларының интеграция негізінде ізгілікті қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға негіз болатын бірнеше ұстанымдарды басшылыққа аламыз. Олар: *интеграциялық ұстаным; білім беруді ізгілендіру ұстанымы; экологиялық білім негізінде тәрбиелеу ұстанымы;оқытудың саналылық және белсенділік ұстанымы; біртұтас дүниетаным қалыптастыру ұстанымы* болады.

Бұл ұстанымдар білім беру үдерісін ұйымдастырып, жүзеге асыратын жетекші идея рөлін атқарып, нормативтік талаптар ретінде басшылыққа алуды көздейді. Ендеше әр ұстанымға жеке талдаулар жасауды жөн санаймыз.

*Интеграция* – дербес бөлшектердің оңтайлы байланыстар негізінде біртұтастыққа бірігуі, жаңа қатынастар туындауы. *Интеграциялық ұстаным,* оның ішкі мазмұнында тағы кіші екі құраушы компонент бар, олар: а) білім мазмұнының жинақталып берілуі ұстанымы; ә) тереңдетіп оқыту ұстанымы [196].

*Білім беруді ізгілендіру* –тұлғаны қалыптастыруда ізгілікті рухани құндылықтарды өмірінде басшылыққа алатын ұстаным. Ондай тұлға өзінің көзқарасын таңдай алады, соның негізінде өз таңдауын жасай алады, мәселелерді шеше алады, басқаларға өз көмегін бере алады. Білім беруді ізгілендіру баланың қуаты жасампаз, шығармашыл бағытта дамуына қажетті білім мазмұнын меңгертуді көздейді.

*Біртұтас дүниетаным қалыптастыру* заманауи білім беру кеңістігінің орналасқан тұғыры деуге болады. Іргелі білім беру – ғылыми мәліметтерге сүйенген білім мазмұны. Бірақ іргелі білім беру жүйесінің маңызды элементі – ізгіліктілік болып саналады. Қазіргі жаратылыстану және гуманитарлық пәндер жүйесі деп бөлініп жүрген пәндердің барлығы, түптеп келгенде Адамтану, педагогиканың антропологиялық сипаты да осымен танылады. Түрлі пәндердің болуы білім алып жатқан оқушы үшін біртұтас дүниені танытудың тек түрлі

қырлары ғана. Дүние біртұтас болғандықтан, пәндерді интеграция негізінде оқытудың қажеттілігі мен маңызы да осыдан келіп туындайды.

Модельдің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру түрлеріне, яғни интегративтік сабақ түрлеріне біз келесілерді алып отырмыз:

- тізбектелген сабақ;
- қаттастырылған сабақ;
- шиыршықталған сабақ;
- кіріккен сабақ;
- панорамалық сабақ;
- интегративтік курс.

Жалпы интеграциялану үдерісінің табиғатына тән болып келетін тігінен интеграциялану (вертикалды интеграция) және көлденеңінен интеграциялану (горизонталды интеграция) деген түрлерін интегративті сабақтардың түрлерінің шығу тегі сияқты карауға болады деп ойлаймыз.

Бұл жерде сабақтың жаңа түрлері ұсынылмайтынын, тек интегративтік сабақтың ішкі мазмұны мен құрылымына қарай жоғарыдағыдай аталып отырғанын атап кетеміз.

Бұл мәселенің шешілуінде интеграциялық жүйедегі сабақтардың алатын орны зор болатыны анық. Сондықтан сондай сабақтардың түрлеріне талдау жасалынады. Жоғарыдағы модельде «интеграциялық сабақ» деп көрсетілген сабақтың бірінші түрі – «Тізбектелген сабақ». Бұл сабақтың атынан көрініп тұрғанындай, ерекшелігі түрлі пәндерден алынған ортақ мәліметтердің бірінен соң екіншісі тізбектеле берілетіндігінде.

Айталық, *тізбектелген сабақ* интегративтік үдерістің *горизонталды түріне* бейімделген болса, *қаттастырылған сабақ вертикалды интеграцияға* бейімделген болады (13-сурет).




Сурет 13– Тізбектелген сабақ моделі

Тізбектелген интегративтік сабақта 2,3,4-сыныптардағы «Дүниетану» пәні бойынша ортақ тақырыптың кеңеюін біртіндеп көрсете отырып, оқу міндетінің шешілуі логикасын көруге болады.




Сурет 14– Қаттастырылған сабақ моделі

*Қаттастырылған сабақтың* ерекшелігі – білімдік ақпараттың жай кеңеюі емес, күрделі логикалық міндетті шешіп, келесі сатыға көтерілгенін оқушы сезінетін, түсінетін қадамдар жасатуға дағдыландыруы (14-сурет). Ал *шиыршықталған сабақ* жоғары және кеңейтіле дамып, толықтырылып отырылатын интегративтік сабақ түрі.  Интегративтік сабақтың бұл түрінің ерекшелігі эвристикалық ізденіс жолымен жүре отырып, нәтижесінде теориялық белгілі бір ереже жасау, ол ережеден ары қарай жүре отырып, жаңа ақпарат алу.

Ең бастысы, сыртқы болмысты бірінші сыртқы болмысты танудан, бірінші синтезден соң ішкі жүйенің байланыстарын талдау арқылы, қаншама көз жеткізген білім мазмұны арқылы екінші синтезге, яғни сыртқы болмысқа қайтып келу. Бірақ енді оқушы үшін ол екінші синтездегі сыртқы болмыс енді бірінші синтездегі сыртқы болмыс сияқты болмайды. Оқушы ішкі жүйесін талдау арқылы танып алған соң, оның сыртына қарап, өзінің білген білімін келесі тұтастықпен байланыстыруға ұмтылады. Мұндай сабақта мұғалім оқушыға қарама-қарсылықтарды, ұқсастықтарды, бір нәрсенің өзгеріп екінші затқа айналуы сияқты тәжірибелерді көрсетеді, ұғындырады. Бұл жерде «су» туралы мәселе өте көрнекі үлгі болады: **су - бу – су;  су –мұз –су.** Бір заттың өзгеріп, басқаға және кейін қайтадан өз болмысына қайтып келуі, әлемдегі барлық даму үдерісінің  бір заттың келесі затқа айналуы үшін қызмет ететінін, оны шиыршықталған даму жолы екенін оқушыларға көрнекілікпен түсіндіру өте қызықты болады (15-сурет).



Сурет 15– Шиыршықталған сабақ моделі

Кіріккен сабақтың ерекшелігі оқу-танымдық әрекеттің негізгі деп таңдап алынған біреуіне басқа әрекеттер түрі біртіндеп қосыла отырып, нәтижесінде өзара кіріге келе, мүлде жаңа нәтижеге қол жеткізіледі (16-сабақ).




Сурет 16 – Кіріккен сабақ моделі

*Кіріккен сабақта* жекелеген элементтер кірігіп, жаңа элемент жасайды, бірақ кейін өздері де, жаңа элемент те жекелеген элемент ретінде өмір сүре беретін болады. Бұл жерде бастауыш сынып оқушыларына арналған дүниетанымдық  бақылау жасатуы тиімді болады. Мысалы, келткалардың бөлінуі мен түзілуін микроскоптан көруі бастауыш сынып оқушылары үшін зор серпін беретін таным күші болып табылады.

Келесі интегративтік сабақ – *панорамалық сабақ*. Бұл сабақ түрі XX ғасырдың 80-90 жылдары педагогикада ерекше орын алған сабақ түрі екені белгілі. Біздің ойымызша, панорамалық сабақтың интегративтік үдерісте алатын орны зор болмақшы. Бастауыш сынып мұғалімі екі не үш пән бойынша, жоғары сыныпта сол пәндерді оқытатын мұғалімдерді кездесуге шақыра отырып, біріге өткізуі арқылы балаларды соншалықты сұхбат байлығына кенелдіріп, тыңдауына әсерлі, көруіне танымдық қызықты, қабылдауына өте қолайлы етіп ұйымдастыра алады.




Сурет 17– Панорамалық сабақ моделі

Жоғарыда атап көрсеткен интегративтік сабақтардың қатарындағы «Интегративтік курс» деп отырғанымыз – міндетті оқылатын пәндерден басқа, бірақ солардың білім мазмұны негізінде, мұғалімнің өзі бір тақырып бойынша бірнеше пәннен біріктіріп әзірлеген факультативтік курс.




Сурет 18 – Бастауыш сынып оқушыларына арналған сабақтан тыс интегративтік курс моделі

- Интегративтік курс – дербес сабақ сериялары. Оны факультативтік немесе сынып сағаттарында танымдық тақырыптар бойынша ұйымдастыруға болады.
- Интегративтік курсты ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын келесідей деп анықтауға болады:
- біріншіден, бір пәннің тақырыптық аясынан шығатын болуы керек;
- екіншіден, оқушылардың білім мазмұнын үнсіз қабылдамай, өзгерістерді анықтайтын тәжірибелік жұмыстар жасату үстінде меңгертуге баса назар аудару керек;
- үшіншіден, мектеп орналасқан мекеннің, ауыл не қаланың табиғатымен, айналадағы өмір құбылыстарымен, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен байланыс жасау мүмкіндігі болуы керек;
- базалық және қосымша білім мазмұнының өзара үйлесімді болуын көздеу керек.

Бұл сипатталған интегративтік сабақ түрлерінің барлығы тәжірибелік бағдарламаны сапалы оқытуда сыналады. Тәжірибеде сыналу барысында олардың тиімділіктері мен ерекшеліктері анықталады.

Жоғарыда ұсынылған модель бойынша қол жетуі көзделетін нәтижелер:
- бастауыш сынып оқушыларының біртұтас ғылыми дүниетанымдық көзқарасы қалыптасады;
- жаратылыстану және гуманитарлық пәндердің интеграциялық тұрғыдан оқытылу арқылы таным әдістерінің кең қолданысы саналылықпен меңгертіледі;
- «жекелеген пәндерден – біртұтас дүниетанымға» желісімен жүріп басталған интеграциялық оқу үдерісі «біртұтас дүниетанымнан –жекелеген пәндерге» деген жаңа білім алу жолын қалыптастырады.

Ғалым Ә.Мұханбетжанова атап көрсеткеніндей, «интеграция – жеке оқу пәндерінің, бөліктерінің арасындағы мәнді байланыстарды анықтау негізінде тұтастың қалыптасу үрдісі және нәтижесі» [197]. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын сондай интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің сапалы нәтижеге қол жеткізуі оқу мен тәрбие формаларына, соның ішінде, әрине, сабақ пен сабақтан тыс іс-шараларға, оқушының өзіндік жұмыстарына, соның ішінде жобаларға көптен-көп байланысты. Сондықтан интеграцияланған сабақтар туралы тоқталып, олардың дидактикалық ерекшеліктерін сипаттау керек болады.

Бастауыш сынып оқушыларының даму барысында өзгерістердің мол болатыны белгілі, әріп үйренуден, оларды тізіп буын, одан сөз құраудан және сандарды танып, оларды қосудан басталатын оқу-танымдық әрекеттер бастауыш сынып баласын осыған дейінгі ойын баласының деңгейінен бірден жоғары деңгейге көтеріп жіберетіні белгілі.

Бірақ біздің мақсатымыз тек қана ақыл-ойын дамытумен айналыспай, пәндердің өзара байланысты тақырыптарын интеграциялай отырып, оқушының біртұтас дүниетаным көзқарасын және сол таныған дүниеге ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру. Ол көзқарастың тек Абай айтқандай, «суық ақыл» емес, «нұрлы ақылдан» жасалуына негізделіп, оқушының өзіне, өзгелерге, тұтас қоғамға, елімізге, адам баласына, қоршаған табиғаттың әрбір элементіне

деген ізгілікті қарым-қатынас жасауына жол бастайтын бағдаршам болуына қажетті дидактикалық жағдайлар жасау көзделіп отыр.

Интеграция мен дифференциацияның философиялық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар ғылыми білімнің әрі қарай дамуы ғылымның одан әрі дифференциялануына және интеграциялануына бірдей алып келеді деп айтады. Осы ілімге сүйене отырып, интеграциялық үдеріс негізінде оқушылардың ғылыми білімі дамуының оңтайлы тәсілдерін жүйелейміз.

Біздің жоғарыда ұсынылған моделіміздің нәтижесі – интеграциялай оқыту негізінде ізгілікті қарым-қатынас жүйесі қалыптастырылған оқушы. Осы оқушының білім алу формасы интегративті үдеріс түрінде ұйымдастырылады, ал мазмұны оқушының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру міндетін шешуге арналған контент негізінде жасақталады. Бұл міндеттің шешілу жолы бірінен екіншісіне өтіп отыратын 4 басқыштан тұрады. Олар:

- ең алдымен, бірінші басқыш *«сүрлеу салу»* деп аталады, бұл басқышта интегративтік сабақтар өтуге қолайлы және дидактикалық, тәрбиелік әлеуетті, потенциалы зор пәндердің арасына жол салынады.
- екінші басқыш *«көпір салу»* деп аталады. бұл басқышта пәндердегі ортақ мәселелерді оқыту арқылы оларды байланыстыру жүргізіледі.
- үшінші басқыш «*арқау салу*» деп аталады. бұл басқышта ортақ әдістер арқылы оқыту арқылы оларды байланыстыру жүргізіледі.
- төртінші басқыш «*қазық қағу*» деп аталады. бұл кезеңде жаратылыстану және гуманитарлық пәндер арасындағы екі тарапқа да ортақ абстракты/дерексіз ұғымдар мен мазмұнды сұрыптау арқылы оларды интегративтік тұрақты сипаты анықталады.

Сонымен, «СҮРЛЕУ САЛУ», одан «КӨПІР САЛУ», одан «АРҚАУ САЛУ», одан «ҚАЗЫҚ ҚАҒУ» деп аталып отырған интеграциялап оқыту логикасы (19-сурет) біздің ұсынып отырған моделімізде жақсы нәтижелерге қол жеткізеді деп ойлаймыз. Ол үшін жүйеленген теориялық ілім мен әдістемелік компоненттер өзара үйлесімділікпен қолданылуы міндетті.




Сурет 19 – 4 басқыштық интеграциялай оқыту логикасы

Бірпәнді терең оқыту мен пәнаралық байланыстан әрі аса алмау – қазіргі ақпараттық кеңістік мол және бай болып отырған заманда оқушыны тар аяда ұстап тұру болады. Сондықтан бір пәннің аясынан тысқары шығып, пәнаралықтан да өтіп, интегративтік білім мазмұнын меңгерту арқылы бастауыш мектебіміз оқушыларды жасынан-ақ өзінің біліміне сенімді болуына, біліміне бір пәннің тар аясында қарамай, өзара байланыстыра қарай алатын тұлға қалыптастыру деген маңызды міндет орындалады.

# 3 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІЗГІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ

## 3.1 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың диагностикасы

Жоғарыдағы тараулар мен тармақшаларда бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру үдерісінің әдіснамалық негіздері мен теориялық тұғырлары қарастырылды, арнайы моделі ұсынылды. Осы атқарылған жұмыстың нәтижесі ретінде ұсынылған модельдің әдістемелік жүйесінің тиімділігін бағалау мақсатында педагогикалық эксперимент өткізуді жоспарлап отырмыз.

Педагогикалық эксперименттің, таным әдісінің ерекше түрі ретіндегі атқаратын қызметі өте үлкен. Зерттеу тақырыбымыз бойынша жүйеге түсірілген әдіснамалық негіздер мен теориялық тұжырымдар бізге бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру процесінің моделін анықтап, әдістемелік жүйе ретінде тануға мүмкіндік берді. Ғылыми тәжірибе ретінде педагогикалық экспериментті өзінің танымдық логикасына, тәртібіне сай ұйымдастырып, өткізуде оның ішкі мазмұны маңызды болатыны белгілі. Жаңа педагогикалық білім жасау үшін ұйымдастырылып өткізілетін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ғылыми тұрғыдан аргументтелген және қажеттілігі айқындалған әдістемелік жүйенің тиімділігін тексеру үшін ұйымдастырылады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ұйымдастыру, жүргізу, нәтижелерін талдау логикасына сүйене отырып, 2018-2021 жылдары ішкі кезеңдеріне бөлініп үш кезеңде – анықтау, оқыту, бақылау кезеңдері рет-ретімен өткізілді. Әр кезең ерекше тұтастығымен белгілі бір деңгейдегі жүйе болып өз мақсаты мен міндеттері, орындалуы тиіс әрекеттер мен жұмыстардың мазмұны, олардың белгілі бір нәтижелері – барлығы анықталған желімен жүргізілді.

Б.Момышұлы атындағы №62, №65 жалпы білім беретін орта мектептерде ұйымдастырылып өткізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа 2-сыныптарда оқитын, жалпы саны 120 оқушы қатыстырылды. Оның ішінде тәжірибе сыныбында – 63 оқушы, бақылау сыныбына – 57 оқушы қатыстырылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қатысушылары туралы толық дерек төмендегі кестеде ұсынылды.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру теориялық, практикалық құрамдас бөліктер ретінде анықталып, осыған сәйкес әдістемелер таңдалды.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың компоненттері мен өлшемдері бойынша әдістемелерді [176, 177] топтастыру жүргізілді, оны 7-кестеден көруге болады.

Кесте 7 – Компоненттері мен өлшемдері бойынша әдістемелер

| Компоненттері | Өлшемдер | Әдістемелер |
|---|---|---|
| Мотивациялық-құндылықтылық | интеграция негізіндегі ізгілікті қарым-қатынасқа мотивтің болуы | 1.Авторлық сауалнама (Авторлық әзірлеме)<br>2. Социометрия әдістемесі (*Дж. Морено* ) |
| Танымдық-іс-әрекеттік | интеграция негізінде білімнің жүйелі әрекетке айналуы | 3. Кесінді тапсырмалар (Авторлық әзірлеме) |
| Тұлғалық-мінез-құлықтық | интеграция негізінде тұрақты эмоция мен өзіндік әдептің болуы | 4. «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі (Г.В. Гивишвили)<br>5. «Сөйлемді аяқта» әдістемесі. (Н.Е.Богуславской әдістемесіне бейімделген) |

Экспериментке қатысқан бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың жеке компоненттері деңгейін зерттеу үшін біз диагностиканың таңдаулы әдістерін қолдана отырып зерттеулер жүргіздік.

Тәжірибелік эксперимент үш кезеңде жүзеге асырылды:

- анықтау (2018-2019 жылдар аралығы);
- қалыптастыру (2019-2020 жылдар аралығы);
- бақылау (2020-2021 жылдар аралығы).

Бақылау және тәжірибе топтарында жүргізілген зерттеу нәтижесінде таңдалған диагностикалық әдістерді қолдана отырып, біз келесі деректерді алдық (8-кесте).

Кесте 8 – Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа қатысушылар туралы дерек

<table>
<tr><th rowspan="2">Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс базасы</th><th colspan="3">Сыныптар</th><th rowspan="2">Жалпы оқушы саны</th></tr>
<tr><th colspan="3">Бақылау топтары</th></tr>
<tr><td>Б.Момышұлы атындағы № 62 жалпы білім беретін орта мектебі</td><td>2 «А» сынып – 19 оқушы (Бақ.т.1)</td><td>2 «Ә» сынып – 18 оқушы (Бақ.т.2)</td><td>2 «Б» – 20 оқушы (Бақ.т.3)</td><td>57 оқушы</td></tr>
<tr><td rowspan="2">№65 жалпы білім беретін орта мектебі</td><td colspan="3">Тәжірибелік топтар</td><td></td></tr>
<tr><td>2 «А»сынып – 22 оқушы (Тәж.т.1)</td><td>2 «Ә» сынып – 23 оқушы (Тәж.т.2)</td><td>2 «Б» – 18 оқушы (Тәж.т.3)</td><td>63 оқушы</td></tr>
<tr><td>Жалпы оқушы саны</td><td colspan="4">120 оқушы</td></tr>
</table>

Бақылау және тәжірибе топтарына ыңғайлы болуы үшін арнайы тәжірибелік кодтар белгіленді.

Бастауыш сыныптарда сабақ беретін мұғалімдер мен әдіскерлерге алдын ала әдістемелік кеңес беру, түсіндіру-ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп, эксперименттің арнайы бағдарламасы, сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстардың әзірленген әдістемелік сценарийлері «Экспериментке арналған жетекші құрал» деп аталатын кітапша түрінде таратылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ішкі кезеңдерінің мақсат-міндеттері, мазмұны кестеде көрсетілгеніндей, алдын ала нақтыланды.

Кесте 9 – Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңдері

| Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ішкі кезеңдері | Мақсаты | Ғылыми болжам | Эксперимент пәні | Эксперимент нысаны |
|---|---|---|---|---|
| Анықтау кезеңі<br><br>2018-2019 оқу жылы | Бастауыш сыныпта интеграция негізінде оқыту арқылы оқушылардың ізгілікті қарым-қатынас жасай білуінің бастапқы деңгейін анықтау | Егер әдіснамалық негіздері және теориялық тұғырлары жан-жақты зерттелген пәндерді интеграция негізінде оқыту әдістемесін бастауыш сыныпта оқу процесінде колданатын болса, онда оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын | Бастауыш сыныпта оқыту үдерісі | Оқушылардың ізгілікті қарым-қатынас жасай білуінің бастапқы деңгейі |
| Қалыптастыру кезеңі<br><br>2019-2020 оқу жылы | Бастауыш сыныпта интеграция негізінде оқыту арқылы оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру әдістемесінің моделін іске қосу | | Бастауыш сыныпта эксперименттік оқыту үдерісі | Бастауыш сыныпта интеграция негізінде оқыту арқылы оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру |
| Бақылау кезеңі<br><br>2020-2021 оқу жылы | Бастауыш сыныпта интеграция негізінде оқыту арқылы оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін анықтау | | Бастауыш сыныпта оқыту үдерісі | Бастауыш сыныпта интеграция негізінде оқыту арқылы оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасу деңгейі |

***№ 1 сауалнама (Авторлық әзірлеме).*** Сауалнаманың мақсаты – оқушылардың ізгілікті қарым-қатынас, оған тиісті қасиеттерді бағалау, тұлғалық қасиеттердің олар үшін маңызын анықтау.

Құрметті жас дос! Сенің пікірің өте маңызды! Сондықтан келесі сұрақтарға жауап беруіңді сұраймыз.

1. «Ізгілікті қарым-қатынас» ұғымының мағынасын қалай түсінесің?
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________

2.Адамның жеке басының ізгілікті қасиетін қалай бағалайсыз?
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
____________________________________________________________

3.Төмендегі адамның негізгі тұлғалық қасиеттерін сіз үшін маңыздылығына қарай ретімен тізіп жазыңыз: әділдік, сыпайылық, әдептілік, сезімталдық, қайырымдылық, қамқорлық, қарапайымдылық, сыйластық, парасаттылық, ізгілік, ұйымдастырушылық, жолдастықты сезіну, іскерлік, мейірімділік, ақылдылық, мақсаттылық.

Берілген 3 сұрақтың әрқайсысына жеке талдау жүргізілді.

**Бірінші сұрақ бойынша**, ізгілікті қарым-қатынас бойынша Бақ.т.1 - 56 пайызында, Бақ.т.2 - 61, Бақ.т.3 - 43 және Тәж.т.1 - 50 пайызында, Тәж.т.2 - 46, Тәж.т.3 - 48 пайызында түсініктері бар болып шықты, оның нәтижесін 10-кестеден көруге болады.

Кесте 10 – Ізгілікті қарым-қатынас, адамның жеке басының ізгілікті қасиеті, адамның негізгі тұлғалық қасиеттері туралы білімін анықтау сауалнамасының 1-сұрағының нәтижелері

| Сұрақтар | Топтар | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бақ.т.1 | Бақ.т.2 | Бақ.т.3 | Тәж.т.1 | Тәж.т.2 | Тәж.т.3 |
| №1-сұрақ | 56 % | 61 % | 43 % | 50 % | 46 % | 48 % |

Сұрақтарға жауап берген 2-сынып оқушыларының да ізгілікті қарым-қатынас туралы пікірлері қызықты, бірақ оқушылардың бұл мәселеде түсінбейтін нәрселері көп екені байқалды. Әрине, 2-сыныпқа өткен оқушының ақыл-ойы дамуында біршама тез өсу болатыны белгілі. Дегенмен, оқушылардың әрбір сәт сайын ізгілік тәрбиесімен сусындап отыруы маңызды екенін білім меңгерту барысында назардан еш тыс қалдырмау керектігі жауаптардан байқалды. Сауалнама нәтижелері оқушылармен жүргізілген жазба жұмыс формасында орындалды, сондықтан олардан кейбір жауап үлгілерін келтіріп өтуге болады. Оқушылардың жауаптарынан үзінділер берілді:

- *Мен әрдайым өзімнен кішкентайларға жақтасамын.*
- *Досына көмектескенді ізгілікті адам деп бағалаймын.*
- *Ата-анасымен жақсы қарым-қатынасты ізгілікті қарым-қатынас деп санаймын.*
- *Құстарды тамақтандыру, мысықты, итті, жан-жануарды жақсы көру ізгілікті қатынас болады.*

- *Біздің елде және барлық елдерде бейбітшілік болсын деймін, сонда ізгілікті қарым-қатынас орнайды.*

- *Ізгілікті адам көшеден бағдаршамнан өткенде көмектеседі.*

- *Мектепте жақсы оқу керек, ата-анаңды тыңдау керек, сонда өскенде жақсы адам болып жүрсең ізгілікті қасиеті бар адам боласың.*

**Екінші сұрақ бойынша,** адамның жеке басының ізгілікті қасиетін қалай бағалайтындығы туралы ақпараттар әртүрлі. Жауаптардың ішінде *«білмеймін» жауабын* Бақ.т.1 (33 %), Бақ.т.2 (43 %), Бақ.т.3 (31 %) десе, Тәж.т.1 (36 %), Тәж.т.2 (22 %), Тәж.т.3 (51 %) берді. *«Жауап беруге қиналатынын»* Бақ.т.1 (15 %), Бақ.т.2 (21 %), Бақ.т.3 (29 %) десе, Тәж.т.1 (24 %), Тәж.т.2 (36 %), Тәж.т.3 (18 %) өз жауаптарында белгілеген. Ал сыныптағы қалған оқушылардың жауаптары төмендегідей.

- *Ізгілікті адам көмектеседі.*
- *Мен ізгілікті адамды сыйлаймын.*
- *Ізгілікті оқушылар сабақты жақсы оқиды.*
- *Ізгілікті адамдар қорықпайды, батыр болады.*
- *Мен мамамның ізгілікті қасиеттерін айтамын, ол балаларын өте жақсы көреді.*
- *Мен мамамды бағалаймын.*
- *Мен Мамамды жақсы көремін.*
- *Мұғалімнің сабақ беруін ізгілікті деп бағалаймын. Мұғалім бізді оқытады.*
- *Көшеде біреуге көмектескен адамды ізгілікті қасиеті бар деп бағалаймын.*
- *Қазір ізгілікті болу үшін білімді және бай болу керек. Ол үшін көп оқу керек, жақсы оқу керек.*
- *Әкем мен шешемді ізгілікті адамдар деп санаймын. Олар білімді, жақсы жұмыс жасайды, үйде сіңлім екеумізбен тату болуға үйретеді.*
- *Өтірік айтпайтын адам ізгілікті адам деп ойлаймын.*
- *Таза киініп, жақсы оқып, тентек болмай, мұғалімді тыңдап, ата-ананы тыңдап жүрсе, ол адам ізгілікті адам болады.*
- *Кішкентай балаларды қорғау керек, сонда ізгілікті боламыз.*
- *Мен өз елімді, Қазақстанды жақсы көремін, өскенде қорғаймын. Елімді қорғау - ізгілікті қарым-қатынас болады.*

Бұл сыналушылардың адамның жеке басының ізгілікті қасиеті туралы ақпараттарды қажет ететіндіктерін көрсетеді, оның нәтижесі 11-кестеде берілген.

Кесте 11 – Ізгілікті қарым-қатынас, адамның жеке басының ізгілікті қасиеті, адамның негізгі тұлғалық қасиеттері туралы білімін анықтау сауалнамасының 2-сұрағының нәтижелері

| Жауаптар | Топтар | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бақ.т.1 | Бақ.т.2 | Бақ.т.3 | Тәж.т.1 | Тәж.т.2 | Тәж.т.3 |

11-кестенің соңы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Білмеймін» | 33 % | 43 % | 31 % | 36 % | 22 % | 51 % |
| «Жауап беруге қиналамын» | 15 % | 21 % | 29 % | 24 % | 36 % | 18 % |
| Қалған жауаптар | 52 % | 36 % | 40 % | 40 % | 42 % | 31 % |

Оқушылардың жауаптары педагогикалық-психологиялық талдау үшін өте маңызды деп санаймыз. Назар аударып көрсек, 2-сынып оқушысының дүниетанымы ерекше екені ой құрау және толғандыратын мәселенің өте ауқымды екенін байқауға болады. Бұл жаста балаларда нақты-көрнекілік, көрнекі-бейнелі ойлау жоғары орында тұратыны белгілі. Бірақ ойыннан оқу әрекетіне саналы түрде байыппен біртіндеп көше бастаған осы сыныптағы оқушыда ендігі кезекте ол ойлау формасының тілдік-логикалық және бейнелі ойлауға өтуі басталып жатады. 2-сынып оқушысында оқу мотивациясы біртіндеп күшейіп келе жатқандықтан, оның әрбір іс-әрекеті қолпаштауды жақсы көреді.

Сонымен қатар оқушысының психологиялық келбетінде «ізгіліктілік қарым-қатынасты» талап ету айқын танылып тұрады. Бір жағынан, өзін әрдайым қамқорлықта ұстауды керек етсе, екінші жағынан өзінің төменгі сыныптардан ересек екенін мақтаныш етеді. Осындай 2-сынып оқушыларының танымдық әрекеттері мен оның нәтижесін талдау, әрине, өте күрделі және өсіп келе жатқан адамның пікір жағынан құбылмалылығы, өзін ересектермен теке-тіресе алатын тұлға ретінде көрсетуге деген ерекше ұмтылысы, кейде ересектер тарапынан дұрыс түсінілмей, қиңқы мінез деп бағаланады. Жасөспірімдік кезеңнің алтын қақпасынан бірнеше баспалдақ алдында тұрған үшінші сынып оқушысының әрбір ойы, әрбір таным әрекетінің сапалы нәтижесі ересектер тарапынан жоғары бағалануы керек.

**Үшінші сұрақ бойынша,** адамның негізгі тұлғалық қасиеттерін оқушының өзі үшін маңыздылығына қарай ретімен тізіп жазу сұралған еді. Оқушылардың көпшілігінің жауаптары бойынша ең алдыға шыққан жауап «әдептілік, ақылдылық, әділдік, қамқорлық, мейірімділік, қайырымдылық» деп басталады. Ал қалған тұлғалық қасиеттердің реттілігі әр оқушының жауабына сәйкес өзгеріп отырғандығын аңғаруымызға болады. Біздің ойымызша оқушылардың «ізгілік, сезімталдық, парасаттылық, ұйымдастырушылық, іскерлік, мақсаттылық» ұғымдарының мағынасын тануда қиындыққа тап болуында. Сондықтан да оқыту үдерісінде осы тұлғалық қасиеттер туралы ақпараттардың берілуін қажет ететіндіктерін көрсетеді.

***2.Социометрия әдісі (Дж. Морено).*** Дж.Мореноның социометриялық әдісі тұлғааралық және топаралық қатынастарды, оларды өзгерту, жақсарту және жетілдіру мақсатында диагностикалау үшін қолданылады. Социометрияны қолдана отырып, топтық іс-әрекет жағдайындағы топ мүшелерінің әлеуметтік мінез-құлқының типологиясын зерттеуге, белгілі бір топ мүшелерінің әлеуметтік-психологиялық үйлесімділігін бағалауға болады.

Социометриялық әдіс топтық әдіспен жүзеге асырылады, оны жүргізу көп уақытты қажет етпейді (15 минутқа дейін). Бұл қолданбалы зерттеулерде, әсіресе ұжымдағы қатынастарды жақсарту жұмыстарында өте пайдалы.

Социометриялық әдісі екі формада жүзеге асырылуы мүмкін. Бірінші–нұсқа-параметрлік емес процедура. Бұл жағдайда оқушыға социометриялық картаның сұрақтарына тақырыпты шектеусіз таңдау арқылы жауап беру ұсынылады. Егер топта 12 адам болса, онда бұл жағдайда респонденттердің әрқайсысы 11 адамды таңдай алады (өзінен басқа). Осылайша, теориялық тұрғыдан, көрсетілген мысалда топтың басқа мүшелеріне бағытталған таңдау мүмкін болатын саны (N - 1) болады, мұндағы N - топ мүшелерінің саны. Сол сияқты, теориялық тұрғыдан алғанда, топтағы субъектінің таңдауының мүмкін болатын саны (N-1) болады. Алынған таңдаудың көрсетілген мәні (N-1) социометриялық өлшемдердің негізгі сандық тұрақтысы екенін бірден түсінеміз. Параметрлік емес процедурада бұл теориялық тұрақты таңдау жасайтын адам үшін де, таңдау объектісіне айналған кез-келген адам үшін де бірдей. Процедураның осы нұсқасының артықшылығы – бұл топтың әр мүшесінің эмоционалды кеңеюін анықтауға, топтық құрылымдағы тұлғааралық қатынастардың алуан түрлілігін кесуге мүмкіндік береді. Алайда, топтың көлемін 12-16 адамға дейін арттырған кезде, бұл байланыстар өте көп болады, сондықтан компьютерлік технологияны қолданбай оларды талдау өте қиын болады.

Егер таңдау саны шектелмеген болса, онда эмоционалды экспансивтілік индексі анықталады. Ол адамның айналасындағы топ мүшелеріне қаншалықты тәуелді екенін, оның таңдауда қаншалықты белсенді екенін анықтайды.

Параметрлік емес процедураның тағы бір кемшілігі – кездейсоқ таңдау жасау ықтималдығы. Кейбір тақырыптар жеке мотивті басшылыққа ала отырып, "Мен бәрін таңдаймын" деп сауалнамаларда жиі жазады. Мұндай жауаптың тек екі түсіндірмесі болуы мүмкін: не тақырып шынымен де басқалармен қарым-қатынастың жалпыланған аморфты және бөлінбеген жүйесін жасады (бұл екіталай) немесе тақырып басқаларға және экспериментаторға ресми адалдықты жасырып, жалған жауап береді (мүмкін).

Мұндай жағдайларды талдау кейбір зерттеушілерді әдісті қолдану процедурасын өзгертуге және осылайша кездейсоқ таңдау мүмкіндігін азайтуға мәжбүр етті. Осылайша, екінші нұсқа дүниеге келді. Ол – таңдау санын шектейтін параметрлік процедура. Субъектілерге топтың барлық мүшелерінің қатаң белгіленген санын таңдау ұсынылады. Мысалы, 25 мүшеден тұратын топта әрқайсысына тек 4 немесе 5 адамды таңдау ұсынылады. Социометриялық таңдау санын шектеу шамасы "социометриялық шектеу" немесе "таңдау лимиті" деп аталды. Көптеген зерттеушілер "социометриялық шектеуді" енгізу социометриялық мәліметтердің сенімділігінен асып түседі және материалды статистикалық өңдеуді жеңілдетеді деп санайды. Психологиялық тұрғыдан алғанда, социометриялық шектеу субъектілерді жауаптарына мұқият қарауға, жауап беру үшін тек серіктес, көшбасшы немесе бірлескен іс-әрекеттегі серіктес рөлдеріне сәйкес келетін топ мүшелерін таңдауға мәжбүр етеді. Таңдау

лимиті кездейсоқ жауаптардың ықтималдығын едәуір төмендетеді және бір үлгідегі әр түрлі топтағы таңдау шарттарын стандарттауға мүмкіндік береді, бұл материалды әртүрлі топтарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта 22-25 мүшесі бар топтар үшін "социометриялық шектеудің" минималды мәні 4-5 таңдау шегінде таңдалуы керек деп саналады. Социометриялық процедураның екінші нұсқасының маңызды айырмашылығы – социометриялық тұрақты (N-1). Алынған таңдау жүйесі үшін ғана сақталады (яғни топтан қатысушыға дейін). Берілген таңдау жүйесі үшін (яғни, қатысушыдан топқа) ол жаңа d өлшемімен өлшенеді (социометриялық шектеу). Осы шаманы енгізу арқылы әр түрлі сан топтарындағы таңдаудың сыртқы жағдайларын стандарттауға болады. Ол үшін кездейсоқ таңдау ықтималдығының барлық топтары үшін бірдей d мәнін анықтау қажет. Бұл ықтималдылықты анықтау формуласы Дж. Морено және Е. Дженнингс: P(A)=D/(N-1), мұндағы P — кездейсоқ оқиғаның ықтималдығы (а) социометриялық таңдау; N — топ мүшелерінің саны.

Әдетте P(A) мәні 0,20-0,30 аралығында таңдалады. Осы мәндерді белгілі N мәні бар d анықтау үшін (1) формулаға алмастыра отырып, біз өлшеу үшін таңдалған топтағы "социометриялық шектеудің" қажетті санын аламыз. Социометриялық таңдаудың шектеу мөлшері ұсынылған кестеге сәйкес біздің бақылау және эксперимент топтарын мүшелерінің таңдаулың шекті мөлшері 6-7 құрайды.

Социометриялық карта немесе социометриялық сауалнама бағдарламаны әзірлеудің соңғы кезеңінде жасалады. Онда топтың әр мүшесі белгілі бір критерийлер бойынша топтың басқа мүшелеріне қатынасын көрсетуі керек (мысалы, бірлескен жұмыс, іскерлік мәселені шешуге қатысу бос уақытты өткізу, ойын ойнау және т. б.). Критерийлер осы зерттеу бағдарламасына байланысты анықталады.

Топ мүшелерінің бір-бірімен жеке ізгіліктік қарым-қатынасын анықтауға бағытталған социометриялық картаны төмендегідей нұсқада ұсынуға болады.

Кесте 12 – Топ мүшелерінің бір-бірімен жеке ізгіліктік қарым-қатынасын анықтауға бағытталған социометриялық карта

| № | Өлшемдер | Таңдау |
|---|---|---|
| 1 | А) Егер Сіз сыныптастарыңызбен бір үйде тұратын болсаңыз, қай оқушымен бір бөлмеде тұруды қалар едіңіз?<br><br>Б)Егер сіздің сыныбыңызды таратып жаңа сынып құратын болса, онда сыныпта кімнің қалғанын қаламайтын едіңіз? | |
| 2 | А) Сыныптастарыңның ішінен кімді туылған күн кешіне шақырар едің?<br><br>Б) Сыныптастарыңның ішінен кімді туылған күн кешіне шақырмас едің? | |

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс аясында Дж.Мореноның социометриялық әдісін бақылау және эксперименттік топтарда жүргіздік. Социометриялық әдіс бойынша нәтижені төменде ұсынып отырмыз.




Сурет 20 – Бақ.т1 №1сұрақ нәтижесі




Сурет 21 – Бақ.т1 №2 сұрақ нәтижесі




Сурет 22– Бақ.т1 №3 сұрақ нәтижесі

Зерттеу жұмысымыздың аясында Бақ.т1 оқушыларының бір бірімен қарым-қатынасын анықтау мақсатында арнайы сұрақтар ұсынылды. Оқушыларға әр сұрақ бойынша ең көп дегенде 3 оқушы таңдау мүмкіндігі бар екендігі ескертілді. Оқушылар өз таңдауын жасағаннан соң, біз №1, 2, 3 сұрақтар бойынша таңдау матрицасын талдадық. Матрицалар негізінде топтағы бір жақты және екіжақты таңдауларды анықтадық. Төменде ұсынылған шкала бойынша оқушылардың сыныптағы орнын анықтадық. Ережелер шкаласы төменде ұсынылып отыр:

*Таңдаудың орташа санынан едәуір көп алған балалар* – көшбасшы.

*Таңдаудың орташа және орташа санын алғандар* – қабылданған және қалаулы (көк).

*Орташадан аз алғандар* – еленбейтін (қызыл).

*Ең төменгі балл алғандар немесе алмағандар* – шектетілген (жасыл).

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№4, 2, 10) сыныптың 16%, елеусіз қалғандары (№1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 14, 15, 16) сыныптың 53%, шектетілгендері (№11, 12, 13, 17, 18, 19) сыныптың 31% құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 1,4) сыныптың 11%, елеусіз қалғандары (№ 2,3,5,6,7,8,9,10,11,12, 14,15,16) сыныптың 68%, шектетілгендері (№13, 17,18,19) сыныптың 21% құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,4,16) сыныптың 16%, елеусіз қалғандары (№№ 1,5,6,7,8,9,10,11,12,14,15) сыныптың 58%, шектетілгендері (№3,7, 13, 17,18,19) сыныптың 26% құрап отыр.

Бак.т.2 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.







Сурет 23 – Бак.т2 №1 сұрақ нәтижесі Сурет 24 – Бак.т2 №2 сұрақ нәтижесі




Сурет 25 – Бак.т2 №3 сұрақ нәтижесі

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№3,13)

сыныптың  11%, елеусіз қалғандары (№1,2,3,4,5,6,7,9,10,11,12,15) сыныптың 61%, шектетілгендері (№8,14,16,17,18) сыныптың  28 % құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,6,10) сыныптың  17%, елеусіз қалғандары (№1,4,5,8,9,15,15) сыныптың 39%, шектетілгендері (№3,7,11,12,13,18) сыныптың 44% құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,4,5,8,11) сыныптың  28%, елеусіз қалғандары (№1,3,12,13,14,16) сыныптың 33%, шектетілгендері (№6,7,8,15,17,18) сыныптың 39% құрап отыр.

Бақ.т.3 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.







Сурет 26 –  Бақ.т3 №1 сұрақ нәтижесі   Сурет 27 –  Бақ.т3 №2 сұрақ нәтижесі




Сурет  28 –  Бақ.т3 №3 сұрақ нәтижесі

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№5,6) сыныптың  10%, елеусіз қалғандары (№1,2,3,6,7,8,9,12,18) сыныптың  45%, шектетілгендері (№10,11,13,14,16,17,19) сыныптың 45% құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№4,5) сыныптың 10 %, елеусіз қалғандары (№ 1,2,3, 6,7,8,9,12,18) сыныптың 45%, шектетілгендері (№10,11,13,14,16,17,19) сыныптың 45 % құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 3,5,12) сыныптың 15%, елеусіз қалғандары (№ 1,2,8,9,15,16,18) сыныптың 35%, шектетілгендері (№ 4,5,6,10,11,13,19,20 ) сыныптың 50 % құрап отыр.

Тәж.т.1 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.







Сурет 29 – Тәж.т1 №1сұрақ нәтижесі Сурет 30 – Тәж.т1 №2 сұрақ нәтижесі




Сурет 31 – Тәж.т1 №3 сұрақ нәтижесі

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№5,6) сыныптың 13%, елеусіз қалғандары (№1,2,3,6,7,8,9,12,18) сыныптың 41%, шектетілгендері (№10,11,13,14,16,17,19) сыныптың 46% құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№4,5) сыныптың 14 %, елеусіз қалғандары (№ 1,2,3, 6,7,8,9,12,18) сыныптың 40%, шектетілгендері (№10,11,13,14,16,17,19) сыныптың 46 % құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 3,5,12) сыныптың 17%, елеусіз қалғандары (№ 1,2,8,9,15,16,18) сыныптың 42%, шектетілгендері (№ 4,5,6,10,11,13,19,20 ) сыныптың 41 % құрап отыр.

Тәж.т.2 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.







Сурет 32 – Тәж.т2 №1сұрақ нәтижесі Сурет 33 – Тәж.т2 №2 сұрақ нәтижесі




Сурет 34 – Тәж.т2 №3 сұрақ нәтижесі

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№4, 2, 10) сыныптың 15%, елеусіз қалғандары (№1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 14, 15, 16, 21) сыныптың 48%, шектетілгендері (№11, 12, 13, 17, 18, 19, 20, 22, 23) сыныптың 37% құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 1,4) сыныптың 9%, елеусіз қалғандары (№ 2,3,5,6,7,8,9,10,11,12, 14,15,16, 20,21,22) сыныптың 65%, шектетілгендері (№13, 17,18,19,23) сыныптың 26% құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,4,16) сыныптың 14%, елеусіз қалғандары (№ 1,5,6,7,8,9,10,11,12,14,15,22,23) сыныптың 60%, шектетілгендері (№3,7, 13, 17,18,19,21) сыныптың 26% құрап отыр.

Тәж.т.3 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.







Сурет 35 – Тәж.т.3 №1 сұрақ нәтижесі Сурет 36– Тәж.т.3 №2 сұрақ нәтижесі




Сурет 37 – Тәж.т.3 №3 сұрақ нәтижесі

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№3,13) сыныптың 13%, елеусіз қалғандары (№1,2,3,4,5,6,7,9,10,11,12,15) сыныптың 64%, шектетілгендері (№8,14,16,17,18) сыныптың 23 % құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,6,10) сыныптың  19%, елеусіз қалғандары (№1,4,5,8,9,15,15) сыныптың 36%, шектетілгендері (№3,7,11,12,13,18) сыныптың 45% құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,4,5,8,11) сыныптың  25%, елеусіз қалғандары (№1,3,12,13,14,16) сыныптың 34%, шектетілгендері (№6,7,8,15,17,18) сыныптың 41% құрап отыр.

Жоғарыдағы нәтижелерді негізге ала отырып тәжірибелік топ мүшелерінің арасында өзін шектетілгендердің қатарында санайтын оқушылар сыныптың орта есебін құраса, кейбірі орта есебінен аз  ғана төмен. Оқушылардың бір бірімен қарым-қатынасының төмендігі олардың ұл бала немес қыз бала ретіндегі достық қатынасқа түсудегі шектеулердің  бой көрсетуі деп түсінуге де болады.

Сонымен қатар, сыныптағы ізгіліктік қарым-қатынастың дұрыс жолға қойылмағандығы да тағы бір себептердің бірі болуы мүмкін. Сол себепті қалыптастырушы эксперимент кезінде осы мүмкін болатын себептерді басшылыққа алуымыз қажет.

***3. Кесінді тапсырмалар (Авторлық әзірлеме).***

Мақсаты - оқушылардың «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Дүниетану» пәндерін интеграциялай оқытылуы негізінде ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру (анықтау).

1.Суретке зейін қойып қараңдар. Бұл қандай ертегіден алынған оқиға деп ойлайсыңдар?

2. Суреттегі  құс, жәндік атауларын айтыңдар. Бұл қандай жыл мезгілі? Оны қандай белгілері арқылы білеміз?

3.Суреттегі болған, болып жатқан, қазір алда болатын іс-қимылдың атауларын жазыңдар.

4.Оқушылар, осы суреттегі оқиғаның ерекшелігі қандай?

Егер сендер осындай жағдайды көріп тұрған болсаңдар, кімге жақтасар едіңдер?

Қарлығашқа ма, балапандарға ма, әлде жыланға ма?

Жыланды өлтіру міндетті ме?

|  | Не істеді? | Не істеп жатыр? | Не істейді? |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |

Сурет 38 – кесінді тапсырма

Кесінді тапсырма бойынша оқушылардың жүйелі ойлауы, әлемді біртұтас тану қабілеті, оқушының өзін табиғатпен байланысын сезінуі, оның қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас дағдысы бағаланды. Атап өтілген бағалау өлшемдеріне негізделген бақылау және тәжірибелік топтардың нәтижелері төмендегі 13-кесте мен 39, 40-суреттерде көрсетілген.

Кесте 13 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі бақылау және тәжірибе топтарының кесінді тапсырма нәтижесі

| Топтар | Жүйелі ойлау | | Біртұтас әлем түсінігі: табиғат, құс, жануар, адам | | Оқушының табиғат пен өзін байланыста қарауы | | Оқушының қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас дағдысы | | Орташа пайыздық көрсеткіш |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | n | % | n | % | n | % | n | % | |
| Бақ.т 1 n =19 | 8 | 42% | 9 | 47% | 8 | 42% | 9 | 47% | 45% |
| Бақ.т 2 n =18 | 9 | 50% | 6 | 33% | 10 | 56% | 7 | 39% | 45% |
| Бақ.т 3 n =20 | 11 | 55% | 10 | 50% | 8 | 40% | 6 | 30% | 44% |
| Жалпы саны n=57 | 28 | 49% | 25 | 43% | 26 | 46% | 22 | 39% | 45% |
| Тәж.т 1 n =22 | 8 | 36% | 11 | 50% | 7 | 32% | 8 | 36% | 39% |
| Тәж.т 2 n =23 | 10 | 43% | 12 | 52% | 6 | 26% | 7 | 30% | 38% |
| Тәж.т 3 n =18 | 8 | 44% | 10 | 56% | 9 | 50% | 5 | 28% | 45% |
| Жалпы саны n=63 | 26 | 41% | 33 | 53% | 22 | 36% | 20 | 31% | 41% |

Кесінді тапсырмаларды орындау бойынша оқушылардың берген жауабында күтілген нәтиже деңгейіне жетпеді. Оқушылардың пәндердің бірден бірнешеуінің атауы берілуіне томсара қарауы, жалпы алғанда, интеграция

негізінде оқытуға жатырқауы тапсырманы орындаудың басқы кезеңінде болды. Біртіндеп тапсырманы орындай бастағанда, оқушылар өзара сөйлесе келе, көңіл-күйлері жайлы психологиялық өзгеріске түскенін де атап кету керек. Біздіңше, жеке пәннің оқытылуындағы қиындық – тек сол пәннің аясында қалып, «артық ойлау» артық болып саналатындығында, сол арқылы оқушының әрдайым өзін сымдай тартылып отыруға мәжбүрлейтінінде. (Артық ой айтқан кезде сыныптас достарының күлуі мүмкін, себебі «бұл – басқа пән».)




Сурет 39 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі бақылау топтарының кесінді тапсырма нәтижесі




Сурет 40 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі тәжірибе топтарының кесінді тапсырма нәтижесі

Анықтау кезеңінде орындалған кесінді тапсырмаларды талдау және мұғалімдердің сабақтарына қатысып, олардағы интеграция негізінде ізгілікті қарым-қатынас орнату бағытындағы жұмыстарды анықтау, талдау нәтижесінде келесі ой тұжырымдары жасалынды.

Бастауыш сыныптарда пәндерді интеграция негізінде оқытуды мұғалімдер өз тәжірибелерінде көп қолданбайтыны байқалды. Пәндерді интеграция негізінде оқыту барысында оқушылардың өзіне, ортасына, қоғамға, табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынасын анықтау үшін берілген кесінді тапсырмалар қажетті дағдылардың төмен деңгейде екенін көрсетті. Бірақ оқушылардың интеграциялық мазмұндағы тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығы өте жоғары екені анықталды.

***4. «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі (Г.В. Гивишвили).*** Әдістеме оқушылардың мінез-құлық ережелеріне және сол арқылы сақтаулы талап ететін ізгіліктік қасиеттерге қалай қарайтындығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдістеме арқылы оқушылардың «мейірімділік», «сыпайылық», «жауапкершілік» секілді ізгілік қасиеттерге оқушылардың көзқарасын анықтаймыз. Оқушылар төмендегі сұрақтарға жауап береді.

1. Өз анықтамаңызды беріңіз:
- мейірімділік -
- сыпайылық-
- жауапкершілік -

2. Өзіңізді бағалаңыз:
- Сіз мейірімдісіз бе?
- Сіз сыпайысыз ба?
- Сіз жауаптысыз ба?

3. Таныстарыңызды, достарыңызды, туыстарыңызды атаңыз. Олардың қайсысы:
- мейірімді?
- сыпайы?
- жауапкершілігі мол?

Олардың мейірімді, сыпайы, жауапкершілігі бар адам қатарына жатқызу үшін ерекше бір нәрсе жасауы тиіс пе?

Әрі қарай, оқушылардың жауаптары екі деңгей бойынша бағаланады. *Олар: жоғары және төмен.* Егер бала ұғымдарды нақты анықтаса, өзін дұрыс бағаласа, онда жоғары деңгей. Егер оқушы ұғымдарды бір бірімен шатастырса, жағдайдан шығудың жолын таба алмаса, оған төмен деңгей тағайындалады. Сыныптағы жоғары және төмен деңгейдегі оқушылардың пайызы анықталады.

«Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша нәтижелер 14-кесте және 41, 42, 43, 44, 45, 46-суреттерде ұсынылған.

Кесте 14 – Эксперименттің анықтау кезеңі бойынша бақылау және тәжірибе топтарының «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша нәтижелері

| Топтар | Сұрақтар | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1-сұрақ | | 2-сұрақ | | 3-сұрақ | |
| | Жоғары | Төмен | Жоғары | Төмен | Жоғары | Төмен |
| Бақ.т 1 n =19 | 6/32% | 13/68% | 13/68% | 6/32% | 12/63% | 7/37% |
| Бақ.т 2 n =18 | 4/22% | 14/78% | 10/56% | 8/44% | 8/44% | 10/56% |
| Бақ.т 3 n =20 | 5/25% | 15/75% | 12/60% | 8/40% | 9/45% | 11/55% |
| Жалпы саны n=57 | 15/26% | 42/74% | 35/61% | 22/39% | 29/51% | 28/49% |
| Тәж.т 1 n =22 | 7/32% | 15/68% | 11/50% | 11/50% | 9/41% | 12/59% |
| Тәж.т 2 n =23 | 5/22% | 18/78% | 13/57% | 10/43% | 8/35% | 15/65% |
| Тәж.т 3 n =18 | 5/27% | 13/73% | 12/67% | 6/33% | 5/27% | 13/73% |
| Жалпы саны n=63 | 17/27% | 46/73% | 36/58% | 27/42% | 22/34% | 40/66% |




Сурет 41 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі Бақ.т1 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 42– Эксперименттің анықтау кезеңіндегі Бақ.т2 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 43 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі Бақ.т3 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 44 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі Тәж.т1 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 45 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі Тәж.т2 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 46 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі Тәж.т3 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі

**Бірінші тапсырма бойынша** Бақ.т1 6 оқушы ұғымдарға толық анықтама берді. Ал екінші бақылау тобының 22 пайызы ғана берілген тапсырманы орындай алды. Үшінші бақылау тобынан 20 оқушының тек 5-еуі жоғары деңгейді көрсетті. Бірінші тәжірибе тобының тек 32 пайызы, екінші тәжірибе тобының 22 пайызы, үшінші тәжірибе тобының 27 пайызы ұсынылған ұғымдарға толық анықтама бере алды.

Бақылау және тәжірибе топтары оқушыларынан мәліметтері шамамен осындай жауаптар алдық:

*1. Мейірімділік – түсіністік, көмек.*

*2. Сыпайылық – әдептілік, тәрбие.*

*3. Жауапкершілік – өз іс-әрекеттері үшін өзіне немесе басқа адамдарға жауап беру алу қабілеті.*

**Екінші тапсырма бойынша** әр оқушының өзінің бойындағы ізгілік қасиеттерін басшылыққа ала отырып, мейірімділік, сыпайылық, жауапкершілік қасиеттері бойынан табылады ма деген сұраққа жауап іздеу арқылы бағалау тапсырылған еді. Оқушылардың орташа есеппен 50 пайыздан астамы ізгілік қасиеттерінің өз бойларынан табылып, табылмағандығы туралы нәтижелерді көрсетті. Бұл қасиеттердің не екендігін толық жауаптар беру арқылы ізгілік қасиеттері ол оқушыға тән екендігін жауаптарынан аңғаруымызға болады.

**Үшінші тапсырма бойынша** бақылау және тәжірибе топтарындағы оқушылар үш қасиет бойына тән таныс, туыс, достарының есімін жауап парағына жазып шықты. Алайда неліктен мейірімді, неліктен сыпайы, неліктен жауапкершілігі мол адамдардың қатарына жатқызғандығы туралы айқын жауаптар ала алмадық. Ең жоғарғы көрсеткіш көрсеткен – бірінші бақылау тобының оқушылары. Ал қалған топ оқушыларының жауабы төменгі деңгейді құрайды.

Жоғарыдағыларды талдай келе, ізгілік қасиеттері туралы білімдерінің толықтырылуы үшін оқушылармен жұмыстар атқарылуы тиіс деген шешімге келдік.

***5. «Сөйлемді аяқта» әдістемесі. (Н. Е. Богуславской әдістемесіне бейімделген.*** Әдістеменің мақсаты – мінез-құлық ережелеріне және ізгілік қасиеттеріне деген көзқарасты анықтау.

Орындалу барысы: балаларға ізгілік тақырыбында негізделген сөйлемдерді аяқтау тапсырылады.

1. Егер мен жалған айтқанымды білсем, онда...
2. Егер мен жаман әрекет жасағанымды білсем, онда...
3. Мен бар кезде әлсіздерді ренжітсе, онда мен...
4. Мен не істеу керектігін білмесем, онда...
5. Мен .......................................жасауға тырысамын.
6. Мен өзімді ......................... ұстауға тырысамын.
7. Егер анам менен бір нәрсені жасауымды өтінсе, онда мен .....
8. Егер ...... мен басқа адамды кешіре аламын.

Осыдан кейін алынған мәліметтер өңделеді. Жазбаша жауапқа талдау жасағаннан кейін әр баланы үш топтың біріне жатқызуға болады.

*Бірінші топ* тұрақсыз көзқараспен сипатталады. Оған көп жағдайда өз іс-әрекеттері мен мінез-құлық ережелеріне қайшы келетін балалар жатқызылады.

*Екінші топ* бейтарап көзқараспен сипатталады. Мұнда кем дегенде жарты мәлімдемеде екіұшты әрекеттерге жол беретін балалар кіреді.

*Үшінші топ* тұрақты көзқарасты білдіреді. Бұл топқа сөйлемдерді аяқтар кезде адамгершілік нормаларға қайшы келмейтін жауап берген балалар кіреді.

«Сөйлемді аяқта» әдістемесі оқушылардың мінез-құлық ережелеріне және сол арқылы ізгілік қасиеттерге қарым-қатынасын анықтауға мүмкіндік берді. Жазбаша жауаптарды талдау әр баланы үш топтың біріне жатқызуға мүмкіндік берді.

«Сөйлемді аяқта» әдістемесі бойынша нәтижелер төмендегі 15-кесте мен 47,48-суреттерде ұсынылған.

Кесте 15 – Эксперименттің анықтау кезеңі бойынша бақылау және тәжірибе топтарының «Сөйлемді аяқта» әдістемесі бойынша нәтижелері

| Топтар | Сөйлемд аяқтау | | |
|---|---|---|---|
| | Тұрақсыз көзқарас | Бейтарап көзқарас | Тұрақты көзқарас |
| Бақ.т 1 | 43% | 37% | 20% |
| Бақ.т 2 | 25% | 49% | 26% |
| Бақ.т 3 | 36% | 41% | 23% |
| Жалпы пайыздық көрсеткіш | 35% | 42% | 23% |
| Тәж.т 1 | 47% | 38% | 15% |
| Тәж.т 2 | 37% | 52% | 11% |
| Тәж.т 3 | 30% | 44% | 26 |
| Жалпы пайыздық көрсеткіш | 38% | 45% | 17% |




Сурет 47 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі бақылау топтарының «Сөйлемді аяқта» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 48 – Эксперименттің анықтау кезеңіндегі тәжірибе топтарының «Сөйлемді аяқта» әдістемесі бойынша тапсырмаларының нәтижесі

Осымен байланысты арнайы әзірленген «Бастауыш сыныпта интеграция негізінде оқыту арқылы оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру моделін жүзеге асырушы әдістемені» тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың екінші кезеңінде – оқыту-қалыптастыру кезеңінде оқу үдерісіне қосып, сабақтар, сабақтан тыс жұмыстар, арнайы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі, оқушылардың өз бетімен орындайтын жобалары сыналады.

Келесі бөлімшеде осы оқыту кезеңінен алынған сабақ фрагменттері мен оқушылардың тапсырмаларды орындау барысы талданып, әдістеменің қолданылу үдерісі сипатталады.

## 3.2 Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру әдістемесі

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың оқыту кезеңіне арналған 2-сыныпқа арналған 17 сағаттық сабақ жүйесі мен тапсырмалар кешені жасалды. Сабақты интеграция негізінде ұйымдастырудың талаптары ескеріліп, оқушылар мен мұғалім орындауы тиіс өзгерістер сипатталынды.

Сабақ жүйесі мен тапсырмалар кешенін жасау барысында алдын ала интеграция негізінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру міндетін шешуде қай тақырып тиімді болады, сабақтан тыс қандай іс-шаралар тиімді болады, қандай жобалар тиімді болады деген мәселелер ойластырылды.

Бастауыш сынып оқушысының біртұтас дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру барысында және баланы ізгілікті қарым-қатынас жасауға

дағдыландыру үдерісінде табиғатқа, қоғамға, адамзат жасаған мәдени ортаға оқушының да енуі міндетті.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру әдістемесіндегі сабақтар жүйесі мен тапсырмалар кешені қырдан іске қосылады, олар: пәндер тақырыптарының интеграциясы, оқушылар орындайтын жобалар, жеке оқушы немесе шағын топ болып ауқымы кішілеу зерттеулерін пайдалану. Сонымен бірге, бастауыш сынып оқушылары орындайтын интегративтік тапсырмалар да осы аталған қырлармен байланысты болады.

Барлық жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінің мазмұнын оқушылардың қалай меңгергенін көрсететін арнаулы көрсеткіштері белгіленді. Олар келесідей болып келеді:

- интегративтік тақырып бойынша білім мазмұнын меңгергенін дәлелдеу үшін, қайталап айтып беру;
- оқушыларға таныс жағдаятта көрсетілген үлгі бойынша меңгерген интегративтік білімін пайдалануға дағдыландыратын жаттығулар мен тапсырмалар;
- меңгерген білімін жартылай таныс, жартылай жаңа жағдаяттарда қолдана білуге дағдыландыратын жаттығулар мен тапсырмалар;
- бір мәселе бойынша берілген екі көзқарас бойынша талдау жасауға дағдыландыратын жаттығулар мен тапсырмалар;
- танысқан оқу материалы туралы жан-жақтылықпен біртұтас сипаттама беруге дағдыландыратын жаттығулар мен тапсырмалар;
- меңгерген білімін толықтай жаңа, таныс емес жағдаяттарда қолдана білуге дағдыландыратын жаттығулар мен тапсырмалар;
- ізгілікті адам, қоғам, табиғат, адамгершілік сияқты ұғымдар туралы өзінің көзқарасын айта не жаза білуге меңгерген білімін жартылай таныс, жартылай жаңа жағдаяттарда қолдана білуге дағдыландыратын жаттығулар мен тапсырмалар;
- өзінің білімін алдына қойылған жағдаятты дұрыс талдауға пайдалануға дағдыландыратын жаттығулар мен тапсырмалар;
- 9) ізгілікті қарым-қатынас туралы өзінің ойын ашық және сеніммен білдіруге дағдыландыратын жаттығулар мен тапсырмалар;
- берілген тақырып бойынша постер әзірлеу және қорғау.

Әрине, жаттығулар мен тапсырмалардың түрі мен мазмұн байлығы бұл айтылғандардан да мол болады. Өйткені интеграция негізінде екі немесе бірнеше пәнді оқытудың танымдық, дамыту, ізгілікті тәрбиелік потенциалы зор екені айдан анық. Интеграция сабақтар, оқу материалын қалай болғанда бір табан болсада, шынайы өмірге жақындатып, пәндер ұқсас нүктелері арқылы байланыс жасап, жаттығулар мен тапсырмалар интеграциялай оқытуда бүлдіршіндерді ізгілікті қарым-қатынас жасауға дағдыландыруды көздейді,оқушыларды шынайылыққа жақындата түседі.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруға байланысты жұмыстарды ұйымдастыруда жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша анықталған ортақ тақырыптар

негізінде интегративтік тақырыптар мен интегративтік сабақтар өткізу жоспары жасалынды. Ол жоспар кластер түрінде жасалынды, кластердің ерекше бір қатысымдық жағдаяттарды тудыру мүмкіншіліктері үлкен. Кластерлік әдістің тағы бір дидактикалық құнарлылығы білім мазмұны мен қосымша ресурстардың басты өзекгі, орталығы алдын ала белгіленген тақырыпқа жинақталып, біртіндеп әр пәннің өзіндік ерекшелігі арқылы спираль бойымен дамып көбейе, толыға береді. «Білімдік кластер» терминінің педагогикалық мағынасын қарастырған Соколова Е.И. осы терминнің қолданысы көп ретте «инновациялық» деген мағынамен төркіндес келетінін айтып өтеді [158]. Қазақстандық бастауыш мектепке арналған жаңартылған оқу бағдарламасында инновациялық тұрғыдан енгізілген көптеген жаңалықтардың бірі – осы кластерлік әдіс.

Интегративтік оқыту үдерісін ұйымдастыруға қолайлы және сапалы көрсеткіштерге қол жеткізуге болады деп өзіміз анықтаған пәндердің тақырыптары бойынша кестелер түзілді. 3-сынып бойынша келесі пәндердің интеграциясы негізінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға қолайлы жағдайлар мол болады деп ойлаймыз:

- «Қазақ тілі» және «Дүниетану» пәндері;
- «Дүниетану» және «Математика» пәндері;
- «Әдебиеттік оқу» және «Музыка» пәндері;
- «Әдебиеттік оқу», «Жаратылыстану» және «Дүниетану» пәндері.

Осы көрсетілген пәндер бойынша ортақ тақырыптардың негізінде интегративтік сабақтар ұйымдастыру кестелерде белгіленді.

Кесте 16 – 2-сынып. Қазақ тілі және Дүниетану пәндерін интеграция негізінде оқыту арқылы оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру

| **Пәндер** | **ОРТАҚ ТАҚЫРЫПТАР** | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қазақ тілі**<br><br>**Дүниетану** | Өзім туралы | Менің отбасым және | Менің мектебім | Менің туған өлкем | Дені саудың жаны сау | Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | Қоршаған орта | Саяхат |
| Өзім туралы | | | | | | | | |
| Менің отбасым және достарым | | | | | | | | |
| Менің мектебім | | | | | | | | |
| Менің туған өлкем | | | | | | | | |
| Дені саудың жаны сау | | | | | | | | |
| Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | | | | | | | | |
| Қоршаған орта | | | | | | | | |
| Саяхат | | | | | | | | |

Кесте 17 – 2-сынып. Әдебиеттік оқу, Жаратылыстану және Дүниетану пәндерін интеграция негізінде оқыту арқылы оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру

| **Пәндер** | **ОРТАҚ ТАҚЫРЫПТАР** | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Әдебиеттік оқу Жаратылыс-тану Дүниетану** | Өзім туралы | Менің отбасым және | Менің мектебім | Менің туған өлкем | Дені саудың жаны сау | Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | Қоршаған орта | Саяхат |
| Өзім туралы | | | | | | | | |
| Менің отбасым және достарым | | | | | | | | |
| Менің мектебім | | | | | | | | |
| Менің туған өлкем | | | | | | | | |
| Дені саудың жаны сау | | | | | | | | |
| Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | | | | | | | | |
| Қоршаған орта | | | | | | | | |
| Саяхат | | | | | | | | |

Осымен байланысты тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың оқыту-қалыптастыру кезеңінде интеграция негізінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру барысын кестедегі желі бойынша ұйымдастыру жөн деп табылды.

Жоғарыдағы сипатталған ортақ тақырыптардың кластерлері бойынша 2-сынып үшін келесідей форматтағы эксперименттік бағдарлама және сол бойынша жүргізілетін интегративтік сабақтар жүйесі әзірленді. Ол бағдарламалардың бөлімдері оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырумен байланысты «Оқушының өзіне **деген** ізгілікті қарым-қатынасы», «Оқушының өзін қоршаған **жақын адамдарға** және қ**оғамға** деген ізгілікті қарым-қатынасы», «Оқушының **табиғатқа деген** ізгілікті қарым-қатынасы» деп аталынды.

Кесте 18 – 2-сынып үшін интеграция негізінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға арналған сабақтар жүйесі

| Оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасы | Интеграциялық тақырыптары алынатын пәндер | Оқыту кезеңіндегі жұмыстар |
|---|---|---|
| Өзіне деген ізгілікті қарым-қатынасы | 1) Қазақ тілі+Дүниетану. Тақырыптар - «Өзім туралы.». «Саяхат»<br>2) Қазақ тілі+Әдебиеттік оқу. Тақырыптар – «Менің мектебім», «Менің отбасым және достарым»<br>3) Қазақ тілі+Математика. Тақырып –<br>4) «Өзім туралы». | Интеграция-сабақ; сабақтан тыс жұмыс; жобалық жұмыс «Мен жетістікке жетемін!» |

18-кестенің соңы

| | | |
|---|---|---|
| | 5) Дүниетану+Математика. Тақырып – «Өзім туралы».<br>6) Әдебиеттік оқу+Музыка. Тақырып – «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті».<br>7) Әдебиеттік оқу+ Жаратылыстану + Дүниетану. Тақырып – «Өзім туралы». | |
| Өзін қоршаған жақын адамдарға деген ізгілікті қарым-қатынасы | 8) Қазақ тілі+Дүниетану. Тақырып - «Менің мектебім және достарым».<br>9) Қазақ тілі+Әдебиеттік оқу. Тақырып – «Менің мектебім».<br>10) Қазақ тілі+Математика. Тақырып – «Менің отабсым», «Менің мектебім».<br>11) Дүниетану+Математика. Тақырып – «Менің туған өлкем».<br>12) Әдебиеттік оқу+Музыка. Тақырып – «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті», «Менің мектебім».<br>13) Әдебиеттік оқу+ Жаратылыстану+Дүниетану. Тақырып – «Өзім туралы». | Интеграция-сабақ; сабақтан тыс жұмыс; жобалық жұмыс «Сәлем – сөздің анасы» |
| Қоғамға деген ізгілікті қарым-қатынасы | 14) Қазақ тілі+Дүниетану. Тақырып - «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті».<br>15) Қазақ тілі+Әдебиеттік оқу. Тақырып – «Менің туған өлкем».<br>16) Қазақ тілі+Математика. Тақырып – «Тәні саудың жаны сау».<br>17) Дүниетану+Математика. Тақырып – «Менің туған өлкем».<br>18) Әдебиеттік оқу+Музыка. Тақырып – «Менің туған өлкем».<br>19) Әдебиеттік оқу+ Жаратылыстану+Дүниетану. Тақырып – «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті». | Интеграция-сабақ; сабақтан тыс жұмыс; жобалық жұмыс |
| Табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынасы | 20) Қазақ тілі+Дүниетану. Тақырып - «Менің мектебімі, «Қоршаған орта»».<br>21) Қазақ тілі+Әдебиеттік оқу. Тақырып – «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті».<br>22) Қазақ тілі+Математика. Тақырып – «Қоршаған орта».<br>23) Дүниетану+Математика. Тақырып – «Саяхат».<br>24) Әдебиеттік оқу+Музыка. Тақырып – «Менің отбасым және достарым».<br>25) Әдебиеттік оқу+ Жаратылыстану+Дүниетану. Тақырып – «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті». | Интеграция-сабақ; сабақтан тыс жұмыс; жобалық жұмыс |

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа арналған осы бағдарлама бойынша 2-сыныпта «Қазақ тілі», «Дүниетану» пәндерінің интеграциясы негізінде өткізілген «Саяхат» тақырыбындағы сабақтың фрагментін қарастырайық.

**Тақырып: «Саяхат». Оқылым бойынша жұмыстар. Қазақстан музейлеріне виртуалды саяхат.**

*Оқу мақсаттары*: 1) «Қазақ тілінен»: 2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу. 2) «Дүниетанудан»: 2.1.1.3 түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау.

*Дамыту мақсаты:* интегративтік (арнайы) бағытқа сәйкес, сыртқы болмысты тұтастықпен қабылдап, біртұтас логикалық ойлауын дамыту.

*Тәрбиелік мақсат*: оқушылардың өзіне, өзін қоршаған ортаға – табиғатқа, қоғамға – ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сабақ барысы:

Интерактивтік тақтада «Саяхат» тақырыбы бойынша «Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік орталығының» сайты, оның ішінде педагогикалық парағы көрсетіледі. (http://kazmuseum.kz/muzej-pedagogikasy/)




Сурет 49 - «Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік орталығының» сайты

Сайт бойынша таныстырылым жүргізілген соң, оқушыларға бірнеше мәтіндер мен суреттер таратылып беріледі.

Тапсырмалар.

**Бірінші тапсырма.** «Тараздағы музей-қорықта туристерге арналған киіз үйлер ашылды» тақырыбындағы мәтін бойынша сөздікпен жұмыс. (Мәтін дидактикалық бейімделді.) Қарамен берілген сөздердің мағыналарын сөздік кітаптардан іздеп, тауып жазыңдар.



Сурет 50 - Тараздағы киіз үйлер музейі

**«Тараздағы музей-қорықта туристерге арналған киіз үйлер ашылды»**

*«**Ежелгі** Тараз **ескерткіштері**» деп аталатын **тарихи-мәдени** музей аумағында «**Айша бибі»** деген **кесене**нің қасына қазақтың тарихымен және мәдени **мұралармен** танысуға арналған **киіз үйлер** орнатылды. Олардың ішінде мынадай киіз үйлер бар:*

- *Ұлы Даланың рухани **қазынасын** көрсететін суретшілер салған шығармалар қойылған «Ұлы Дала төсінде» деген киіз үй;*
- *қазақ **қолөнер шеберлері** жасаған **бұйымдар** жинақталған «Ұлттық стиль» деген киіз үй;*
- *«**Қазақ дастарханы**» деген киіз үй;*
- *«Дін мен **дәстүр**» деген киіз үй.*

*Осы киіз үйге келген туристерге жақсы **қызмет көрсетіледі**.*

**Екінші тапсырма.** Интерактивтік тақтада және кеспе қағазда берілген суретке қарап, киіз үйдің ішінде қандай заттар бар екенін айтыңдар.

**Үшінші тапсырма**. Интерактивтік тақтада берілген Тараз қаласының тарихи суреттеріне қарап, олардың атаулары, түрі, құрылысы туралы болжам айтыңдар.

**Төртінші тапсырма.** Берілген сөздер мен суреттерді салыстырып, олардың қайсысы сәйкес келетінін табыңдар

Сөздер: *«Тараз» қаласының кіреберісі, «Айша Бибі» мазары, «Қарахан баба» кесенесі, «Меркі» ескерткіштері, «Тектұрмас ата» кесенесі, «Төрткүл» керуен сарайы, «Ақыртас» кешені.*



Сурет 51 – Ежелгі Тараз ескерткіштері

**Бесінші тапсырма.** Суреттердегі құрылыстар қай жылы, қандай ғасырда салынған деп ойлайсыңдар? Өз ойларыңды айтыңдар.

**Алтыншы тапсырма.** Берілген мәтіндегі тарихқа байланысты сөздер қайсы деп ойлайсыңдар? Оларды анықтап, теріп жазыңдар.

*«Меркі» қаласы 7 ғасырда пайда болған. «Меркі» деген сөз парсы тілінен аударғанда, «орталық» деген мағынаны білдіреді. Бұл жер ескерткіштерге өте бай. Бұл жерлерде, 250 шақырым жерге созылып жатқан обалар, тас дуалдар, тас мүсіндер өте көп. Меркі тау шатқалдарында жартасқа жазылған ескі жазулар (петроглифтер), тас мүсіндер өте көп. Олардың көбісінде әйелдің түрі бейнеленген.*

**Жетінші тапсырма. Жұптық жұмыс.** Интерактив тақтадан «Қазба қазыналары. Тараз қалашығы» бейнефильмін зейін қойып қарап шығыңдар. Бір-біріңе өз сөздеріңмен түсінгендеріңді айтып беріңдер.

**Сегізінші тапсырма. Топтық жұмыс.** Тарихи ескерткіштерді не үшін сақтау керек? Топта өз ойларыңызды нақты айтып беріңдер.

**Тоғызыншы тапсырма.** Төменде берілген сөздерді кестеге атауына қарап, дұрыс бөліп жазыңдар.

*«Айша бибі», кесені, «Қарахан баба» кесенесі, «Тектұрмас Ата» кесенесі, тарих, мәдениет, мұра, танысу, киіз үй, орнатылды, қазына, көрсет, суретші, «Ұлы Дала», қолөнер, шебер, бұйым, «Қазақ дастарханы», турист, «Меркі» қаласы, жетінші, білдіреді, 250 шақырым, тас дуалдар, тас мүсіндер, жазулар (петроглифтер), тас мүсіндер, бейнеленген.*

Кесте 19 – Тоғызыншы тапсырма

| Жалқы есімдер | Жалпы есімдер | Етістіктер | Сан есімдер |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

**Оныншы тапсырма.** Бүгінгі тақырып бойынша кестеге өз ойларыңды жазыңдар.

Кесте 20 – Оныншы тапсырма

| Әңгіме болып отырған мекен-жайы | Тарихи ескерткіштер | Сақтау үшін не істеу керек? | Мен нақты не істей аламын? |
|---|---|---|---|
| | | | |

**Он бірінші тапсырма.** Төмендегі жұмбақтардың шешуін табыңдар. Берілген белгілерге зейін қойып танысыңдар.

*Жердің жүзін шарлайсың,*
*Онсыз еш жерге бармайсың.*
*Көлікпен де, жаяу да,*
*Саралайсың, таңдайсың. (Жол)*

*Төбедегі көзніен*
*Күн Сәулесі түседі.*
*Бұрышы жоқ төрінен,*
*Самал жел еркін еседі. (Киіз үй)*

*Таңертең төрт аяқты,*
*Түсте екі аяқты,*

*Кешке үш аяқты. Бұл кім? (Адамның балалық шағы, ересек шағы, қартайған шағы)*

**Он екінші тапсырма**

Төменде берілген сөздер туралы жұмбақ құрастырыңдар.

**Мұражай / музей, киіз үй, турист.**

Сабақ өте қызықты өткізілді. Оқушылардың тапсырмаларды орындау белсенділігі жоғары болғандықтан, олардың қызығушылықтарын тереңдете, ізденім жолымен алып жүретін тапсырмалар легі молынан ұсынылды.

Келесі сабақтың фрагменті 2-сыныпта өткізілген «Әдебиеттік оқу» пәні мен «Музыка» пәнінің интеграция сабағынан алынды. Мұндағы ұсынылған ортақ тақырып «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» деп аталды. Бұл жерде біз тек оқушыларға ұсынылған жаттығулар мен тапсырмалардың фрагменттерін ғана қарастырылып өтеміз. Бастауыш сыныпта осындай «Әдебиеттік оқу» пәні мен «Музыка» пәнінің интеграция сабағын салт-дәстүрге байланысты өткізу өте тартымды және аса қызықты тақырып болып саналады. «Әдебиеттік оқу» мақсаты үшін «Тұсау кесу» мәтіні, «Музыка пәні» мақсаты үшін «Тұсау кесу» әні мен мәтіні алынды.

**Сабақ фрагменті.** Мәтін аудиодан тыңдалады. Интерактив тақтадан тұсау кесу рәсімі бейнефильмі көрсетіледі.

Мәтін.

**Тұсау кесу**

*Тұсау кесу – бала тәй-тәй басқанда жасалатын ұлттық дәстүр. Қазақ халқы «Тұсауы кесілмеген баланың аяғы сүріншек болады» деген түсінік бар.*

*Баланың аяғын ақ пен қара жіпті араластырып өрген, еркін жететіндей етіп байлаған. Қазақ халқының ырымы бойынша баланың тұсауы пышақпен кесіледі. Баланың тұсауын елге сыйлы азамат немесе көпті көрген әжелер, апалар кеседі. «Тұсау кесу» үшін дастархан жайып, шашу шашып, той жасайды. «Тұсау кесу» тойында бата беріледі, тілектер айтылады, өлеңдер оқылады, ән айтылады. Баланың тұсауын кескен адамға ата-ана сыйлық беріп, сый-сияпат жасайды.*

**Тапсырма. Берілген сөздердің мағыналарын түсіндіріңдер.**

Тұсау, кесу, сүріншек, ақ пен қара, ырым, шашу, той, бата, тілек, сый-сияпат.

**Тапсырма. Берілген етістік сөздермен сөйлем құраңдар.**

*Тұсау кесу, өреді, байлаған, дастархан жайып, шашу шашып, той жасайды, бата беріледі, тілектер айтылады, сый-сияпат жасайды, өлеңдер оқылады, ән айтылады.*

**Тапсырма.** Бейнефильмге қарап, «Тұсау кесуге» арналған ала жіпті қалай дайындайтынын зейін қойып қарап алыңдар. Сендерге қазір ақ және қара жіп пен қайшы таратылады. Сонан соң әр оқушы «Тұсау кесетін ала жіп» дайындайды.

**Бейнефильм. «Тұсау кесуге» арналған ала жіп қалай дайындалады** (алдын ала жүктелген немесе интернеттен hhttps://www.youtube.com/watch?v=vbGkIEow5w4)

**Тапсырма.** Сіздердің өз тұсау кесу рәсімдеріңнің қалай өткенін, кім тұсауларыңды кескенін ата-аналарың үйде айта ма, естеріңе түсіріңдер. Қазір естеріңде болмаса, ертеңгі сабаққа ата-аналарыңнан бейнеинтервью түсіріп

алып келіңдер. Ата-анаңа қойылатын сұрақтар, «Әке, менің тұсауымды кім кесті? Неге сол адамды таңдадыңыздар?»

- *Оқушылар, сендер «Тұсау кесу» дәстүрін көзбен көріп, қатысып көрдіңдер ме? Ол дәстүрге арналған өлеңдер мен жырлар, әндер өте көп, Соның бірін қазір келесі бейнекөріністен тамашалап қарап, «Тұсау кесу» әнін үйренеміз***.**

**Тапсырма.** Алдымен бейнефильмнен «Тұсау кесу» деген әнді тыңдаңдар. Соңынан өлеңнің мәтінін мәнерлеп оқыңдар. Сосын бейнефильмді қайта қосып, әншімен бірге айтыңдар. (алдын ала жүктелген немесе интернеттен https://www.youtube.com/watch?v=keqVmK_jy5c)

**Тапсырма. «Тұсау кесу» әнін жеке оқушыға, жұпқа, топқа, сынып ұжымына кезекпен айтқызу.**

**Тапсырма. Берілген өлең мәтінін мәнерлеп оқып шығыңдар.**

**Қаз-қаз балам, қаз, балам**

Қаз-қаз балам, қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қаз-қаз балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз балам,
Қадамыңды қарайық,
Басқаныңды санайық.
Қаз-қаз балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой.
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!
Өмірге аяқ баса ғой.
Асулардан аса бер.
Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың,
Елгезек бол, ерінбе.
Ілгері бас шегінбе.

**Тапсырма. Төменде берілген сөздердің мағыналарын біріге отырып анықтайық. Ол үшін сөздіктерден, интернеттен, кітаптардан іздеу керек.**

*Қаз-қаз, қадам, күрмеу, тұсау, тақым, балтырыңды түр, тай-құлын боп шаба ғой, бәйге ала ғой, Құтты болсын қадамың! Өмірге аяқ бас, асулардан ас, тұлымың, елгезек, ерінбе.*

**Тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1) «Тұсау кесу» рәсімінің қазақ халқы үшін маңызы қандай деп ойлайсыңдар?

2) «Тұсау кесу» тақырыбына байланысты қандай сөздер қорын білесіңдер? Зат есім, сын есім, етістік сөздерді атаңдар.

3) «Тұсау кесу» мәтінінде айтылған «бата беру», «тілек айту» деген сөздерді түсіндіріңдер.

4) Сен ініңнің, қарындасыңның «Тұсау кесу» дәстүріне қатыстың ба? Қандай бата, тілек айтар едің?

5) «Тұсау кесу» дәстүрінің нышаны ретінде қандай суретті алар едің?

6) Үйренген ән ұнады ма? Айтып жүресің бе? Әннің әуенінің қай тұсы ұнады, айтып көрсет.

**7)** Өлеңде не айтылады?

Бұл сабақтың соңындағы сұрақтар оқушының «Әдебиеттік оқу» мен «Музыка» пәндерінің негізінде оқылған «Тұсау кесу» тақырыбы туралы оқушының біртұтас түсінігін жинақтау үшін маңызды болып табылады.

Оқушылардың «Тұсау кесу» дәстүріне бұрыннан таныс сияқты болғанымен, ішкі мән-мағынасына ой салып тереңдетпейтіні анықталып, сабақтың соңында *«Қазақтың дәстүрлері өте маңызды», «Өз халқымыздың салт-дәстүрін үйреніп, сосын сақтауымыз керек», «Енді мен «Тұсау кесу» дәстүрін өткізуге немесе ақыл-кеңес беруге дайынмын»* деген ойлар түйіндеуі интеграция сабағының көздеген мақсатына қол жеткізуі деп түсіндік.

Сабақтардың фрагменттерін өткізілу және талдау барысы зерттеу тақырыбының қажетті екенін дәлелдеді деп айта аламыз. Бастауыш сынып оқушыларының интеграция сабақтарына қызығушылықтары жоғары болғанын, тапсырмаларды орындауда еркіндік пен кеңірек және шығармашылық ойлаудың мүмкін және қажет екендігін қуанышпен сезінулерін осы қуатты ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға бағыттау қажеттілігін көрсетті.

Интеграцияның өзіндік ерекшелігі оның белгілі бір таным нысанын меңгеруде жан-жақты ізденуге және әр қырынан танылуына мүмкіндік жасайтындығында. Бір нәрсенің бойынан барлық ғылыми таным әдістерін де қолдануына, барлық заңдылықтардың бір нүктеге тоғысып тұрғанын да танытуға болатын қасиеті интеграция негізінде құрылған сабақты қуаттандыра түседі.

Пәндердің интеграциясы негізінде оқыту тақырыптары белгіленген соң, бұл жұмысты ұйымдастыруды шешудің келесі қадамы – интеграцияның қандай түрлерін, қандай әдістерін қолдану тиімді болатынын анықтау және оларды әдістемелік талаптарға сай жүйелеу. (Сурет 52).




Сурет 52 - Интеграция түрлері бойынша оқыту

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыруда интеграциялай оқытудың келесі түрлерін қолданылуы тиімді болады деп танылды.

Бірінші сценарий бойынша оқытуды вертикалды/тігінен құрылған интеграция негізінде ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылады.

Бұл жерде вертикалды/тігінен құрылған интеграцияның бірнеше пәннен мазмұн алып, бірақ, негізінен, бір пәннің тақырыбының мазмұндық арнасын толықтыруға бағытталатынын бір үлгі негізінде көрсетеміз. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың бір жолы ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеу деп санаймыз. Бастауыш сыныптарға арналған жаңартылған білім беру бағдарламасында пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында берілген ортақ сегіз тақырып бар. Олар: «Өзім туралы», «Менің мектебім», «Менің отбасым және достарым», «Бізді қоршаған әлем», «Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті», «Тағам және сусын», «Дені саудың жаны сау». Мысалы: 2-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығында «Менің отбасым және достарым» атты бөлім бойынша «Өз отбасымның шежіре ағашын жасаймын» деген арнайы тақырып берілген. Оқушылар тақырыпқа қатысты суретке сүйеніп, өз отбасының шежіре ағашын жасаулары керек. Сонымен қатар 8-жаттығуда балалар кестедегі әке жағынан туыс адамдардың есімдері мен туыстық атаулары, шеше жағынан туыс адамдардың есімдері мен туыстық атауларын толтыру арқылы отбасына жақын, туыс адамдар туралы түсініктерін кеңейтеді [159].

Бастауыш сыныпта интеграциялай оқытудың алғашқы қадамдарын ұйымдастырудың дидактикалық талаптары мен әдістемелік-технологиялық шешімдері қарапайымнан күрделіге қарай жүру ізімен құрылады. Оқушылардың өздерімен сұхбат құра отырып, біртіндеп тақырыпты күрделендіру үшін, «Әдебиеттік оқу» пәнінің сыныпаралық интегративтік мүмкіндіктерін пайдалану дидактикалық және тәрбиелік тұрғыдан өте тиімді болып табылады.

Вертикалды интеграцияның талаптары бойынша тоғысатын мәселелер біртекті болып келмейді, бірақ түрлі болса да оларды ортақ мақсат мүдделестіреді. 3-сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәнінен өткізілген бір сабақта осы пәннің 2 және 4-сыныптағы мазмұндас, ортақ мақсатқа лайықталған тақырыптарын интеграциялай оқытуға қосу жолдары анықталды. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру ортақ мақсаты бойынша, вертикалды интеграция негізінде келесідей тақырыптар іріктеліп алынды.

Кесте 21 – Вертикалды интеграция негізінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру жоспары

| Вертикалды интеграция тақырыбы – *«Өзге емес, өзім айтам өз жайымды»* |
|---|

21-кестенің соңы

| Сыныптар | Оқу бағдарламасындағы (ОБ) тақырып | Интегративтік әдістер | Нәтиже |
|---|---|---|---|
| 3 сынып | «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» (жарық пен қараңғы) | Асимметриялық ақпараттар беру әдісі.<br><br>Тікелей жүру әдісі.<br><br>Кері бағытта жүру әдісі | Оқушының жеке басына тікелей қатысы бар тақырыптар бір нүктеге тоғыстырылады, рефлексия әдістеріне дағдыландырылады. Оқушы өзін-өзі тануға, түсінуге ұмтылып, сол арқылы «сыртқа шыға алады», яғни басқаларға да дәл өзіндей қарайтын, өзіндей бағалайтын дағдыларды меңгереді. |
| 2 сынып | «Өзім туралы» | | |
| 4 сынып | «Мамандыққа саяхат» | | |

Вертикалды интеграциялық тақырып ретінде алынып отырған ортақ тақырып *«Өзге емес, өзім айтам өз жайымды»* деп аталған себебі, оқушы өзі туралы жан-жақты, түрлі қырдан айта білуге дағдыландырылуы көзделініп отыр.

Жалпы сабақтарда қолданылатын дидактикалық әдістер белгілі, ал біз бұл жерде вертикалдық интеграцияның төл әдістеріне тоқталамыз.

Соның ішінде *асимметриялық ақпараттар беру әдісі* дегеніміз – бір мәселе туралы ортақ нүктесі болғанымен, түрлі қырлы ақпараттар берілуі. Кестедегі 2,3,4-сыныптардағы тақырыптардың атауларынан көрінгеніндей, бір оқушының ізгілікті қарым-қатынасқа іштей дайындалуының өзінде оның жақсылық пен жамандықты айыра тануы керектігі, өзі туралы ақпараттарды жүйелі жинақтап, айта білуі керек екендігі, адам өзінің мүмкіндігі мен қабілеттерін белгілі бір мамандыққа байланысты санамалап айта алатындығы назарда ұсталынды.




Сурет 53 – Вертикалды интеграция негізінде оқытудың асимметриялық әдісін қолдану

Асимметрия біркелкі емес тақырыптардың ортақ мәселені қарастыруға қосылып, ортақ түйін жасауға қатысуын білдіреді. Қызылмен боялған аз ғана кеңістіктен біз берілген 3 тақырыптың өзегі – ізгілікті қарым-қатынас жасау болатынын анықтай аламыз. Ұсынылатын тапсырмалар осы берілген 3 тақырыптарға орталық ось болатын мәселе – ізгілікті қарым-қатынас жасау деген ойды қалыптастырып, оқушыларды ізгілікті қарым-қатынас жасауға дағдыландыру олардың өзін тануынан басталатынын көрсетеді.

Келесі интегративтік әдіс – *тікелей жүру әдісі.* Бұл әдісті қолдануды біздің осы тақырыбымыздың жағдайына қатысты алатын болсақ, келесідей сызбада келеді.




Сурет 54– Вертикалды интеграция негізінде оқытудың тікелей жүру әдісін қолдану

Суреттен көріп отырғанымыздай, вертикалды интегративтік *тікелей жүру әдісі* бір ғана тақырыпты бір ғана аяда оқытудан гөрі орасан зор кеңдік пен ойлау, сөйлеу, жаңалықтар табу мүмкіндігін бере алады. Бұл жағдай бастауыш сынып оқушысының өз ойын еркін білдіруде және өз санасында қазір бастауыш сыныпта отырса да, қоғам оны болашақта жақсы адам, жақсы маман ретінде күтіп отырғанын модельдеуге дағдыландырады. Яғни өзінің ӨМІР деген үлкен жолға түскенін саналылықпен түсінуге дидактикалық мүмкіндік жасалынады. Сонымен қатар, ол жолдың жақсы болмағы оқушының жол бойында (өмір жолында) кездескен барлығы адаммен де, қоршаған ортамен, табиғатпен де тек ізгілікті қарым-қатынас жасауына байланысты деген ой қорытып, санасына сіңіру мүмкіндігі айқын деп ойлаймыз.

Келесі үшінші интегративтік әдіс – *кері бағытта жүру әдісі.* Бұл әдісті қолдануда бастауыш сынып оқушысының өзінің болашағы мен келбетін қалай елестетіні туралы рефлексивтік қызықты сұрақтар қою арқылы сабақтың

басталуына педагогикалық тұрғыдан аса үлкен назар салынатынын атап кетеміз. Өйткені, оқушылардың өздері тек айналасындағы үлкендердің «Өскенде кім боласың?» деген өте қиын сұрағымен байланысты ғана болашағы туралы айта алады. Мәселе кім болуында ғана емес, қандай адам болатындығымен байланысты. Сондықтан мұғалім **алдымен** жақсы маман – жақсы адам, жақсы қасиеттері мол адам екендігі туралы жақсы әңгіме жүргізеді. Ол суретте 1 санымен беріліп отыр. Содан соң тақырыпқа байланысты нақты оқу жұмыстары жүргізіледі, оқушыларға тапсырмалар орындатылады.




Сурет 55 – Вертикалды интеграция негізінде оқытудың
кері бағытта жүру әдісін қолдану

Екі (2) санымен берілген әдістің мазмұны сұрақ-жауап түріндегі сұхбаттасу болды. Сұхбат – тек сұрақтарға қысқа жауап алу ғана емес, оқушылардың жай-күйін, ой-толғанысын анықтау мақсатында қажетті әдіс. Біздің жағдайымызда жүргізілген сұхбат-әңгімелер, жинақтай айтқанда, мына сұрақтар төңірегінде болған. Сұрақтардың мазмұнында мамандық түрі мен олардың оқушы үшін жақсы қасиеттері деген ұғым мен түсініктер біртұтас беріліп отыр.

- «Сіздер күнделікті *дүкенге барғанда, сатушылардың* қандай жақсы қасиеттерін көріп, үйреніп жүрсіздер?»
- «Сіздер күнделікті *емханаға барғанда дәрігердің* қандай жақсы қасиеттерін көріп, үйреніп жүрсіздер?»
- «Сіздер күнделікті *мектепте мұғалімдердің* қандай жақсы қасиеттерін көріп, үйреніп жүрсіздер?»
- «Сіздер күнделікті *асханада аспаздардың* қандай жақсы қасиеттерін көріп, үйреніп жүрсіздер?»
- «Сіздер жол жүргенде, *поезда жолсеріктердің* қандай жақсы қасиеттерін көріп, үйреніп жүрсіздер?»

- «Сіздер алысқа *қыдырғанда ұшақта стюардессалардың* қандай жақсы қасиеттерін көріп, үйреніп жүрсіздер?»

- «Сіздер *таксиге мінгенде шоферлардың* қандай жақсы қасиеттерін көріп, үйреніп жүрсіздер?»

- «Сіздер *кітапханаға барғанда, кітапханашылардың* қандай жақсы қасиеттерін көріп, үйреніп жүрсіздер?»

Жоғарыда суретте берілген алгоритммен жүре отырып, 3 саны ретімен оқушыларға келесі сұрақтарға ойланып жауап беруді тапсыру дұрыс болады.

- *Менде қандай жақсы қасиеттер көбірек?*
- *Менің жақсы қасиеттерім қандай мамандық үшін пайдалы болуы мүмкін?*
- *Менің бойымда қандай жақсы қабілеттер бар, бірақ әлі де толық емес?*

Бұл жерде бір оқушы екінші оқушыға «Сен сондайсың» деп айтқызу тәсілін мүлде қолданбау керек деп санаймыз. Өйткені, баланың жанымен толғану үдерісінде байқаусызда айтылған сөз сын сияқты болып, оқушылар өз ойын айтпай, шешілмей тұрып жабылып қалуы мүмкін. Сондықтан өзіндік рефлексия жасату, өз қабілеттері мен жақсы қасиеттеріне өзіндік талдау жасату арқылы әділдік және сыни көзқарасын дамыту мүмкіндігі кең болады.

Көрсетілген жолдың реті бойынша 4 сан «Жақсы мен жаман деген не?» деген мәселеге/ тақырыпқа келіп тіреледі. Оқушылар үшін мамандық туралы басталған әңгіменің аяғы жақсылық пен жамандықты айырып тану, жақсы қасиеттерді өзінің бойына қалыптастыру туралы міндетке алып келетіні айқын көрінуі керек.

Дамыта оқытудағы басты міндетіміз, «таяуда даму аясы» (зона ближайшего развития) деп Л.С. Выготский атап көрсеткендей [95], қай ағаштың бойында болашақтың дәні бар екенін алыстан тану, соған сай дидактикалық-тәрбиелік әрекет ету екені белгілі. Сондықтан оқушыларға келесідей сұрақ қоюға болады, әрине, 2-сыныптың барлық оқушысы бірдей жауап бере алмауы мүмкін екені ескеріледі.

1) *Жақсы маман болып, бірақ жаман адам болу мүмкін бе?*
2) *Толықтай жақсы адам немесе толықтай жаман адам болуы мүмкін бе?*

Келесі сұрақтар мен әңгіме-сұхбат оқушылардың біртіндеп «ізгілікті қарым-қатынас – жақсы өмірдің сенімді тірегі» деген ойға алып келетіндей бағытта жүргізіледі:

3) *Жаман іс жасау мен қателік жасаудың айырмашылығын қалай түсінеміз?*
4) *Өзіңе жақсы болған нәрсе басқа адамдарға жаман болып көрінуі мүмкін бе?*
5) *Саған жақсы болған не нәрсе табиғат үшін жаман болуы мүмкін?*
6) *Мына мақал-мәтелдер туралы түсінгеніңді айтып бер:*

*а) «Қалыптан безсең де, Халықтан безбе»;*

*ә) «Жақсылық қылсаң халыққа бір қайырымын аларсың, Жамандық қылсаң халыққа, жапанда жалғыз қаларсың»;*

*б) «Жігіттің халыққа жаққаны – шырағын жаққаны»;*

*в) Аты - Алаш, керегесі - ағаш;*

*г) «Табиғат – жер байлығы, Батыр – ел байлығы»;*

*ғ) «Су – табиғаттың ажары»;*

*д) «Көлдің көркі - құрақ, Таудың көркі - бұлақ.*

Оқушылармен жүргізілетін бұл жұмыстардың барлығы ізгілікті қарым-қатынас қалыптастырудың ішкі міндеттерін атқарып жататынын атап кетеміз.




Сурет 56 – Вертикалды интеграция негізіндегі сабаққы ұйымдастыру

Берілген суреттен көргеніміздей, интеграция негізінде оқыту арқылы ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға арналған арнайы ұйымдастырылған дидактикалық үдерістен топта отырған оқушының саналы түрде ізгілікті қарым-қатынасты түсінген және өз өмірі үшін маңыздылығын ұққан оқушының жеке тұлғасы қалыптасу мүмкіндігі зор. Осылайша, вертикалды интеграция негізінде оқытудың үлгілерін жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымындағы инновациялық шешімдерді пайдаланып ұйымдастырудың мүмкіндіктері зор екенін көру қиын емес.

Келесі жолдарда горизонталды/көлденең интеграция негізінде оқыту ерекшеліктерін қарастырамыз. Горизонталды/көлденең интеграция негізінде оқыту дегеніміз – бір пән ішіндегі бірнеше тақырыптардың немесе бірнеше пәндердің бірдей тақырыптарының бірігуі үдерісі арқылы білім мазмұнын меңгерту. Көлденең интеграция әдісі әрбір тақырыптың немесе әрбір пәннің тек өзіне ғана тән болатын мазмұндық ерекшелігін айқын көрсетіп тұрады. Көлденең интеграция әдісі негізінде оқытудың мақсаты:

- әрбір тақырыптың, мейлі ол бір пән ішінде болсын, мейлі ол басқа пәндерден алынған болсын, мазмұндық байлығы бірінен екіншісі кем түспей, тең дәрежеде болуы керек;
- барлық алынған оқу мазмұны бір дидактикалық мақсатқа бағынуы керек, ал біздің жағдайымызда, оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға қызмет ететіндей болуы керек;
- әрбір компоненттің оқушы үшін қызықтыратын, дидактикалық тартымдылығы мен білімдік құнарлылығы мол болуы керек;

– әрбір алынған компонент тұтаса келгенде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға бай материалы бар  қуатты негіз болып табылуы керек.

Егер сызба түрінде көрсететін болсақ, көлденең/горизонталды интеграция негізінде оқыту келесідей болады:

**1)**




**2)**




3)




Сурет 57 –  Көлденең/горизонталды интеграция негізінде оқыту

Көлденең/горизонталды оқытуда барлық ұқсас тақырыптарды немесе барлық  пәндерді бірдей тізе беруге дидактикалық талаптар тұрғысынан болмайды. Өйткені оқу материалының көлемі баланың жас шамасына лайықты болып, шектен шығып кетпеуі қадағалануы тиіс. Сондықтан бірнеше комбинаторикалық әдіс қолданып, өзіміз ұсынатын әдістемелік жүйеде қолданылған көлденең/горизонталды интеграцияның түрлері көрсетіліп отыр.

Ал, шындығында жаңартылған оқу бағдарламасының бай құрылымдық-мазмұндық жүйесі интеграция негізінде оқытудың және сол арқылы оқушының гуманистік ойлауын дамытып, ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың мол-мол мүмкіндіктерін бере алады.

Келесі қарастыратынымыз *аралас интеграция негізінде оқыту ерекшеліктері* болып табылады. Аралас интеграция негізінде оқытуда атынан көрініп тұрғанындай, вертикалды және горизонталды интеграция негізінде оқыту әдістері қолданылады. Яғни аралас интеграция негізінде оқытуда біртекті мазмұндағы оқу материалдарының қатарында біртекті емес оқу материалдары да қолданылуына жол беріледі. Бастауыш сыныпта интеграция негізінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың сапалы және тиімді де оңтайлы етіп ұйымдастыру жолдарын іздену барысында интеграцияның белгілі типтері мен түрлерін, әдістерін қолдану мүмкіндіктерін пайдалану қажет.

Аралас интеграция негізінде сабақты ұйымдастыруда оның мазмұнына сұрыпталып алынған тақырыптар түрлі пәндерден болып келетіні белгілі. Бірақ ең бастысы, ол тақырыптар өзара мүлде байланыссыз болуы мүмкін. Бірақ қалай болғанда да бір нүкте олардың басын қосуға себеп болып тұрғаны анық.

Мысалы, «Қазақ тілі», «Дүниетану», және «Математика» пәндерінің дәстүрлі дидактика бойынша ұғымдары мен түсініктері үш түрлі. Осы 3 пәннің өзара «тіл табысатын» ортақ нүктесі олардың аралас интеграция негізінде оқытуға Темірқазық болып қызмет етеді. Ол ортақ нүкте – ізгілікті қарым-қатынас.

Түптеп келгенде, барлық пәндер біртұтас жүйелі ойдың бұтақтары екені белгілі. Сол жүйелі ой – тек ізгілікті қарым-қатынастан ғана туындайтын ақыл-ой мен тәрбиенің біріккен нәтижесі. Тіл тек жақсы сөз айту үшін жаралғаны, қоршаған дүние тек жақсы өмір үшін жаралғаны, математика сандар тек жақсы өмірді тану, құру үшін танылғаны – ізгілікті қарым-қатынас өзара ұқсас емес пәндердің де басты құрай алатын мүмкіндігінің көрсеткіші. (Аралас интеграция типіне, сонымен бірге онлайн-оқыту, қашықтан оқыту элементтерін де кіргізуге болатыны белгілі.)

Аралас интеграцияның өзінің ішкі түрлеріне орай, біз «Шеңберленген аралас интеграция негізінде оқыту» және «Паралелль аралас интеграция негізінде оқыту» деп бөліп қарастырамыз.




Сурет 58 – Аралас интеграция және оның түрлері

Мұғалім аралас интеграция негізінде оқытудың дидактикалық және педагогикалық-психологиялық тұрғыдан өлшемін анықтап, нақты бір пәннің басым орнына байланысты оқу материалын алдын ала түзіп алады. Ол дайындық тек әдістемелік қана емес, жалпы педагогикалық талап тұрғысынан және сабақты дидактикалық тұрғыдан басқарудың ретін анықтап береді. Бұл жерде аралас интеграцияның түрлерін талдай келе айтарымыз, неғұрлым айқын және терең талдау жасалған әдістер мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне, осы әдістің қарапайым қолданысқа айналуына соғұрлым сенімді тірек болады.

Аралас интеграция негізінде оқытуды, біздің ойымызша, *квест-сабақтар* түрінде өткізуге болады және тапсырмаларды *тестілер жинағы түрінде* ұсынуға болады. Квест-сабақ (саяхат-сабақ) түріндегі аралас интеграция негізінде оқытуда мұғалім алдын ала интернет жүйесінен қажетті ресурстардың мекен-жайын белгілеп алады. Содан соң, оқушыларға тапсырманы орындау нұсқаулығы ретінде ұсынады. Үлгі ретінде 2-сыныпта өткізілген «Ауа райы адамға қалай әсер етеді?» тақырыбындағы «Дүниетану» және «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша интегративті сабақтың құрылымын қысқаша қарастырайық. Сабақтың дидактикалық мақсаты оқу мақсаттары арқылы айқындалды. Тәрбиелік мақсат – «Ғажайып жылулық шеңбері» айдарымен оқушылардың бір-біріне жымиып күліп қарау дағдыларын қалыптастыру және оның мән-маңызын нақты тапсырмалар орындау арқылы санасына ұғындыру. Оқушының өзгелерге жақсы ниетпен жымия күліп қарауы арқылы өзіне де, ортасына да ізгілік нұрын төге алатын адами ізгілік қасиетін ашатынын ұғындыру. Оқушыларға квест-сабақ бойынша нұсқаулық таратылады немесе интерактивтік тақтадан көрсетіледі.

**Квест сабақ. Поезбен «Дүниетану» – «Әдебиеттік оқу» қалалары арасына саяхатқа шығу.**

1) **Бірінші бекет «Дүниетану» бекетінен бастап саяхатқа шықтық! Жолымыз болсын!** Тапсырма. Ауа райының әсері адам ағзасына қалай әсер ететіні туралы интернеттен мәліметтер жинаңдар. Ол үшін ұсынылған әрбір сайттан материал жинақтап отырыңдар. Ресурс: https://baribar.kz/29566/aua-rayynynh-adam-densaulyghyna-aseri-qanday/

2) Екінші бекет. Тапсырма. Ауа райының ыстық болуы, жоғары температура адам ағзасына қалай әсер етеді? Дәрігерлер мен ғалымдар, адамдар не айтады? Сайттан қараңдар. Ресурс: https://kk.unansea.com

3) Үшінші бекет. Тапсырма. Ауа райының адам ағзасына және көңіл-күйіне әсер етуін көрсететін 5-6 сурет, фото жинаңдар. Ресурс: https://www.google.com/search?

4) Төртінші бекет. Тапсырма. Қазақ халқының ауа райын алдын ала болжауы туралы ізденейік! Ресурстар: https://www.inform.kz/kz/kazak-aua-rayyn-kalay-bolzhagan_a2863253

https://ruh.kz/2022/05/25/qazaq-halqy-aua-rajyn-qalaj-bolzhaghan/
https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/35124/
https://bilim-all.kz/article/9650
https://qazaqtimes.com/article/855

https://kyzylorda-news.kz/kogam/qazaq-halqy-awa-rajyn-qalaj-bolzhaghan-152954/

5) Бесінші бекет. Тапсырма. І.Жансүгіровтің «Күн шыққанда» өлеңін оқып, ондағы жыл мезгілін және ауа райын болжам жасап айтып бер.

6) Алтыншы бекет. Тапсырма. Төменгі сыныптарда оқыған әңгіме, ертегі, өлеңдерден жыл мезгілі мен оларға тән ауа райы туралы шығармаларды есіңе түсіріп, өлеңді жатқа немесе мазмұндап айтып беріңдер. Ресурстарды пайдалан: https://bilimsite.kz/kizikti/9922-kazak-halkynyn-aua-rayyn-bolzhauy.html

7) Жетінші бекет. «Әдебиеттік оқу» бекетінің сыйлықтарын қарсы алыңдар! Мұғалім балалармен бірге ерекше қорытындылар жасайды, жауаптарын өзара және мұғаліммен бірігіп бағалайды.

Квест-сабақтың толық әдістемелік сценарийі зерттеу жұмысының экспериментке байланысты әзірленген нсұқаулығында берілгендіктен, бұл тұста тек қана аралас интеграцияға байланысты эпизодтарын алып отырғанымызды атап кетеміз.

Интеграция негізінде оқытудың болашағы зор. Заманымыздың барлық саласында интеграциялық үдерістер қарқынмен дамып отырған кезеңінде дидактикалық жүйенің де осы инновациялық ағынға бейімделуі тиіс екендігі анық. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруға байланысты жұмыстарды ұйымдастырудың жолы мен әдістері де сондықтан мол. Олардың түрі мен мазмұны дәстүрлі оқыту үдерісіне енгізілуі үшін арнайы әдістемелік-технологиялық тетіктері анықталуы тиіс болады.

## 3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері

Зерттеу жұмысымыздың бақылау кезеңінде алғашқы анықтау эксперименті мен қалыптастыру экспериментінен кейінгі нәтиже көрсеткіштеріне талдау жасалды.

Алынған деректерді талдау және зерттеудің эксперименталды бөлігін орындау нәтижелері бойынша тұжырымдау негізінен ұсынылған диагностикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізілген екі өлшеудің деректерінің арақатынасын ескере отырып құрылады.

Эксперимент ғылым дамуының әр түрлі салаларында өз маңызын жоғалтпайды. Жалпы эксперимент жұмыстары теориялық болжамдарды тексеру үшін жүргізіледі. Теория нақты бөлшектер туралы білімдердің ішкі қайшылықсыз жүйесі болып табылады. Теория элементтері логикалық тұрғыда бір-біріне бағынышты болады. Тәжірибелік-эксперименттің нәтиже көрсеткіштерінің тиімділігін зерттеуде математикалық статистикалық әдістемелерінің маңызы зор.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелігін анықтау үшін ***№1 сауалнама*** қайта жүргізілді.

**Бірінші сұрақ бойынша** ізгілікті қарым-қатынас бойынша Бақ.т.1 - 51 пайызында, Бақ.т.2 - 63, Бақ.т.3 - 48 және Тәж.т.1 - 75 пайызында, Тәж.т.2 - 68, Тәж.т.3 - 70 пайызында түсініктері бар болып шықты, оның нәтижесін 20 - кестеден көруге болады.

Кесте 22 – Бақылау және тәжірибе топтарының ізгілікті қарым-қатынас, адамның жеке басының ізгілікті қасиеті, адамның негізгі тұлғалық қасиеттері туралы білімін анықтау сауалнамасының 1-сұрағының эксперментке дейінгі және эксперменттен кейінгі нәтижелері

| Сұрақтар | Топтар | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Экс.д. | | | | | |
| №1-сұрақ | Бақ.т.1 | Бақ.т.2 | Бақ.т.3 | Тәж.т.1 | Тәж.т.2 | Тәж.т.3 |
| | 56 % | 61 % | 43 % | 50 % | 46 % | 48 % |
| | Экс.к | | | | | |
| | Бақ.т.1 | Бақ.т.2 | Бақ.т.3 | Тәж.т.1 | Тәж.т.2 | Тәж.т.3 |
| | 51 % | 63 % | 48 % | 75 % | 68 % | 70 % |

Сауалнама нәтижелерінен үзінділер берілді:

- *айналасындағыларға әрқашан қамқорлық таныту;*
- *үлкенге құрмет, кішіге ізет деп білемін;*
- *өз Отаныңның алдында жауапкершілік сезімін сезіну;*
- *ата-әжеге, ата-анаға мейірімділік таныту;*
- *үйдегі кішкентай жануарларға махаббатыңды көрсету, оларға қамқор болу;*
- *кішкентайініммен бірге ойнау, оны жылатпау;*
- *сыныптастарымның түсінбей қалған жері болса, оған түсіндіру.*

**Екінші сұрақ бойынша** адамның жеке басының ізгілікті қасиетін қалай бағалайтындығы туралы ақпараттар әртүрлі. Жауаптардың ішінде *«білмеймін» жауабын* Бақ.т.1 (31 %), Бақ.т.2 (35 %), Бақ.т.3 (41 %) десе, Тәж.т.1 (12 %), Тәж.т.2 (7 %), Тәж.т.3 (22 %) берді. *«Жауап беруге қиналатынын»* Бақ.т.1 (24 %), Бақ.т.2 (17 %), Бақ.т.3 (18 %) десе, Тәж.т.1 (14 %), Тәж.т.2 (19 %), Тәж.т.3 (5 %) өз жауаптарында белгілеген. Ал сыныптағы қалған оқушылардың жауаптары төмендегідей:

- *айналасындағыларға әділ болады;*
- *жанашыр болады;*
- *жүректері таза болады;*
- *әрдайым достарына күлімсіреп қарайды;*
- *менің атам ізгіліктік қасиеттердің қайнар көзі секілді;*
- *ізгілікті адамдар мына әлемге күн секілді шуақ шашады деп ойлаймын.*

Тәжірибеге қатысушылардың ізгіліктік қарым-қатынас, адам бойындағы ізгіліктік қасиеттер туралы білімдері толыққандығы айқын көрінеді. Оқушылардың берген жауаптары сан түрлі. Соның бірегейлері де жоғарыда ұсынылып отыр. Сауалнаманың екінші сұрағы бойынша нәтиже төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 23 – Бақылау және тәжірибе топтарының ізгілікті қарым-қатынас, адамның жеке басының ізгілікті қасиеті, адамның негізгі тұлғалық қасиеттері туралы білімін анықтау сауалнамасының 2-сұрағының эксперментке дейінгі және эксперменттен кейінгі нәтижелері

| Топтар | «Білмеймін» | | «Жауап беруге қиналамын» | | Қалған жауаптар | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Экс.д | Экс.к | Экс.д | Экс.к | Экс.д | Экс.к |
| Бақ.т.1 | 33 % | 31% | 15 % | 24 % | 52 % | 45 % |
| Бақ.т.2 | 43 % | 35 % | 21 % | 17 % | 36 % | 48 % |
| Бақ.т.3 | 31 % | 41 % | 29 % | 18 % | 40 % | 41 % |
| Тәж.т.1 | 36 % | 12 % | 24 % | 14 % | 40 % | 74 % |
| Тәж.т.2 | 22 % | 7 % | 36 % | 19 % | 42 % | 74% |
| Тәж.т.3 | 51 % | 22 % | 18 % | 5 % | 31 % | 73 % |

Тәжірибе топтарының анықтаушы экспермент уақытында алынған сауалнама нәтижелеріне қарағанда, адамның жеке басының ізгілікті қасиеті туралы жауаптары олардың өсіп келе жатқан тұлға ретіндегі өзіндік пікірлерінің жүйелілігімен, сан алуандылығымен, креативтілігімен ерекшеленеді. Басқа пәндерден таныс болған оқиға кейіпкерлерін сипаттай отырып, ізгілікті тұлға қасиетін түсіндірмесі біздің қолданған әдістемеміздің тиімділігін нақтылай түседі. Оған жоғарыдағы сандық көреткіштер дәлел болады.

**Үшінші сұрақ бойынша,** анықтау эксперименті кезінде алған нәтижелер оқушылардың «ізгілік, сезімталдық, парасаттылық, ұйымдастырушылық, іскерлік, мақсаттылық» ұғымдарының мағынасын тануда қиындықтар кездескендігін атап өткен болатынбыз. Сондықтан да оқыту үдерісінде осы тұлғалық қасиеттер туралы ақпараттардың берілуін негізге алып жұмыстар жүргіздік. Атап өтсек, түрлі тапсырмалар, мәтіндер және т.б. сауалнама нәтижесі көрсеткендей, оқушылар ізгілік, парасаттылық, ұйымдастырушылық, іскерлік, мақсаттылық ұғымдарының адамның тұлғалық қасиеттерінің ішінде алдыңғы орындарда бола алатындығын, оларды алдыңғы қатарларға жазғандығын көреміз. Тіпті оқушылардың арасында не себепті бұлай ойлайтындықтары туралы да қалдырған пікірлері де кездеседі. Солардың қатарында: *«ізгілік қасиеті алдыңғы қатарларда болуы тиіс. Өйткені бұл қасиет тізімдегі әділдік, адалдық, жауапкершілік, мейірімділік, жанашырлық, сезімталдық, парасаттылық және т.б қамтиды деп ойлаймын»* секілді пікірлер кездеседі. Бұл оқушылардың барлық тұлғалық қасиеттердің мәнін,

маңызын танып, оларды маңыздылығына сәйкес реттестіре алатындығын көрсетеді.

***2.Социометрия әдісі (Дж. Морено).***

Топ мүшелерінің бір-бірімен жеке ізгіліктік қарым-қатынасын анықтауға бағытталған социометрия әдісін бақылау және тәжірибе топтарында қайта жүргіздік. Мақсатымыз топ мүшелерінің бір-бірімен ізгіліктік қарым-қатынасын анықтау.

Социометриялық әдіс бойынша Бақ.т.1 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.




Сурет 59 – Бақ.т. мен Тәж.т. экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі №1 сұрақ нәтижесінің диаграммасы




Сурет 60 – Бақ.т. мен Тәж.т. экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі №2 сұрақ нәтижесінің диаграммасы

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№4, 2, 10) сыныптың 17%, елеусіз қалғандары (№1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 17, 18, 1914,) сыныптың 51%, шектетілгендері (№11, 12, 13, 15, 16) сыныптың 32% құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 1,4) сыныптың 13%, елеусіз қалғандары (№ 2,3,5,6,7,8,9,10,11,12,14,15,16) сыныптың 67%, шектетілгендері (№13, 17,18,19) сыныптың 20% құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,4,16) сыныптың 19%, елеусіз қалғандары (№№ 1,5,6,7,8,9,10,11,12,) сыныптың 50%, шектетілгендері (№3,7,13, 17,18,19,14,15) сыныптың 31% құрап отыр.

Бақ.т.2 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№3,13) сыныптың 13%, елеусіз қалғандары (№1,2,3,4,5,6,7,9,10,11,12,15) сыныптың 59%, шектетілгендері (№8,14,16,17,18) сыныптың 28 % құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,6,10) сыныптың 18%, елеусіз қалғандары (№1,4,5,8,9,15,15) сыныптың 40%, шектетілгендері (№3,7,11,12,13,18) сыныптың 42% құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,4,5,8,11) сыныптың 28%, елеусіз қалғандары (№1,3,12,13,14,16) сыныптың 35%, шектетілгендері (№6,7,8,15,17,18) сыныптың 37% құрап отыр.

Бақ.т.3 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№5,6) сыныптың 13%, елеусіз қалғандары (№1,2,3,6,7,8,9,12,18) сыныптың 44%, шектетілгендері (№10,11,13,14,16,17,19) сыныптың 43% құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№4,5) сыныптың 13 %, елеусіз қалғандары (№ 1,2,3, 6,7,8,9,12,18) сыныптың 44%, шектетілгендері (№10,11,13,14,16,17,19) сыныптың 43 % құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 3,5,12) сыныптың 17%, елеусіз қалғандары (№ 1,2,8,9,15,16,18) сыныптың 35%, шектетілгендері (№ 4,5,6,10,11,13,19,20 ) сыныптың 48 % құрап отыр.

Тәж.т.1 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№5,6,15,3) сыныптың 24%, елеусіз қалғандары (№1,2,7,8,9,12,18, 10) сыныптың 46%, шектетілгендері (№11,13,14,16,17,19) сыныптың 30% құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№5,6,15,3) сыныптың 24 %, елеусіз қалғандары (№ 1,2,

7,8,9,12,18,10,11) сыныптың 48%, шектетілгендері (№13,14,16,17,19) сыныптың 28 % құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 3,5,12,1,2,8,9) сыныптың 39%, елеусіз қалғандары (№15,16,18,4,5,6) сыныптың 36%, шектетілгендері (№10,11,13,19) сыныптың 25 % құрап отыр.

Тәж.т.2 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№4, 2, 10, 6, 7, 8) сыныптың 26%, елеусіз қалғандары (№1, 3, 5, 9, 14, 15, 16, 21, 18, 19, 20, 22) сыныптың 53%, шектетілгендері (№11, 12, 13, 17, 23) сыныптың 21% құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 1,4, 3,5, 16, 20) сыныптың 28%, елеусіз қалғандары (№2,6,7,8,9,10,11,12,14,15,21,22,19) сыныптың 59%, шектетілгендері (№13, 17,18, 23) сыныптың 13% құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта көшбасшы жоқ екендігі, қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,4,16,1,5,10,23) сыныптың 35%, елеусіз қалғандары (№,6,7,8,9,11,12,14,15,22,18,) сыныптың 51%, шектетілгендері (№3,13, 17,19,21) сыныптың 14% құрап отыр.

Тәж.т.3 нәтижесін төменде ұсынып отырмыз.

Ұсынылып отырған шкалалар арқылы №1 сұрақ бойынша сыныпта қабылданған және қалаулы оқушылар (№3,13,6,7,9) сыныптың 25%, елеусіз қалғандары (№1,2,3,4,5,10,11,12,15,17,18) сыныптың 59%, шектетілгендері (№8,14,16) сыныптың 15 % құрап отыр.

№2 сұрақ бойынша сыныпта қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,6,10) сыныптың 19%, елеусіз қалғандары (№1,4,5,8,9,15,15) сыныптың 36%, шектетілгендері (№3,7,11,12,13,18) сыныптың 45% құрап отыр.

№3 сұрақ бойынша сыныпта қабылданған және қалаулы оқушылар (№ 2,4,5,8,11,1,3) сыныптың 36%, елеусіз қалғандары (№,12,13,14,16,7) сыныптың 29%, шектетілгендері (№6, ,8,15,17,18) сыныптың 11% құрап отыр.

Жоғарыдағы нәтижелерді негізге ала отырып тәжірибелік топ мүшелерінің эксперименттен кейінгі нәтижелері экспериментке дейінгі нәтижелерден жоғары. Сыныптаңы шектетілген оқушылар саны азайды. Сыныпта қалаулы оқушылардың саны арта бастағанын көреміз. Оқушылардың бір бірімен қарым-қатынасының нығайғандығын жоғарыдағы диаграммалардан аңғаруымызға болады.

***3.Кесінді тапсырмалар (Авторлық әзірлеме).*** **Оқушыларға төмендегі сурет бойынша сұрақтар беріледі?**

1. *Суретте не бейнеленген?*
2. *Қандай түстерді көріп отырсын?*
3. *Суретке ат қой*
4. *Ауа-райының адамның көңіл-күйіне әсері барма?*
5. *«Табиғат – тіршілік көзі» дегенді қалай түсінесің?*
6. *Суретте қарап шағын әңгіме құрастыр*



Сурет 61 – Кесінді тапсырма

Кесінді тапсырма бойынша оқушылардың жүйелі ойлауы, әлемді біртұтас тану қабілеті, оқушының өзін табиғатпен байланысын сезінуі, оның қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас дағдысы бағаланды. Атап өтілген бағалау өлшемдеріне негізделген бақылау және тәжірибелік топтардың нәтижелері төмендегі 24 – кесте мен 61, 62 -суреттерде көрсетілген.

Кесте 24 – Эксперименттен кейінгі бақылау және тәжірибелік топтардың кесінді тапсырма нәтижесі

| Топтар | Жүйелі ойлау | | Біртұтас әлем түсінігі: табиғат, құс, жануар, адам | | Оқушының табиғат пен өзін байланыста карауы | | Оқушының қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас дағдысы | | Орташа пайыздық көрсеткіш |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | n | % | n | % | n | % | n | % | |
| Бақ.т 1 n =19 | 10 | 52% | 9 | 47% | 8 | 42% | 8 | 42% | 46% |
| Бақ.т 2 n =18 | 8 | 44% | 8 | 44% | 9 | 50% | 9 | 50% | 47% |
| Бақ.т 3 n =20 | 10 | 50% | 11 | 55% | 10 | 50% | 11 | 55% | 53% |
| Жалпы саны n=57 | 28 | 49% | 28 | 49% | 27 | 47% | 28 | 49% | 49% |
| Тәж.т 1 n =22 | 15 | 68% | 17 | 77% | 14 | 64% | 15 | 68% | 69% |
| Тәж.т 2 n =23 | 13 | 57% | 15 | 65% | 12 | 52% | 14 | 61% | 59% |

24-кестенің соңы

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тәж.т 3 n =18 | 13 | 72% | 16 | 89% | 15 | 83% | 11 | 61% | 76% |
| Жалпы саны n=63 | 41 | 66% | 48 | 77% | 41 | 45% | 40 | 63% | 68% |

Кесінді тапсырма бойынша оқушылардың жүйелі ойлауы, әлемді 7біртұтас тану қабілеті, оқушының өзін табиғатпен байланысын сезінуі, оның қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас дағдысы бағаланды. Экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерді салыстырсақ, тәжірибелік топтарда айтарлықтай өсу байқалады.




Сурет 62 – Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі бақылау топтарының кесінді тапсырма нәтижесінің диаграммасы




Сурет 63 – Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі тәжірибелік топтардың кесінді тапсырма нәтижесінің диаграммасы

Бақылау кезеңінде алынған кесінді тапсырмаларды талдау, алдағы интеграция негізінде ізгілікті қарым-қатынас орнату бағытындағы жұмыстарды нақты анықтауымызға мүмкіндік берді. Бұл Кесінді тапсырмалардың нәтижесі біздің әдістемеміздің тиімді екендігінің бір дәлелі деп есептейміз.

***4. «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі (Г.В. Гивишвили).***

Бақылау кезеңінде «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша алынған нәтижелер 25-кесте мен 64, 65, 66, 67, 68, 69 суреттерде ұсынылған.

Кесте 25 – Бақылау және тәжірибелік топтардың «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша нәтижелері

| Топтар | Сұрақтар | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1-сұрақ | | 2-сұрақ | | 3-сұрақ | |
| | Жоғар ы | Төмен | Жоғар ы | Төмен | Жоғар ы | Төмен |
| Бақ.т 1 n =19 | 8/42% | 11/58% | 12/63% | 7/37% | 12/63% | 7/37% |
| Бақ.т 2 n =18 | 5/28% | 13/72% | 9/50% | 9/50% | 9/50% | 9/50% |

25-кестенің соңы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бақ.т 3<br>n =20 | 8/40% | 12/60% | 11/55% | 9/45% | 9/45% | 11/55% |
| Жалпы саны<br>n=57 | 23/40% | 36/63% | 32/56% | 25/44% | 30/53% | 27/47% |
| Тəж.т 1<br>n =22 | 15/68% | 7/32% | 16/72% | 6/28% | 13/59% | 9/41% |
| Тəж.т 2<br>n =23 | 17/74% | 6/26% | 17/74% | 6/26% | 18/78% | 5/22% |
| Тəж.т 3<br>n =18 | 14/78% | 4/22% | 13/72% | 5/28% | 12/67% | 6/33% |
| Жалпы саны<br>n=63 | 46/73% | 17/27% | 45/73% | 17/27% | 43/68% | 20/32% |




Сурет 64 – Эксперименттке дейінгі және эксперименттен кейінгі Бақ.т1 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 65 – Эксперименттке дейінгі және эксперименттен кейінгі Бақ.т2 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 66 – Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі Бақ.т3 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 67 – Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі Тәж.т1 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 68 – Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі Тәж.т2 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі




Сурет 69 –Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі Тәж.т3 «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша тапсырмалардың нәтижесі

**Бірінші тапсырма бойынша** Бақ.т1 8 оқушы ұғымдарға толық анықтама берді. Ал екінші бақылау тобының 28 пайызы ғана берілген тапсырманы орындай алды. Үшінші бақылау тобынан 20 оқушының тек 8-і жоғары деңгейді көрсетті. Бірінші тәжірибелік топтың 68 пайызы, екінші тәжірибелік топтың 74

пайызы, үшінші тәжірибелік топтың 78 пайызы ұсынылған ұғымдарға толық анықтама бере алды.

**Екінші тапсырма бойынша** әр оқушының өзінің бойындағы ізгілік қасиеттерін басшылыққа ала отырып, «Мейірімділік, сыпайылық, жауапкершілік қасиеттері бойынан табылады ма?» деген сұраққа жауап іздеу арқылы бағалау тапсырылған еді. Оқушылардың орташа есеппен 60 пайыздан астамы ізгілік қасиеттерінің өз бойларынан табылып, табылмағандығы туралы нәтижелерді көрсетті. Бұл қасиеттердің не екендігін толық жауаптар беру арқылы ізгілік қасиеттері ол оқушыға тән екендігін жауаптарынан аңғаруымызға болады.

**Үшінші тапсырма бойынша** бақылау және тәжірибе топтарындағы оқушылар үш қасиет бойынша тән таныс, туыс, достарының есемін жауап парағына жазып шықты. Неліктен сұрағына тәжірибелік топтың оқушылары толық жауап берген. Ең жоғарғы көрсеткіш көрсеткен екінші тәжірибелік топ оқушылары. Ал қалған топ оқушыларының жауабы орта, ортадан жоғары деңгейді құрайды.

Жоғарыдағыларды талдай келе, ізгілік қасиеттері туралы білімдерінің толықтырылуы үшін оқушылармен жұмыстар атқарылуы тиіс деген шешімге келдік.

***5. «Сөйлемді аяқта» әдістемесі. (Н. Е. Богуславской әдістемесіне бейімделген.***

«Сөйлемді аяқта» әдістемесі бойынша нәтижелер төмендегі 26-кесте мен 70, 71-суреттерде ұсынылған.

Кесте 26 – Бақылау және тәжірибе топтарының «Сөйлемді аяқта» әдістемесі бойынша эксперименттен кейінгі нәтижелері

| Топтар | Сөйлемді аяқтау | | |
|---|---|---|---|
| | Тұрақсыз көзқарас | Бейтарап көзқарас | Тұрақты көзқарас |
| Бақ.т 1 | 36% | 31% | 33% |
| Бақ.т 2 | 20% | 39% | 41% |
| Бақ.т 3 | 31% | 38% | 31% |
| Жалпы пайыздық көрсеткіш | 29% | 36% | 35% |
| Тәж.т 1 | 11% | 33% | 56% |
| Тәж.т 2 | 13% | 50% | 37% |
| Тәж.т 3 | 14% | 37% | 49% |
| Жалпы пайыздық көрсеткіш | 13% | 40% | 47% |




Сурет 70 – Бақылау топтарының «Сөйлемді аяқта» әдістемесі бойынша тапсырмалардың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижесі




Сурет 71 – Тәжірибе топтарының «Сөйлемді аяқта» әдістемесі бойынша тапсырмалардың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижесі

